



● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ



Архимед МҰХАМБЕТОВ:

Өңір әлеуеті жоғары

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов халық алдында есеп берді. Оның айтуынша, өңірде атқарылған ілкімді істер көп. Әлемді шарпыған қаржы дағдарысы Қазақ елін айналып өтпеді. Бірақ, мемлекет бұған төтеп бере алды. Мәселен, дағдарысқа қарсы бағдарламалардың арқасында елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайында елеулі өзгерістер болған

жоқ. Рас, тау-кен өндірісі азайды, өнеркәсіп өнімдерін өндіру деңгейі төмендеді. Мұның бәрі экономикаға елеулі әсер етері даусыз. Дегенмен, ахуал соншалықты ауыр емес.

Мемлекет басшысының бес институционалдық реформаны іске асыруға арналған Ұлт жоспарын орындау кең көлемде жүргізіле бастады. Бұл ретте дағдарысқа қарсы шаралардың бес бағыты көрсетілген Президенттің «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Жолдауы нақты басшылыққа алынғанын жақсы білеміз.

Есепті кезеңде өңір экономикасы едәуір әлсіреді. Мәселен, тау-кен өндірісінің көлемі 30%-ке қысқарды. Бұл шикізатқа сұраныстың кемуінен туындап отырған жағдай.

Алайда, бұл қол қусырып отыратын уақыт емес. «Варваринское» АҚ-да өндіріс көлемін тұрақтандыру үшін алдымен теміржол желісін іске қосу болды, соның арқасында кәсіпорында біршама алыс қашықтықтардан жеткізілетін басқа компаниялардың шикізаттарын қайта өңдеу мүмкіндігі туды.

СУРЕТТЕРДЕ: облыс әкімінің есеп беру жиналысынан көріністер.



● СҰРАҒЫМ БАР



Архимед МҰХАМБЕТОВ:

Өңір әлеуеті жоғары

← 1-бет. Қайта өңдеу секторында өнім көлемі 9,9%-ға төмендеді, яғни, бұрнағы жылдармен салыстырғанда 227,6 млрд. теңгенің өнімі шығарылды.

Бұған көлік құрастыру және азық-түлік саласы өнімдерін өткізудегі ауыр жағдай әсер еткенін айту ләзім. Отандық көлік құрастыру жағдайын тұрақтандыру үшін 2015 жылы Ұлттық қор қаражатынан 15 млрд. теңге бөлінді. Соған қарамастан жеңіл көліктер 33,3%-ке, шағын автобустар шығару – 66,7%-ке кеміген.

Азық-түлік өндірісінде де құлдырау байқалады. Бірақ, бұл да уақытша құбылыс. Құдайға шүкір, облыста азық-түліктің неше атасы өндіріледі. Гәп басқада. Шығарған өнім қоймадан аспаса, оның қажеті шамалы. Яғни, бұдан өндіруші кәсіпорын ғана зардап шегеді. Облыс әкімінің айтып отырғаны осы. Неғұрлым шағын және орта бизнес кеңістігін кеңейтсе, соғұрлым өндіріс өркендейді. Кәсіпкерлік аясы кеңейеді. Жұртқа жұмыс табылады. Салық молаяды. Өкінішке қарай, әзірге бұл іс шатқаяқтап тұр.

Сүт пен кілегей (32,4%), кондитерлік (29%) және шұжық (14,2%) өнімдері, сары май (14,8%) өндірісі кеміді. Тек, ұн (4,5%), нан (2,4%), ет және ет өнімдері (1,7%) өндірісі ғана ұлғайтылды. Металлургия өнеркәсібінде 10%-ға өсім тіркелді, яки, 41,1 млрд. теңгенің өнімдері шығарылды.

Индустрияландыру картасы аясында облыста бірқатар жобалар сәтті жүзеге асты. Солардың бірі – «ЕвразКаспианСталь» ЖШС металл илемдеу зауыты өткен жылы 276,3 мың тонна арматура шығарды. Бұл 2014 жылғымен салыстырғанда 3 есеге артық.

Алғашқы бесжылдықта облыста инвестицияның жалпы көлемі 116 млрд. теңгеге жетіп, жаңадан 77 нысан пайдалануға беріліпті. Осы кезге дейін 4,7 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылған. Қарап отырсаңыз, атқарылған шаруа аз емес. Өңір экономикасын дамыту үшін қазіргі бар байланыстарды кеңейту және жаңа сыртқы экономикалық байланыс орнату аса қажет іс.

Жалпы алғанда, облыс әлемнің 70 елімен сыртқы экономикалық байланысты жүзеге асырады. Бұл өте қомақты көрсеткіш.

– Өткен жылдың он бір айында өңірдің сыртқы саудадағы тауар айналымы 1718 млн. АҚШ долларына жетті. Соның ішінде экспорт 841,3 млн. АҚШ доллары, импорт – 876,6. млн. теңге.

Соңғы кездері Еуразиялық экономикалық одақ (52,6%) және Азия елдерімен (21,3%) неғұрлым тығыз, өзара іс-қимыл дамып келеді. Яғни, 2010 жылдан бастап шетелдермен арадағы айналым екі еседен асты. Қостанайдағы екі өндіріс ошағын жалғайтын теміржол түйігін салуға, Рудныйдағы цемент зауытының инфрақұрылымын жаңғыртуға және Арқалықтағы құс фабрикасы үшін қосымша екі млрд. теңгедей қажет, – деді облыс әкімі.

Ауылшаруашылық саласында да оң өзгерістер жоқ емес. Мәселен, өткен жылы агроөнеркәсіпті қолдауға барлығы 18,4 млрд. теңге бөлініпті. Бұл 2014 жылғы төлемдерден 17,2%-ке артық. Оның үстіне науқандық жұмыстар кезінде "Тобыл" ӘКК-нің кепілдігі бойынша «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы 6,5 млрд. теңге жеңілдетілген несие бөлініп, шаруаларға арзандатылған 148 мың тонна дизель отыны жеткізілді.

Жалпы, барлық шаралар тиісті агротехникалық іс-шараларды уақытылы және сапалы жүргізуге, бітік егін өсіріп оны ысырапсыз жинап алуға жағдай жасады.

Облыстың өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жан-жақты баяндама жасаған өңір басшысы жұртшылықтың көкейін тескен бірқатар сұрақтарға жауап берді.

Халық көкейіндегісін ашық айтты. Әкім де ел алдында еш қысылған жоқ. Барынша әділ әрі нақты жауап қатты. Мәселен, бос жатқан

● СҰРАҒЫМ БАР



жер телімдерін басқа бір заңды тұлғаларға жалға беру, елді мекендерді газдандыру, тұрғын үй құрылысы, жол сапасына қатысты өткір сұрақтарға тиісінше жауап берді. – Әрине, бүгінгідей қысылтаяң кезде бәріне бірдей қаржы жете бермейді. Мәселе шаш-етектен, оны бір күнде шешу әсте мүмкін емес. Бірақ, қол қусырып отыруға тағы болмайды. Әр іс кезең-кезеңімен жүзеге асады, – деді Архимед Мұхамбетов.

Ол екі жылдың бедерінде облыста сегіз елді мекен көгілдір отынмен қамтамасыз етілетіндігін мәлімдеді. Оған шамамен 11 млрд.теңге жұмсалмақ. Оның тоғыз миллиардын «ҚазТрансАймақ» бөледі, қалғаны облыстық бюджеттен қарастырылады. Газ құбыры алғашқы кезекте Федоров, Әуликөл, Аманқарағай, Қашар елді мекендеріне тартылады.

Облыста тұрғын үй мәселесі де толыққанды шешілген жоқ. Бүгінде облыс бойынша пәтер кезегінде 23 мың адам тұрса, соның тек 11 мыңы облыс орталығынан үй алғысы келеді.

Сондықтан, бұл мәселенің тиімді жолдарын қарастырған жөн. Архимед Мұхамбетов «Бәйтерек» ҰХБ-мен арнайы Меморандумға қол қойды. Сол арқылы Әуежай ауданы маңайында жалпы аумағы 82,5 мың шаршы метр болатын тұрғын үйлер кешені салынбақ. ERG компаниясы да Лисаков, Рудный, Қашар поселкесіне бірнеше үй салып бермек. Алдағы уақытта мұндағы 300-ден астам отбасы қоныс тойын тойлауы әбден мүмкін.

Ал, Жітіқара жылу компаниясы өз шығындарын жабу мақсатында облыс бюджетінен субсидияландырылатын болды. А.Мұхамбетовтың сөзінше, жітіқаралықтардың коммуналдық тарифі облыс бойынша ең жоғары, сондықтан кәсіпорын тығырыққа тірелген.

– Жітіқара бойынша проблема аз емес. Кәсіпорын жыл сайын үлкен шығынға батады. Сондықтан биыл бір айдан кейін жергілікті қазынадан 50 млн.теңге дотация береміз, – деді Архимед Мұхамбетов.

Әуликөл ауданына қарасты Диев ауылының тұрғыны орталықпен екі арадағы тас жолдың қашан жөнделетіндігін сұрады. Өйткені, көп жылдардан бері Диев ауылына апаратын тас жолдың жиырма бес шақырымы шұрықтесік. Әбден мүжілген. Облыс басшысы бұған қатысты әуелі жобалық-сметалық құжаттар әзірлеу үшін ақша қажеттігін алға тартты.

Жалпы, облыс басшысы алда тұрған міндеттерді де саралап көрсетті. Сөзінен түсінгеніміз, бір орында тұруға болмайды. Оған өңірдің әлеуеті толық жетеді. Иә, қордаланған мәселелер көп. Ол да бір күні шешімін табары сөзсіз. Ал, бүгін халыққа ең қажетті, маңызды шаруаны атқарған ләзім.

Облыс әкімінің кездесуінде жұртшылықтан жиырмадан астам сұрақ түсті. Көбісі келелі мәселелерді қаузады және соның бәріне толық жауап берілді. Екі сағатқа созылған есеп беру кездесуінде жауап беріп үлгермеген сауалдарға әкім жазбаша түрде үн қататындығын ескертті.

Облыс әкімінің есебіне ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедияұлы және Қазақстан Президенті әкімшілігінің бас инспекторы Талғат Әдуов қатысты.

Айтпақшы, есеп беру кездесуінің үстінде облыс әкімі жаңа халықтық акцияның тұсауын кесті. Естеріңізде болса, А.Мұхамбетов облысқа әкім болып тағайындалғаннан кейін, туған жерді көркейту, гүлдендіру мақсатында жақсы бір бастама көтерген болатын. Соның сәті енді келгендей. Әкім «Көркейе бер, Қостанай» атты жалпыхалықтық акцияның басталғанын жариялады. Яғни, Тобыл-Торғай төсінде туып-өскен әр азамат өз елін, жерін түлетуге барынша атсалысуы тиіс.

СУРЕТТЕРДЕ: облыс әкімінің есеп беру жиналысынан көріністер.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Мүлікті заңдастыру

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Мүлікті заңдастыру бойынша қалалық комиссияның кезекті отырысы өтті. Отырыста азаматтардан түскен 13 шағым қаралды. Барлық шағымға сай шешім де шығарылды. Отырыс әр аптаның жұмыс күндері өтеді.

Елімізде қаржы мен жылжымайтын мүлікті заңдастыру акциясы басталғанымен ұзартыла келе биылғы жылдың 30 қарашасында аяқталатын болды. Жалпы, бұл акцияны ұйымдастырудағы басты мақсат – шетелде жасырын сақталып келген қазақстандықтардың қаражатын елге қайтару және жылжымайтын мүлікті заңдастыру екендігі аян.

Заңға сәйкес заңдастыру үшін құжаттар биылғы жылдың қарашасына дейін қабылданады. Бүгінде әлі де үздіксіз өтініштер түсуде. Қалалық әкімдіктегі комиссия мүшелері тек еліміздің аума-



ғындағы жылжымайтын мүлікті ғана тіркеуге алмақ.

Осы уақытқа дейін комиссия мүшелері Қостанай қаласы өңіріндегі жылжымайтын мүлікті заңдастыру үшін азаматтардан түскен 1500 өтінішті қараған. 2382 нысан заңдастырылған.

Келушілер үшін қалалық әкімдікте қандай құжат қажет екені жөнінде барлық ақпарат ілінген.

Мүлікті жария етуге асығыңыз

Қостанай облысында мүлікті жария ету нәтижелері бойынша жария етуге 2324 өтініш келіп түсті:

– жалпы сомасы 2 420 млн. теңгеге 1 212 тұрғын объектісі;
– жалпы сомасы 5 825 млн. теңгеге 4 171 тұрғылықты емес объектісі,
оның ішінде жалпы сомасы 2 225 млн. теңгеге 470 коммерциялық объектісі;
– 415,5 мың теңге сомасына заңды тұлғаларға 7 қатысу үлесі.

Барлығы 3591 объект жария етілді, соның ішінде:

– жалпы сомасы 1 751 млн. теңгеге 675 тұрғын объектісі;
– жалпы сомасы 4 010 млн. теңгеге 2916 тұрғылықты емес объектісі,
оның ішінде жалпы сомасы 1 716 млн. теңгеге 262 коммерциялық объектісі.

Аумақ	Жарияланған объектілердің саны
Алтынсарин ауданы	16
Аманкелді ауданы	7
Әулікөл ауданы	1
Жанкелдин ауданы	6
Денисов ауданы	37
Жітіқара ауданы	134
Қамысты ауданы	3
Қарабалық ауданы	24
Қарасу ауданы	79
Қостанай ауданы	411
Меңдіқара ауданы	2
Науырзым ауданы	0
Сарыкөл ауданы	76
Таран ауданы	90
Ұзынкөл ауданы	117
Федоров ауданы	4
Қостанай қ.	2382
Арқалық қ.	157
Лисаков қ.	0
Рудный қ.	45

● ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Прокуратура органдарының 2015 жылы әлеуметтік-экономикалық салада жүргізген 1 059 тексерістің нәтижесінде 8 831 заң бұзушылық анықталып, 46 сот алды тергеу жұмыстары басталды, әртүрлі жауапкершілікке 3 000 тұлға тартылып, 15 243 азаматтың конституциялық құқықтары қорғалды. Прокурорлық ықпал ету актілері нәтижесінде мемлекет кірісіне 1 млрд. 204 млн. теңге өндіріліп, 964 млн. теңге көлемінде мүлік қайтарылды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында прокурорлық ықпал ету актілері негізінде 6 тұлға қылмыстық, 31 тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауда салықты төлеуден бас тарту және жалған кәсіпкерлік фактілеріне жол бермеуде жұмыстар атқарылды. "Қолма-қол ақшаны айналдыру" фирмалары мен жалған кәсіпорындардың қызметіне қарсы күрес саласында облыс прокуратурасымен 1,3 млрд. теңге көлемінде мемлекетке келтірілген зияны анықталған 2 қылмыстық іс қозғалды (1 іс бойынша айыптау үкімі, 1 іс бойынша тергеу жүргізілуде).

Мемлекеттік сатылымдардың заңдылығын тексеруде 2 мың заң бұзушылық анықталып, мемлекетке 14,9 млн. теңге өндірілді, 135 тұлға тәртіптік жауапкершілікке, 3 тұлға әкімшілік, 2 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Мысалы, Қостанай қаласы прокурорының талап арызы негізінде сотпен балабақша құрылысына бөлінген 526 млн.теңге көлемінде мемлекеттік сатылымдар туралы келісім-шарт заңсыз деп танылып, жойылды.

Прокуратура органдарының басты бағыттардың бірі азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау мәселесі болып табылады. Нақтырақ айтқанда, өткен жылы 400 млн. теңге көлемінде жалақы бойынша қарыз өндіріліп, 8 387 жұмыскердің конституциялық құқықтары қорғалды.

Мемлекет меншігіне жалпы аумағы 273 мың га 64 жер учаскесі қайтарылды.

Прокурорлық қабылданған шаралар нәтижесінде 6 961 кәмелет жасқа толмағандардың құқықтары қорғалып, 759 лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылып, мемлекет кірісіне 47,8 млн.теңге өндірілді. Сонымен қатар, 2015 жылы прокурорлық ықпал ету актілерін қарастыру нәтижесінде 421 кәсіпкердің құқықтары қорғалды. Мысалы, облыс прокуратурасының ұсынысы бойынша монополия субъектілерімен бизнестің дамуына кедергі келтіретін әкімшілік барьер жойылып, бизнес субъектілерінен негізсіз қаражат жинағаны үшін кінәлі лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

М.ТӨЛЕУБАЕВ,

Қостанай облысы прокурорының орынбасары.

Тобыл - Торғай ТЫНЫСЫ

Бензин бағасы көтерілмейді

Көктем мезгілінде бензин бағасы көтерілмейді. Оған әсер ететін себеп те жоқ. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде ҚР Энергетика вице-министрі Әсет Мағауов мәлімдеді. "Қазақстан нарығына бензиннің 30-35% Ресейден жеткізіледі. Сондықтан еліміздегі жанар-жағармай бағасының деңгейі солтүстік көршіміздегі көтерме бағаға тәуелді. Ресейде жаз айларында маусымдық баға көтерілулері болып тұрады. Алайда, айтарлықтай өзгеріс болады деп ойлаймын", – дейді Ә. Мағауов.

49 елді мекенді су басу қаупі бар

Қостанай қ. Облыста екі мыңдай адам тұратын 49 елді мекенді су басу қаупі бар. Осыған орай ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитетінің төрағасы В.Беккер аймаққа арнайы келіп, өңірді тікұшақпен аралап шықты. Биыл облыста қар қалың түсті. Облыс әкімдігінде шұғыл жиын өткізген басшылар қауіп төніп тұрған елді мекендердің басшыларына нақты тапсырмалар берді. Қазір арнайы штабтар құрылып, алдын алу шаралары қолға алынды.

Бүлдіршіндердің 90,9%

балабақшаға барады

Облыста. Бір жастан алты жасқа дейін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен қамтылған балалар саны 90,9% құрайды (республикалық көрсеткіш – 53,8%). Бүгінгі таңда облыста 71 мектептен тыс білім беру ұйымы жұмыс атқарады, қосымша біліммен қамтылған балалар саны — 55,7%. Облыста барлығы 31% балалар және жасөспірімдер қызығушылықтары бойынша балалар бірлестіктерінде Оқушылар үйлері мен Сарайларында, клубтарда, балалар спорт мектептерінде, өнер мектептерінде айналысады.

Жекеменшік балабақша ашпақ

Арқалық. Қалада 200 орынға лайықталған бір балабақша бой көтеруі тиіс. Білім ошағы кәсіпкерлердің жеке инвестицияларына салынбақ. Жергілікті билік аталмыш кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп, заң жүзінде барынша жәрдем көрсетуді жоспарлап отыр. Кәсіпкерлердің жоспары бойынша, жаңа балабақшалар жыл соңына дейін қолданысқа беріlmек.

Алиментшілердің қарызы

30 млн. теңге

Рудный. Қалалық прокуратура ІІБ қызметкерлері және мемлекеттік сот орындаушылардың басын ведомствоаралық жедел жиында қосты. Отырыста алименттерді өндіріп алу мақсатында қабылданып жатқан шаралар, борышкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелері қаралды. Қазіргі таңда рудныйлық алиментшілердің қарызы 30 млн. теңгеден асқан. Осылайша, 260 бала қамқорлықтан қағылып отыр. Оның 125-і балалар үйінде тұрады. Заңды міндетін өтеуден қасақана жалтарып жүрген азаматтар ішінде ең ірі көлемде қарызы бар 92-сі тізімге алынып отыр.

Бос құты кәдеге асады

Қостанай қ. Облыс орталығында босаған пластикалық құтыларды жинауға арналған контейнерлер орнатылды. Жиналған құтылар көршілес Ресейде қайта өңдеуден өтеді. Мұндай ерекше контейнерді Қостанай қаласы әкімшілігінің қолдауымен ақтөбелік "Азия утиль" ЖШС орнатты. Қазіргі күні қалада тек қана пластик құты жинауға арналған 80 контейнер бар.

Сапары сәтсіз аяқталды

Ұзынкөл. Қазақстан-Ресей шекарасындағы "Обаған-авто" нүктесінде 53 жастағы қазақстандық есірткілік затпен ұсталды. 1 келі 120 грамм марихуана және 150 грамм гашиш тіміскі қызмет итерінің көмегімен табылған. Тұтылған азамат нашакорлық заттарды Лисаковтан Түменге бағыт тартқан автобус арқылы алып өтпек болыпты. Есірткілер жекелей тексеру кезінде оның күпәйкісінің қалтасынан шықты.

● МӘСЕЛЕ



ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Зейнетақы төлемдері қалай төленеді?

Биыл Сіз еңбегіңіз сіңген демалысқа шығасыз ба? Құттықтаймыз! Енді Сіз кезінде уақыт пен күш жеткізе алмаған нәрселермен айналыса аласыз. Ал бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін ресімдеу машақатын азайту үшін Сіздің назарыңызға БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін ресімдеу тәртібіне қатысты ең өзекті деген сұрақтардың жауабын ұсынамыз.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне кімнің құқығы бар?

Белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдері түріндегі зейнет жасына толған соң міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығы БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар тұлғаларға тиесілі, атап айтқанда:

63 жасқа толған ерлер;

58 жасқа толған әйелдер (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жас, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жас, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жас, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жас, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жас, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жас, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жас, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жас, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жас, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63 жас).

Зейнет жасына толған соң БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу үшін қандай құжаттар керек?

Жалпы белгіленген зейнет жасына толған кезде зейнетақы төлемдерін алушы МЗЖ және МКЗЖ есебінен кесте бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш ресімдеу үшін ең жақын БЖЗҚ кеңсесіне бару керек. Жеке басын куәландыратын құжат түпнұсқасы мен зейнетақы төлемдерін аудару үшін алушының банк шоты туралы мәліметтерді өзімен бірге алып келеді. Сонымен қатар зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін құжаттарды алушы сенім білдірілген тұлға арқылы немесе пошта байланысы арқылы өткізе алады, толық ақпаратты сайттан алуға болады (<http://www.enpf.kz/11462>).

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш берген соң қанша уақыт ішінде зейнетақы төлемдері жасалады?

Құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес болған жағдайда, олар өткізілген соң он жұмыс күні ішінде БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін жасайды.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу кезеңділігі қандай?

Төлемдер кезеңділігін алушының өзі белгілейді – жылына бір рет, тоқсанына не айына бір рет.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы қалай есептеледі?

МЗЖ және МКЗЖ есебінен кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 ж. №1042 хаттамасымен бекітілген (10.12.2015 жылғы редакцияда) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары,

міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жасау қағидасына сәйкес есептеледі және төмендегі шамалардың неғұрлым жоғарысынан аспайды:

1) республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшері (2016 жылы Қазақстан Республикасының "2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" заңымен ең төменгі зейнетақы мөлшері 25 824 теңгеге дейін көбейтілді) және 774 720,00 теңгені құрайды (30*25 824);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 ж. №1042 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне (10.12.2015 жылғы редакцияда) сай зейнетақы жинақтары сомасының алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептелген шама. Алушының зейнетақы жинақтарының сомасы әйелдерде 8,224 млн. және одан көп теңге, ерлерде 7,402 млн. және одан көп теңге болса, осы есеп қолданылады.

Республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен кем болса, алушы зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын ала алады.

Төлем жасалған соң жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аз соманы құраса, бұл қалдық төлем сомасымен бірге төленеді.

БЖЗҚ белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін жыл сайын өз бетінше Қағида ережелерін ескере отырып қайта есептейді.

Банк комиссияларының мөлшері қандай?

Зейнетақы жинақтарын аудару, есептеу және төлеуге байланысты банк қызметтерінің ақысы БЖЗҚ қаражатының есебінен төленеді, бұған оларды айырбастау және шетелдік банктерде ашылған алушылардың банк шоттарына есептеу қызметтері қосылмайды.

Зейнетақы төлемдері қандай валютада жасалады?

Зейнетақы төлемдерін БЖЗҚ өтініште көрсетілген алушының банк шотына:

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде/банктік операциялардың жеке-леген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған банк шоттарына аудару кезінде тек ұлттық валютамен;

2) Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары шетелдік банктерде ашылған банк шоттарына ауда-

ру кезінде АҚШ долларымен, еуромен, фунт стерлингімен немесе ресей рублімен аударады.

Зейнетақы төлемдеріне жеке табыс салығы (ЖТС) салына ма?

Зейнетақы төлемдері – төлем көзіне салық салынатын табыс (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 160-бабының 3) тармақшасы). Зейнетақы төлемдерін алушыдан 10% мөлшерінде ЖТС міндетті түрде ұсталады. Мысал үшін төленуі тиіс және ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшеріне тең (30*25 824 = 774 720) зейнетақы жинағының сомасын қарастырайық.

Зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алушылар – БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері түріндегі табыстан салықтық шегерімдерге құқығы бар тұлғалар (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 170-бабы). Демек, ЖТС зейнетақы жинақтарының сомасынан шегеру ескеріле отырып ұсталады. ЖТС салынбайтын жинақ сомасы ағымдағы қаржы жылына белгіленген ең төменгі еңбекақының 12 еселенген мөлшеріне тең. 2016 жылы бұл көрсеткіш – 22 859 теңге, демек ЖТС салынбайтын сома – 274 308 теңге (12*22 859). 500 412 теңге (774 720 – 274 308) сомасындағы зейнетақы төлемдеріне ЖТС салынады. ЖТС мөлшері – 50 041,20 теңге (774 720 – 274 308) * 10%). Алушының банк шотына 724 678,80 теңге (774 720 – 50 041,20) мөлшеріндегі сома аударылады.

Сонымен қатар салықтық жеңілдіктер қолданылатын азаматтар санаты бар. Олар үшін ЖТС салынбайтын зейнетақы төлемдерінің сомасы (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 156-бабының 13) және 13-2) тармақшасы) республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген және тиісті қаржы жылының басында қолданыста болатын ең төменгі еңбекақының 55 еселенген мөлшерінің шегінде белгіленген (55*22 859 = 1 257 245 теңге).

Бұл тұлғалар:

- Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғалар;

- Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар;

- 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар;

- I, II, III топтардағы мүгедектер;

- мүгедек бала;

- "мүгедек бала" деген санаттағы адамның ата-анасының бірі, қорғаншысы, қамқоршысы – мұндай адам он сегіз жасқа толғанға дейін;

- "бала кезінен мүгедек" деген себеппен мүгедек деп танылған адамның ата-анасының бірі, қорғаншысы, қамқоршысы – мұндай адамның өмір бойына;

- асырап алған бала он сегіз жасқа толғанға дейін бала асырап алушының біреуі.

Кездесу аясында...

Гүлназым САҒИТОВА

Қазақстан Республикасы қызмет істері жөніндегі министрлігінің Қостанай облысы бойынша департамент жетекшісі, әдеп жөніндегі төрағасы Б.Беспалинов, жетекшінің орынбасары А.Досекенов Алтынсарин ауданында болып, мемлекеттік қызметшілермен, бюджет саласы мен аудан жұртшылығымен кездесіп, жаңа "ҚР-ның мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдары және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі, сол секілді мемлекеттік қызметке тестілеу арқылы орналасу, конкурс ережелері мен тестілеу бағдарламасындағы өзгерістер жайлы әңгіме қозғап, түсінік берді. Б.Беспалиновтың айтуынша, елімізде жаңадан қабылданған осы заңдармен, ондағы өзгертулер, толықтырулар мемлекеттік қызметті әрі қарай жетілдіруге, автономды кәсіби мемлекеттік аппарат құруға бағытталған, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оның белгілеріне ескерту шараларын қолдану болып табылады. Сонымен бірге департамент басшылары мен қызметкерлері Обаған селолық округінде болып, аппарат ұжымының қызметімен танысты. Ал, аудандық "Нұр Отан" партиясы филиалында тұрғындардың жеке сұрақтары мен өтініштері бойынша қабылдау өткізді.

Клуб құрылмақ

Өткен жылы еліміздің бірнеше облыстарында Қазақстан Республикасының хатшысы, Президент жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрайымы Г.Әбдіқалықованың қолдауымен саясаткер-әйелдер клубы құрылған-ды. Бұл клуб ең алдымен іскер әйелдер қауымдастығының жобасы болып табылады. Клуб құрылуының себебінің бірі сол, бүгінде іскер әйелдер қауымдастығының міндеті өзгеріп отыр. Алдағы уақыттарда қауымдастық атап айтқанда, қыз-келіншектерге бизнес жұмысында қолдау көрсету, отбасылық бизнесті құруға көмектесу, әйелдер жұмыссыздығын болдырмау секілді басымды жұмыстарға мән беретін болады. Ал, клубтың басты мақсаты – әйелдің саяси мәртебесін жоғарлатып, көшбасшылыққа даярлау, уақыт талабына сай бәсекеге лайықты, мемлекеттік және қоғамдық-мемлекеттік басқаруға ұсыну үшін резерв кадр даярлау. Сондықтан да облысымыздағы "Іскер әйелдердің қауымдастығында" өткен саясаткер-әйелдер клубының сараптау тобының мәжілісінде ҚР Парламент Мәжілісі 5-шақырылымының депутаты И.Аронова қатысып, клуб туралы өзінің ой-пікірін айтты. Бүгінгі таңда қыз келіншектер барлық салада жұмыс істейді. Соның ішінде шағын және орта бизнес, қаржы саласында қыз-келіншектеріміз көптеп саналады, дегенмен қоғамдық-мемлекеттік басқаруда басшы, жетекші әйелдеріміз бар, бірақ аз екен.

Мәжіліс барысында облысымыздың іскер әйелдері, облыстық, қалалық мәслихаттың депутаттары, мысалы, Л.Мацупа, Р.Бектұрғанова, М.Бут, Р.Ғайсенова, К.Әбдірахманова сөз сөйлеп, клуб құрылғанда, оның атқаратын міндеті, мақсаты қандай болмақ, клуб дербес әлде іскер әйелдер құрамында, болады ма? Қаржылық жағы не? Клуб құрылатын болса, неге жастарды тартпаймыз, олар қашанда креативті, шығармашыл деген ұсыныстары мен ойларын жеткізді.

Бел-белестер

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қазақстандықтар үшін айрықша оқиға. Осыған орай аудандық Қ.Жармағамбетов атындағы кітапханада Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған "Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы" атты басқосу өтті.

Бұл жолы жас ұстаздар тәуелсіз еліміздің, туған топырағымыздың тамыры терең бай тарихымен тереңрек танысты. Сонымен қатар "Тәуелсіздік – таң нұры" атты кітап көрмесі қойылды. Көрмеге Елбасының "Тәуелсіздік белестері", "Тәуелсіздік шежіресі", Ш.Елеукевтың "Тәуелсіздік биігінен", М.Қозыбаевтың "Киелі Тәуелсіздік", М. Жолдасбековтың "Тәуелсіздік тағылымы", Ә.Нысанбаевтың "Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм" кітаптары қойылды. Тәуелсіз Қазақстанның бел-белестері, бүгінгі жетістіктері және жарқын болашағы туралы деректер мен құнды кітаптар да көрмеден орын алды. Біз кітапхананың иелігіндегі қордан тақырыпқа байланысты кітаптарды, материалдарды келушілердің назарына ұсынуға тырыстық. Олар – еліміздің мемлекет болып нығаюы кезеңімен, еліміздің тарихымен, Қазақстан халықтарының мәдениетімен тығыз байланысты кітаптар. Көрменің негізгі идеясы – қазақ мемлекетінің сан ғасыр бойы қалыптасу тарихындағы уақыт пен ұрпақтар сабақтастығын көрсету.

В.БАТЫРОВА, кітапханашы.

Жанкелдин ауданы.

● РЕДАКЦИЯДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

"Өшпес даңқ" – ерлік шежіресі

Қостанай қалалық ардагерлер кеңесі "Шығармашылық отау" клубының алғашқы мәжілісінде белгілі журналист-жазушы, "Қостанай таңы" газеті Бас редакторының бірінші орынбасары Сәлім Меңдібаевтың "Өшпес даңқ" кітабының тұсауы кесілді

**Нұрболат
МЕШІТБАЕВ**

Бұл мәдени шараны кітап авторымен ұзақ жылдар бойы бірге қызмет істеп, әріптесі болған сатирик жазушы Ғұмар Ахметчин жүргізді. Ол жиналған қауым алдында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укинді, кітаптың шығуына демеушілік көрсеткен Өмірзақ Ихтиляповты және кітап авторын ортаға шақырып, салтанатты түрде кітап бумасының лентасын қидырды.

Содан соң "Өшпес даңқ" туралы алғашқы ой-пікірін білдіруге "Қостанай таңы" газетінің Бас редакторы Жанұзақ Аязбеков шығып сөз сөйледі. Ол сондай-ақ, аты аталған кітаптың редакторы да еді.

– Бұл кітап автордың ұзақ уақыт бойы жиған-терген еңбегінің жемісі. Былтыр Жеңістің 70 жылдығына орай газет редакциясы өңірдің барлық қала, аудандарын аралап, оқырман қауыммен жүздесті. Сонда кездесуге келген ардагерлер газет бетінде Ұлы Отан соғысы жайында, оған қатысқан жауынгерлердің өмірі туралы мақалалар топтастырылса деген өз ойларын жеткізген еді. Міне, осы пікірді ескере отырып, жыл аяғына дейін басылым бетінде әр түрлі мақалалар мен майданнан жазылған хаттарды үзбей жариялап келдік. Бұл материалдарды топтастыруға Сәлім Меңдібаевтың ерен еңбегі бар. Ол алдымен "Қостанай таңы" газетінде қызмет істеген соғыс ардагерлері туралы жазды, – деп Сәлім Меңдібаевтың шығармашылық қарым-қабілетіне, игі істі бастап, одан әрі оның қалай жалғасқандығына, кітап шығару идеясының тууына не түрткі болғандығына кеңінен тоқталды.

– Сәлім інімнің бұл жинағының қалалық ардагерлер кеңесі үйінде тұсауы кесіліп жатқандығы бекерден-бекер емес, – деп сөз бастады облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин. – Біз бұған дейін ардагерлерге қатысты бірнеше том-том еңбектерді шығардық. Міне, Сәлімнің бүгінгі еңбегі де сол игі іске қосқан өзінің көз майын тауысқан үлесі. Бұл тек біздерден кейінгі толқынның ғана емес, болашақ жас ұрпақтың санасында қалатын туынды. Кітапта есімдері ұмытыла бастаған боздақтарымыз қайта жаңғырып, олардың Отан үшін жанын қиған ерліктері жаңа бір қырынан баяндалады. Тіпті, олардың немере, шөбере, шөпшектерінің бабасы туралы тебірене жазған мақалаларын түзеп, топтастырып жарыққа шығаруының өзі автордың қаншалықты еңбек еткендігін бірден байқатады. Бұл өзі тұтастай бір ғасырдың жүгін арқалап тұр десе де болады.

Кітап туралы тағы бір тұшымды әңгіме айтқан облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Жәнділде Мақанов та автордың еңбегін жоғары бағалады.

– Облыстық ардагерлер ұйымы мен архив және ішкі саясат басқармалары былтырдан бері осы тақырыпқа байланысты бірнеше игі дүниелер атқарды. Ал, бүгінгі Сәлім Меңдібаевтың "Өшпес даңқ" туындысы соның бір жалғасы іспетті. Мұнда автор тек өзі ғана баяндап бермейді, редакцияға жолданған әрбір хат иесін де сөйлетіп, олардың ой-пікірін берген. Сол бір зұлмат жылдардың көрінісін, Кеңес әскерінің ерен ерлігін, ірі-ірі тарихи жеңістерін әңгімелейді. Бұл болашақ ұрпаққа керек құнды кітап. Тұтас бір дәуірдің шежіресі, – деп Жәнділде Қожахметұлы авторға алғыс айтып, шығармашылық табыс тіледі.

Бұдан кейін автор туралы, кітап жайында пікір



"Өшпес даңқ" кітабының тұсаукесері (солдан оңға қарай): облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Үкіұлы, кітаптың автор-құрастырушысы Сәлім Меңдібай, кітаптың демеушісі Өмірзақ Ихтиляпов және Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Ғұмар Ахметчин.

● Оймақтай ой

...Кітап бүкіл бір дәуірдің жүгін көтеріп тұр! Бір автор емес, бүкіл Дала сөйлеп тұр! Аталардың рухы күңіреніп тұр!

Қасымхан АЛДАБЕРГЕНОВ.
Қарт қаламгер, соғыс ардагері.



Кітап редакторы Жанұзақ Аязбеков "Қостанай таңының" кітапханасы" сериясымен шыққан осы кітап туралы сыр сабақтады



Кітаптың тұсаукесері өткен залдан көрініс

айтқандардың ішінде Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы, "Қостанайские новости" газетінің редакторы Сергей Харченко да болды. Ол Сәлім Меңдібаевтың журналистік, жазушылық қабілетін ғана емес, адамгершілігіне, кісілігіне тоқталды. Ал, Меңдіқара ауданының құрметті азаматы Оралхан Таңжарқов автордың қандай да бір тақырыпты жазса да, түбіне терең бойлап зерттейтіндігін, өз ісіне адал қарайтын жан екендігін сөз етіп, кезінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа бата берген ақсақал, соғыс ардагері Исахмет Бекбосынов туралы әңгімелеп, сол кісінің өмір жолы мен еңбегі кітапта жазылғандығына тоқталды.

Кітаптың демеушісі, Науырзым ауданының құрметті азаматы Өмірзақ Ихтиляпов та өз пікірін жеткізіп, "мәселе кітапқа кеткен қаржы шығынында емес, ол кітаптың құндылығына, келер ұрпақты тәрбиелейтін қасиетіне байланысты. Кітапты оқып отырғанда, әр жазбасынан Сәкеңнің адамгершілігі, кісілік келбеті көрінеді. Өз кейіпкерлерін сөйлеткенде де алдымен адамгершілік бағыт мәнмұндалайды", – деп автордың шығармасын жазарда қандай нысананы көздегендігін айтты.

Ал, қарт қаламгер, абыз ақсақал, Ұлы Отан соғысының ардагері Қасымхан Алдабергенов:

– Маған салсаңыз, Сәлім Меңдібаевтың "Өшпес даңқ" атты кітабын кешегі Кеңес одағы халықта-

● Оймақтай ой

...Өз басым аталмыш кітапты тарихты қас-терлеудің, ерлікке тағзым етудің, жеңімпаз ұрпақты ұлықтаудың үлгісі деп қабылдадым, өзгелердің де осылайша бағаларына сенімім көміл.

Пиалаш СҮЙІНКИНА,
ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері.

рының Ұлы Отан соғысында бастан кешкен, жеңіске жеткен қаһарлы жолының, тыныс-тіршілігінің, ұлттық болмысының ЭПОПЕЯСЫ дер едім, – деп өз ойын жеткізді.

Тұсаукесерде Аманкелді Нұрғалиев, Сәлім Қайыров, Төлеген Шоланов, Сапабек Хамитов, Бауыржан Тебеев, Нұрлыбек Халықов және басқа да азаматтар ағынан жарыла пікір-ұсыныстарын айтты.

Расында да, "Өшпес даңқ" кітабы тұтас бір ғасырдың жылнамасы іспетті. Бұл туралы автор кеш соңында әңгімелеп берді. Саналы ғұмырында тұңғыш рет кітабының тұсауы кесіліп жатқандығын, бұған дейінгі жылдарда жарық көрген он шақты туындысының мұндай салтанатпен өтпегендігін айтты.

– Бұл ғұмырымда алғаш рет өтіп отырған шара ғой. Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Юрий Харьяков хабарласып, "кітаптың тұсаукесерін өткізсек қайтеді" деп ұсыныс жасады. Сол кісіге алғыс айтамын. Өйтпесе, табиғатымнан мұндай дүниеге жоқ адаммын ғой – деп Сәлім Меңдібаев ағынан ақтарылып, кітаптың дүниеге келуіне түрткі болған жайттарды айтып берді.

Тұсаукесер кешінде журналист, әнші, жыршы Қыдырбек Қиысханұлы өнер көрсетіп, Сәлім Меңдібаевтан төлім алып жүрген жас қаламгерлердің де тілегін жеткізді.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● КЕЛБЕТ

Қазақтың көрнекті ақыны Серік Тұрғынбекұлы – 70 жаста



лыққа қой! – деді жүрегі бұлқынып, тымырайған күйі. – Әрине, мені мықты дер!..

– Жок! Жо-оқ! – деп орнынан шоқ басқандай ыршып тұрды Серік. – Мен мықтымын! Балалар, әсіресе, қыздар мені мойындайды!

– Кеттік онда! – деді Кеңшілік есікті жұлқып ашып. – Нұрхан ақыннан сұраймыз! Сол кісі ғана біледі... кімнің мықты екенін. Кеттік, нашар ақын!

Екеуі салып ұрып Торғай қаласының қырат-тау тұсындағы жатаған үйге жетіп келді. Бұлардың алқам-салқам күйлеріне қызыға қараған Нұрхан (Ахметбеков) қария:

жолғы дауы нешік екен?... Дөп баса алмай отыр.

– Ал, Торғай ақындығының жас перілері! Шаруаларыңды айтыңдар? – деді Нұрекең көз қиығымен сыр аңғармақ боп. – Мен өлеңімді он жасымда жетім күйімде бастағам. Сендер сондағы менен едәуір ересексіндер ғой! Әжептәуір танылып та қалдыңдар!

Екеуі қып-қызыл боп кетіп, бір-біріне қысыла қарады... Кеңшілікке бұзықтау бір ой келе қалғаны: "Нұрхан мен Серік Тосын құмында туған. Қазір оны мықты ақын қылады!" Серік те тымырайып, үнсіз бүкқан. Досының әлгіңлегі

қан күйінде Нұрхан ақын да өткен өмірден. Оның қабірінің басында әлгі үш балауса ақындар да көз жастарын бұлап тұрған... Араға он үш жыл салып дәл осындай дімкәстіктен жаны күйзеліп, торыққан қазақтың тағы бір ақтангер ақыны Қайнекей Жармағамбетов Алматыдан еліне шипа іздеп қоныс аударып келіп, туған жерінің саф ауасын соңғы рет қарпып жұтып, мәңгілікке жөнеле бергеніне де әлгі танымал ақын боп қалыптасып қалған үшеуі де куә бол-

Эссе

Аманатқа -

Қайсар ӘЛІМ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

– Пәлі, мықты ақындар келіп қалды ғой! – деп төрге шығарып, жазу үстеліндегі қоқыраған қағаздарына бірауық сүзілкіреді де езуіне күлкі үйіре отырып, екеуін әңгімеге тартты. Дұрысында өзі ұзын-сонар сөз бастап кетті. Торғайдың ақындық мектебінің бастауында тұрған Жұмабай Шалабайұлынан бастап Есенжол Жанұзақұлы, Сейдахмет Бейсенұлы, Құбаш Шалбайұлы, Әбіқай Нұртазаұлы, Күдері Жолдібайұлы, Қашқынбай Қазұлы, Әбдірахман Иманқұлұлы секілді айтулы тұлғалардың өмірінен үзік-үзік сыр тарқатып, олардың маржан шумақтарын әрегідік жатқа соғып жібереді. Мына сарыуыз балапандар ертегі тыңдағандай елітіп, кейде есенгіреп кететіндей... Нұрхан аталары жай емес, қүйыннан жаратылған, ішіне құйма жыр толтырылған бір алып адамдай боп, көз алдарында зорая түседі. Аузынан төгілген лағыл өлеңдерінің кейбір тұсы миларына кірмей, бармақ тістеп қалатындай. Сөзін ойлап айтпайтындай, сөзбен ойнап отырғандай бір дүлей рух иесі екен. "Шайтанмен шатылған шайыр дерсін!"

– деп Серік сыбыр етіп, ауыз әдебиетінен оқыған осы сөзін Кеңшілікке айтпақ болып еді. Мәссаған, анау көзін жұмып, теңселе ырғалып, ішкі көрігімен әлдебір дыбыс күйлегендей боп, әбден мауығып алған. Тізесін тізесімен түртіп көріп еді, сезетін емес. Ернін шұршитіп, басын изелеп, қос иығын селкілдетіп қояды. "Мынау бүгін осы үйден мықты ақын атанып шығатын болды-ау!" – деген үрей билеп алды Серіктің бойын... Өзі де манадан бері тағатсызданып, бірақ Нұрхан атасының мысынан именіп, әрең төртгіттеніп отыр еді, енді аттын басын жіберіп, Кеңшіліктен бетер әуеде қалықтағандай боп тым әсершіл сезімге бөленіп кетті...

Нұрхан ақын сөзін сөйлей отырып, жас перілерінің аңысын білдіртпей андап, бұрыннан балаң жырларымен етене таныстығына сайып, келешек жыр-ғұмырдың қиын тағдырынан өміршең тамаша сәттерін жақұттай сүзіп алып, "дариға-дәурен-ай! Сендердің пешенелеріне неткен сұлу поэзия бақыты бұйырғалы тұр!" – деп іштей төңтіленіп, асқақ арман демеуімен орнынан ұшып тұрды. Бұл бозөкпелердің балауса өлеңдерін талай рет жатқа оқытып, тамсанып тыңдаған. Осы қазір қос пыраққа қамшы салып жіберсе, жосыла көсілтетінін және сезеді... Жәй келмегендерін де аңғарады. Қит етсе өлеңмен таласып қалса, өзіне кеп жүгінеді. Бәтуа, байлам сұрайды. Бұл ұлы мәмілегердей екеуін әманда татуластырып жібереді. Осы

құйын тұрғандай қып өлең оқығаны жүрегін шаншытып жіберген-тін. "Осы мықты атанып кетер-ау!" – деп қыпылықтайды.

– Осы сендер Торғайда Ахмет пен Міржақып сынды алып ақын аталарың болғанын білмейсіңдер ғой. Бұға-бұға бұқпантай өмір кешіппін... Жасым еңкейгенде, өз аузымнан ең құрығанда, есімдерін аманаттап кетейінші! Құс екеш құс та балапанның аузына нәр салмай ма? Мен де сендердің... Түбі, оларды оқымай, өрістенбейсіңдер!..

"Не деп кетті? – деп күйінді Кеңшілік. – Ылғи ығай мен сығай ақындар! Біз ше?.." Серікке ұрланып қарап еді, ол "мықты ақынмын" дегендей, маңғаз отыр. Секем алған Кеңшілік: "Тұра тұр, менен асып кетпессің!.." – деп одан бетер төкөппарлана қалды.

Мыналардың бірденені бүлдіргелі келгені айқындала бастағандай. Соны сезген Нұрхан әңгімесін әдейі әріге салды. Қайнекей, Сырбай, Ғафу секілді есімі елге мәшһүр ақындардың жырларын тәмсілдеп, арасына өзінің моншақ түзілімдерін қоспап, арқалынып тыйылмады. Осындай-осындай мықтылар күллі қазақ поэзиясының туын желбіретеді деп те жалын күдірейтті.

– Бірақ бір ғажабы, сол дарагөйлердің "мен айтулы ақынмын!" – деген астамшыл сөзін естімеспін! – деп Нұрекең бұларға жымыя қарағанда, бозөкпелер жерге кіріп кете жаздады.

– Аға, біздің мектепке баратын уақытымыз тақап қалып еді, – деді Серік қымсынып.

Кеңшілік те басын изеп жинала бастады.

– Шаруаларың болса, келіп тұрыңдар! – деді Нұрекең терең ойға батқан кейіппен. – Ақын ата-бабаларыңның жолын берсін! Жас талант, тас тұяқсыңдар ғой, жарқындарым! Соларға ұқсап бағыңдар! Сендердің мықтылықтарыңа мәз бола берейінші! Анау Серікбай деген құрдастарың да өздерің сияқты тәуір ақын боп қалыпташып келеді. Әсіресе, жақсы адам бола біліңдер!..

Өзінің мықты ақын екендігі туралы "ләммин" демеді. Онсыз да Нұрхан Ахметбековтің 1943 жылы Алматыда өткен тұңғыш республикалық халық ақындарының айтысын суырып салып ашқандағы тапқырлығы мен шешендігін ел іші айырықша бағалайтын. Ел аузындағы "Есім сері", "Жасауыл қырғыны", т.б. дастандары – ұлттық өлмес мұралар қатарында дараланатын.

... Жылдар өткен жылыстап. Қарт Торғайда сал ауруынан азаптанып, тілсіз, қимылсыз жат-

қан еді... Сол жолы ол астаналық тұрағынан бай кітапханасын да көшіріп әкелген-тін. Шіркін-ай, сол кітапхананың қызығын бұлар көрудей-ақ, көрген! Қайнекей ағалары өз қолымен Ахметтің, Міржақыптың, Мағжанның өлең кітаптарын үйінен қамап шығармай, бұқпантайлатып қойып оқытқанын сірө, ұмытар ма, бұлар?!

Аманаттар орындалады екен, ұстаздарының ісін шөкірттері іңкөрілкен жағастырады екен!..

* * *

Телефонның арғы жағынан Күланда Бөкшева апасының зіркіл аралас өміршіл дауысы естіле бастады. Серік мұндайда өзілін шапактап, жеңіл құтылатын. Апасының мына жолғысы басқаша арындап бара жатқандай. Күллі қазақ мұңын жүрегіне жүк қып сүйрейтін нағыз тарихшыл, мәдениетшіл, рухшыл осы апасының көкейкесті ұсыныс-пікірлері жасы ұлғайған сайын тіпті үдеп, үстемеленіп барады. Халық қамына қамыққаннан айтатынын да жалғыз Серік емес, былайғы зиялы қауым өкілдері, жалпы ел-жұрты парасатпен пайымдай біледі. Бүгінгі қазақтың мақтантұтарлары Мырзатай Жолдасбеков, Қойшығара Салғараұлы, Төлен Әбдіқұлы, т.б. Күланда апаның кесімді кеңестеріне ықыластанға құлақ түретін. Әсіресе соңғы екеуіне өзімсініп жекіп-жекіп алатын. Әбіш, Фариза, Ақселеулер де ол кісіні сөзге тартып, өмір дөні, уақыт мәні тұрғысында ойларымен бөлісуге құштар-тын.

– Әй, Серік! Сен не бітіріп жүрсің осы! – Күланда апасы телефонда болмай, қасында тұрса шапалақпен жағынан тартып жіберетіндей боп, қаһарына міне бастады. – Не бітіріп жүрсің деймін! Ахахау, екекеу!..

– Апа-ау! Не бүлдіріп қойдым?

– Осы сен, өмір бойы мүйізі қарағайдай сазгерлермен мидай араласып жүрсің ғой! Шәмшіден бастап, Қабылахат, Әсет, ылғи ығай-сығайлар сенің ақындығыңа бас игенін білем! Сырбай мен Ғафуды былай қойып, саған ән мәтінін жазғызып алатын еді. Білем, Кеңшілік өзінің кесірлік ұстанымымен ән сөзін әдейі жазбай кетті... Сенің сазгерлермен шығармашылық ғажап, сәтті одақтастығыңа мақтанамын. Ол жағын өзің түсінесің. Ал енді...

– Ал енді... Не істеуіміз керек, апа?

– Тыңда сен! Көшедегі қыз-қырқынның соңынан телміріп қарағыштай бергенше, сол өзіндік болмаса да, өзгенің ән сөздерін неге дұрыстап сүзгіден өткізіп, жөн қалыбына салмайсыңдар, осы!

– Нақты қандай ән жөнінде, апа!

– Халық әні "Бір бала" туралы. Оның атауы "Бір ғана" болуы керек! Ал қайырмасындағы "Бір бала-ай" тиісінше "Бір ғана-ай" боп түзетіліп айтылғаны жөн! Әбіқайдың Ахметханынан

ЕАРЫ Серік аңқаулау. Сенгіш. Сезімтал. Көп баламен сирағын жалтылдатып жүгіріп келе жатып, кенет кілт тоқтап, аузын ашып, басын әнтек қисайта қоятыны бар. Аяғына жем түскен тарпаңдай тежеліп қалады. Түйемойнақ ауылының сыртқы қапталын бұйралаған шағыл құмнан әредіктегі көкмайсалы жазықты қызғалдақтар өрттей қып бояп тастаған екен... Соған енгігін баса алмай, өкпесін қағып ұзақ-ұзақ телміреді. Көз ұшында қызыл теңіз жайқалып жатқандай. Теңіз бұған таңсық. Әйткенмен, қызыл құмның түйелі өркештері кітаптан оқып білген теңіз толқындарындай сағыммен тулап-ақ жатқаны... Сол сұлулық өзін ынтықтыра елітіп, дегбірін алған екен, қуғыншыдан қашқандай жүгіре жөнелді. Үйірінен жерінген саяқтай дүбірлетіп салып барады. Қызғалдақ қыраттың етегіне іліккенде, көздері еркіннен тыс шыланып кетті... Артына жалт бұрылып еді, манағы тұрғыластары жым-жылас. "Е-е-ей! Менің қарасирақтарым! Қайдасыңдар? Жетсеңдерші мында! Құмнан басқаны көрмегендерім-ай! Келіндерші, қызғалдақ теңізіне бірге шомылайықшы!" – деп қос қолымен аузын созбалап, дауысын кернейлетіп тұрып алды...

Кешкісін өрістен қайтқан малды жайғаған соң, тұтас ауыл ал кеп дүрліксін. Серік жоғалыпты... Құрбылары зар еңіреп жүр. Түн қойыны тінтілді. Түк белгі жоқ. Таң елең-алаңда сүзгіншілер қызғалдақ қыраттың ортасында тырынып ұйықтап жатқан Серікті тауып алды-ау, әйтеуір...

– Алланың ісі бұл, тегін емес! – деп туысқан ағасы көңілі бұзылып, еңкілдей түсіп, сабасына әрең түсті. – Тегін емес!.. Табиғатқа тартқан бала бұл! Қызғалдақ ғұмыры басталды дей беріңдер! Енді оның елге тарап үлгерген екі-үш ауыз өлеңі одан бетер тасқындап, тулай түрленіп, тынысы кеңіген теңіздей сапырылады әлі, жүректерді жібітеді, көңілдері елігіп, егілтеді... Бір Аллам жар болсын! Қане, шошымасыншы, еппен көтеріп, ұйқысын аштырайық! Қызғалдаққа малынған Секентайым-ай! Ақындық өрісін өркенді болар ма екен? Көз тимесіңші!..

Бала у-шудан көзін ашып алып, орнынан атып тұрды. Теңселіңкіреп, күн нұрына малынған қып-қызыл қызғалдақты аймаққа қомағайлана, құмарта сүзілді.

– Қызғалдақтарым! Мені неге қол бұлғап шақырып алдыңдар?! Сендер кімсіңдер? Ә-ә, өлең екенсіңдер ғой! Өмірлік өлеңімсіңдер!.. – Серік бала зеңгір аспанды құшақтағысы келгендей, қос қолын көкке сауа көтеріп, күбірлеп қоя берді. Сәлден соң көзі жайнап, қуана сөйледі. – Ақын болғым келеді! Қалай болам, ә? Ақын деген кім өзі?.. Ақындар қызғалдақты жырлайды ғой... Қыздарды да жырлаймын мен!..

Қаумалап тұрғандар әртүрлі ойға батып, кейбірі: "бұл баланы шалық шалған шығар", деп, естірте сыбырлап, күмілжи қиналып, өлеңшіл өскінді қақпақылдап өзінің ала тайына қонжытып, тезірек ауыл жаққа бет қойды.

* * *

– Кеңшілік, сенен бірдеңе сұрайын ба?

– Әрине, білімдіден ғана сұрайды ғой!..

– Екеуміздің қайсымыз мықты ақынбыз, ә? – деді Серік көзін жыпылықтатып, назарын төмен сала.

Кеңшілік ернін жымқырып, бұған одырая қарады. Панданғанда танауы қусырылып, көзі жіпсініп, көкбеттеніп кетеді екен. Дауысын кенеп:

– Мұндай сұрақты маған қойма, ха-

артық ешкім сөз қадірін түсіне қоймас, асылық болмасын, сол шешен ағамыздың аузынан осы төңірегінде талай естігем. Естігендерімді сендерге аманаттап кетпей, көрге қалай мұнсыз түсем, шіркіндер-ай!

Серік жауабын жедел сайлап алу үшін, сәл тосылып, үнсіз қалды. Құланда апасы осы тектес ескертпелерін Алматыға беделді телеарнаның арнайы шақыртуымен жүргізілген хабарда да тігісін жатқызып, орынды сыналап айтқанды. Ұсыныстары музыка зерттеушілері тарапынан да құба-құп алынған. Ол кезде Серік Қазақ телевидениесінің әдеби-драмалық хабарлар бас редакциясының редакторы еді. Бұл мәселе бір жағы өзіне де тікелей қатысты болған соң, біраз сараптамалық дау-дамайға қатысып, жөндем-дегендей болып еді. Бірақ әуелгі ән сөзіндегі қателік сол екпінімен кейінгі басылымдарда да жалғаса түсіпті.

Құланда апасының тағы бір шаршамай қаузап жүргені – "Айналайын Торғайым!" өніне қатысты боп келеді. Қазір соны да қайта қаула-та ма деген күдікпен ол жағын да електен өткізіп, жауабын әзірлеп алса, артық емес. Осы ойын телефонның арғы жағындағы апасы сезіп қойғандай боп, дауысын көтеріп, тұтқа түбін де тықылдатып, белгі беріп жатыр:

– Айта-айта шаршадым ғой. Анау Алтынбай Сейіткасымов сөзі мен өнім жазған "Айналайын Торғайым!" тағдыры сонымен тәмамдалды ма?



– Автордың келісімімен бір топтың орындауында "Айналайын туған жер!" боп шырқалып келеді, апа. Талай айтылды, бірақ қайран жоқ...

Апасының тулағалы тұрғанын оның үнсіз қалғанынан сезіп, Серік қыпылық атты. Басу айтысуға жеткізбеді, арғы жақтан қайраққа жанылғандай ащы дауыс жүйкесін қарып жіберді.

– Пәтшағарлар! Сонда немене, "Жарқын болсын келешегің, Айналайын Торғайым!" – деген сөз кімнің көңіліне жақпай қалған екен, ә?! Соңғы буынын "Айналайын туған жер!" – деп сып еткізіп өзгертіп ала қойғаннан кімдер ұшпаққа шығыпты, ә?! Саған айтам, Серікжан! Сұрауы кімнен? Халықтың мықты ақыны ретінде сен осындай басбұзарлыққа тосқауыл бола білуің де керек! Сенің өңге жазылған өз сөздерің де жетіп артылады! Мінсіз, талантпен қырналған! Оны білем ғой! Бірақ бұл жерде жершілдіктің еш нышаны жоқ! Туған жерді асқақтатып ән-жырға қосқан қаншама туындылар еліміздің рухани байлығына айналған десеіші. Мысалы, өзің білесің, Мойынкүм, Алтай, Алматы, Жетісу, Жайық бойы, оңтүстік өңірлер, Қостанай, Аякөз, т.б. аймақтар, аттары аталғанда жан-жүректі шымырлатпай ма? "Айналайын Торғайым!" десе, аспан айналып жерге түсіп кете ме, түгі!?

– Апа-ау, енді...

– Қой, апалай берме! Осы айтқандарымнан әлі де бірдене шығар! Сен жай ақын емессің ғой, халқын сүйіп, аса қадірлейтін мықты ақын-сың! Тіл тағдыры – халық тағдыры екенін менен артық түсінесің! Менікі, әйтеуір, дем беру ғой! Әлі қаншама, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің көп болып жанашырлық тұрғысынан ойланарлық тұстары жетіп артылады. Жеңіл мәлдіңді өңдер кейде жүректі шайлықтырып, мезі етеді. Саф алтындай халық өңдерінің інжу-маржандары неге сирек естіледі? Сіз, біз боп шешпесек, Міржақыпша айтқанда, сырттан біреу келіп шешіп бермейді, шырағым!

Серік телефон тұтқасын орнына қойып, қатты ойланып қалды. Жүрегі шанышып кетті... Қан қысымы басына тепкендей ме? Әлде өлең сиқыры тербей бастады ма?.. Үстеліне қалай келіп, қолына қалам алғанын да сезбейтіндей... "Қажет емес лауазым, мансабың, Ауды өлеңге

– ауды әуенге аңсарым. Кейде шаршап, қалжыраған кезімде, Бір тыңдасам тыңаймын Шәмші өнім!"...

* * *

Серік Тұрғынбекұлы! Бүгінде бұл есімді қазақ мағынасынан айырып айту өсте қиын! Тұтасып кеткен тастұғыр іспетті. Егіз ұғым, ажырағысыз мәнді мазмұн. Алқаулы айдында сұлу жүзген, кейде жанарынан мұң үзілген қос аққу тағдырындай жұмбақ та күрделі, жайдарман да шадыманды өмір құбылысы дерлік! Серік жанын жыға тану үшін оның музасымен ауыру керек! Поэзиясымен қоса шаттану керек! Ақынды сүю керек! Ал дара дарынның арман-аңсарын, өлең боп жаратылғанын, тілімен бал татырғанын, халқының қамы үшін таң атырғанын, бір ауыз болашақ сөзін айтуға бас қатыр-ғанын білмек болсаңыз – оқыңыз Серікті! Ойланып-толғанып, сүйіп-күйіп оқыңыз! Ақындық, ғұмырлық кредосы ма? Міне: "Басылмасын туған Елдің думаны, Арманым сол – Аңсарым сол туғалы. Желбіресін Желтоқсанның желімен, Қолдан түспей Тәуелсіздік тулары".

Тәуелсіздік Серік ақынды түлетті, түрлентті. Тыңнан түрен салған тақырыптарын талғаммен толғануға кең мүмкіндік туды. Тереңнен көзін ашқан тұма бұлақтай сылдырлай, сыңғырлай ақты. Еркіндікті аңсаған көңілді байытып, шөл қысқан аңқаны қандырды. Қазақ ке-

"Сері ақынның тұрағын айтыңдаршы" деп біраз дүрліктірсе керек. "Сізге өзі кім керек, есімі кім?" – дейді көшеде тоқтатылған бейтаныс. "Маған Сері Тұрғынбекұлы керек!" – дейді жоқ іздеуші. Бұл Серіні емес, Серікті білетінін айтады. Сонда әлгі бейбақ "Жетпей тұрғаны – жалғыз "к" әріпі ме?" – деп біраз мөңкіп алып, өз өңірінде бұл ақынды Сері дейтінін айтып ақталады.

Пай-пай, заман-ай! Қазақ әдебиеті өз ғұмырында серілерін мақтан тұтқан екен. Басында Ақан сері түр! Бірі – Сәкен-сері (Сейфуллин), екіншісі де – Сәкен-сері (Жүнісов). Ақындар мен жазушы. Енді келіп оларға ақын Серік сері қосылғандай екен... Ел бағасына ешкім түзету енгізе алмайды ғой... Сүйікті еліне берген Серік серінің серті де берік: "Мен ақынмын! Сен сірә, сенесің бе? Капитанмын өлеңнің кемесінде. Өгіп келген өлең-жыр майданынан, Жауынгермін! – Сау жері жоқ денесінде!"

* * *

– Сіздің дарынды драматург екендігіңізге көзіміз енді жетті! – Сахна шымылдығы жабылғалы тұрғанда айтылған білікті режиссердің лебізі бұл. Осы ақжарма тілекті құптағандай көрермендер дуылдата шапалақ ұрды. "Мұқағали" спектаклінің мұны мен зары, өксігі мен өршіл үні әр жүректі ебіл-себіл етіп, елжірет-

кен. Жанарларында – жас, көңілдерінде – үміт пен сенім! Өркімді махаббаттың күдірет-күші билеген! Көптің сұрауымен залдан сахнаға көтерілген Серік-драматург "Мұқағалиға сәлем!" – деп, көрермендерге басын иіп, тағзым етті де өз драмасының кейіпкері Мақатаевтың жалынды жырының тиегін ағытты... "Туады, туады әлі нағыз ақын, Нағыз ақын бал мен у тамызатын. Жесірдің айырылмас сырласы боп, Жендеттің көзінен жас ағызатын. Туады, туады әлі нағыз ақын!..." Зал іші толқынданып кетті...

Ақын-драматург С.Тұрғынбекұлының бұл "Мұқағали" драмасы Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында, міне, он жылдай аншлаппен қойылып келеді. Оқырмандарымен қоса көрермендерінің ыстық ықыласына бөленген Секен неткен бақытты еді.

Оның драматургия саласындағы соны ізденістері әсіресе, Тәуелсіздік жылдарында алмас қырындай сәулелі шашырап, театртанудың қоржынына мол олжа салғаны мамандар тарапынан жоғары бағаланып жүр. Бұл ретте Серіктің ұлт-азаттық көтерілісінің ержүрек күрескері Кейкі Көкембасовтың тағдыры тарихи көркем таңбаланған "Кейкі батыр", Халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың ақындық мектебінің қалыптасу, даму тұрғысын, жалпы Торғай өңірінің кеңес кезеңіндегі әлеуметтік-мәдени өмірінің қалтарысты-қағытпалы тұстарын шеберлікпен өрген "Нұрхан" драмалық қойылымдары еліміз театр өнерінің айтулы да шоқтықты белестерінің бірінен саналатыны мойындалып үлгерген.

Он жылдан астам Астанадағы С.Сейфуллин мұражайын басқарған Серіктің елімізден тысқа-ры жерлердегі өз әріптестерімен тығыз байланыс орнатуының нәтижесінде бұл саланы тың деректермен толықтырып, түбірімен жаңғыртты. Өзі де тап осы жылдары Ахмет, Сәкен, Мағжан, Міржақып, Мұхтар, Лияс туралы соны көзқараспен туындылар топтамасын жариялады. Абылай ханның хас батырларының бірі болған Шакшақ Жәнібектің образын ерлік пен елдік мұрат егіздігімен сомдай білді. Жиырмаға жуық жыр жинақтарының авторы соңғы жылдары оқырмандарынан жоғары баға алған "Кейкі батыр", "Махамбет және Жөңгір хан", "Ақан сері – Балқадияш", "Балуан Шолақ –

Ғалия" поэмалары арқылы қазақ поэзиясының алтын тұғырынан тиесілі орнын алды. Жырлары жүректерге қонақтады. Халқы Серік ақынын одан әрі әспеттеп, мақтан тұтатын болды. Өйткені ол текті сөз қаруымен бүгінгі Тәуелсіздіктің қалай келгенін, қайтіп сақталып қалатынын, қадір-қасиетін ұғындыра білген көкірегі шешіресімлі апайтөс ақындығымен қатар көсемсөздің де майталман жорғасы, драмалық жанрдың дараланған дарабозы. Осындай бесаспаптықпен суарылған ақын ғана Тәуелсіздік, Мәңгілік ел, Махаббат, Туған жер, ұлы Отан, адамдық ар-ождан, имандылық бойтұмары, ұлтжандылық ұлағат тұрғысындағы тақырыптарын талантының талбесігінде тебірене тербете алары хақ. Соның куәсі болудың өзі, оқырмандар үшін де зор мәртебе.

Серік ақын қазақ әдебиетінің қалтарыста қалған інжу-маржандарын жинап бастыруда да қағілездік пен жанашырлық таныта білетін ізденгіш тұлға. Соның бір мысалын тұздықтайық. Зар-нала заман тұсында торғайлық ақын Әбіқай Нұртазаұлының "Тас мешін" қасірет-нама дастанын Қайнекей Жармағамбетов сол өңір жыршысы Назарбек Бектемісұлына аманаттап кетеді. Бірақ оны жарыққа шығарудың себепті-себепсіз кілтипандары көп болады да шаңға көміліп қала береді. Міне, осы тұста Серіктің ұлттық қазынаға деген жанкештілігінің арқасында алапат жұттың көрінісін сипаттайтын "Тас мешін" дастаны "Қазақ әдебиеті" газеті арқылы оқырмандарына жол тартқан екен. Сондай-ақ оның Міржақып мұрдесінің туған жеріне қайта жерленуіне де қосқан үлесі мен көмегі, рухани қолдауы айтарлықтай еді. Міржақыптың қызы Гүлнәр апамызды қолтықтап тұрып, Карелиядан табытпен оралған көлік ішінен алыс жолдың азабын тартқан біздер түсе бергенімізде: "Сүйрегіп өзер сүйегін, Келдің бе қайтып, киелім. Аңырап тұрмын алдында, Ағытып шердің тиегін", – деп Серік ақын күніреніп қоя бергенде, құйқамыз шымырлағандай болғанбыз.

"Серік сері қайда істейді, осы?" деп жоқ жерден дауласып, керілдесе кететін жанкүйер-тілектестері де жетіп артылады. Бірі зейнетте екенін айтса, екіншісі телерадио журналисі деп дес бермейді. Және де ол бұл дәйектемесін Серіктің үнемі телехабарлардағы өзекті ой-пікір талқысына қатысқанда пікір-байламының оқшаулығымен дараланып, радиодан да сарабалдәңгімелерінің тиегін ағытып жататынымен дәлелдеп бағады. Келесісі: "Серік сері ақын боп жұмыс істейді ғой!" – деп оның жауһар жырларын жатқа соға жөнеледі. "Ақын боп кеңседе тапжылмай жұмыс жасамаса, осындай өлеңдер жазылушы ма еді?!" – деп шын пейілімен ақтарылады. Күлкілі ме? Жок! Ақынды мойындаудың таза иланысы! Ақынды өзіндік іш тартып, жақын қабылдаудың мөлдір көрінісі! Ақынға ақыннан бетер жаны ашудың жарқын мысалы. Ақынды жырымен әлдилесе, оқырманы қарыздар боп қалмай, қанағат, тәубесін ыстық сезімімен аялап жатқаны ғой.

Оның шығармашылық еңбегі лайықты бағаланған: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының және Республикалық Махамбет сыйлығының және Халықаралық түрік поэзиясы сыйлығының иегері.

...Біртуар батыр Тоқтар Әубәкіровтің таңғажайып ерлікке толы өмір жолы тамаша жырланған "Ғарыш-қазақ" поэмасы Серік Тұрғынбекұлына, тіпті қазақ поэзиясына зор абырой-бедел сыйлады. Кітаптың тұсаукесерінде Тоқтар толқып тұрып:

– Серіктің ақындарды ғарышқа алып ұшса, жұмыр жер үсті бүгінгі алауыздық зардабынан құтылып, оны мекендеген күллі адамзат махаббатпен мейірлене түсер еді-ау! – депті өзіл араластырып.

...Тоқтар, Серік және "Ғарыш-қазақ" қалампыр гүлдерге оранды.

...Баяғы Түйемойнақ жазығындағы жайқалған қызғалдақтар Серіктің көзіне оттай басылып, елестеді. Оған сүйсіне, мейірлене, өзімсіне қараған Батыр ішінен: "Ақынның қызғалдақ ғұмыры" деп, тамсанып тұрды!

АСТАНА.

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ақпан айында Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның концерт залында қазақ ұлт-аспаптары оркестрінің концертті өтті. Оны еліміздің еңбек сіңірген әртісі, Ш.Қажығалиев атындағы бірінші республикалық дирижерлер байқауының лауреаты, профессор, белгілі дирижер Жалғасбек Бегендіков бастап шықты. Қостанайға келген құрметті мейманмен біз де аз-кем әңгімелескен едік.



Таяқшана тіл бітірген

Белгілі дирижер, профессор
Жалғасбек Бегендіковпен әңгіме

– Жалғасбек Әмірханұлы, Сіздің ұлы Ахмет Жұбанов негізін қалаған қазақтың кәсіби дирижерлік мектебінің түлегі, әйгілі Шамғон Қажығалиев, Нұрғиса Тілендиев сияқты дара тұлғалардың төл шәкірті, ісін жалғастырушы ізбасары, танымал дирижер екеніңізді жақсы білеміз. Дегенмен, ел ішіне атбасын сирек бұрасыз. Бұл келісіңізді неге жорысақ екен?

– Бұл өзі үш-төрт жылдан бері жоспарда тұрған шаруа еді. Соның орайы енді түсіп отыр. Е.Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының жанынан құрылған қазақ ұлт-аспаптар оркестрінің жетекшісі Назымбек Молдахметов менің шәкіртім. Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияда оқыған, тәжірибемнен өткен азамат. Сол інім маған: "Аға, бірлесіп концерт қойсақ қайтеді?" деген ұсыныс айтты. Жақсы ұсыныстан бас тарта алмадым. Бір жағынан өнер адамы шығармашылық байланысты үзбеуі тиіс. Сондықтан, орталықта жүрген аға буын дирижер болған соң жергілікті мамандарға бірдеңе үйретейін деп келген келіс бұл. Өздеріңіз көрдіңіздер, концерттің басынан-аяқ өзім дирижерлік жасадым. Ара-арасында Назымбек інім қолғабыс етті. Солистердің бәрі де жергілікті өнер шеберлері. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған өнер кеші жаман өтпеген сияқты. Оны енді халық бағалай жатар...

– Біздің өңірге эстрада жұлдыздары, жалпы қазақ өнерінің көгінде жүзген жұлдыздары жиі келеді. Алайда, өздері де үлкен өнер ұжымдарын басқарып отырған танымал тұлғалардың жұмысын тастай салып, өзгелердің шығармашылық жұмысына қолғабыс етуі сирек құбылыс. Жаңылыспасам, Сізден бұрын Айтқали Жайымов, Ермұрат Үсенов тәрізді қазақ музыкасының майталмандары келіп, шеберлік сабақтарын өткізгендері есте. Енді міне, Сізбен қауышып отырмыз...

– Қояйын деп отырған сұрағыңызды түсіндім. Мұнда бірінші рет келдіңіз бе деп сұрамақшысыз ғой (күліп). Өңірлерге бар-

ған сапарларымда дәл осындай сауалдар үнемі алдымнан шығады. Айтайын. Мен Құрманғазы атындағы оркестрде көп жылдар бойы бас дирижер болдым. Ұжыммен бірге талай гастрольдік сапарға шықтық. Ұмытпасам, осыдан үш-төрт жыл бұрын-ау деймін, Қостанайға да келіп, кеткенбіз. Одан ертеректе де болғанмын. Сондықтан, қала маған бұрыннан таныс.

Әлгінде айтып өттім, бұл жолы оркестрге жетекшілік жасаңыз деген жігіттердің ұсынысын жерде тастау мүмкін емес еді. Өйткені, ұзақ жылдардан бері консерваторияның опералық-симфониялық дирижерлер кафедрасында сабақ бергендіктен облыстардағы оркестрлермен шығармашылық байланысты үзген емеспін. Оларға жиі барып, шеберлік сабақтарын өткіземін. Осы уақытқа дейін он-он бес оркестрмен жұмыс істеп, халықтың батасын алдық. Қостанайға келгендегі миссиям да осы. Мұндағы ұлт-аспаптар оркестрінің құрылғанына өте көп бола қойған жоқ. Шамамен жеті жылдай уақыт өтті-ау деймін, әлі буыны қатпаған жас ұжым. Сол себепті, жас мамандарға көмек болсын деген ниетпен келдім. Рас, оркестр өз шама-шарықтарына біраз еңбектенгені, тер төккені көрініп тұр. Бір сөзбен айтқанда, бір қалыпқа, жүйеге түскен. Әрине, кадрлық жағынан бірқатар проблемалар бар, онсыз болмайды. Тек Қостанай ғана емес, бұл өзге облыстарға да тән жағдай.

Дей тұрсада оркестр жақсы әзірленіпті. Музыканттар дайындық кезінде күніне екі рет жиналып, бәрі де ынталы түрде кірісті. Өзіммен бірге бірнеше күйлер, жаңа өңдер және халық композиторларының шығармаларын әкеп бердім. Оның ішінде Тәттімбеттің "Бестөре" күйі, қазақтың белгілі композиторы Мыңжасар Маңғытаевтың "Жайлау" деген күй-поэмасы, талантты сазгер Әділ Бестібаевтың "Толғауын", сосын бірқатар партитуралар ұсындым. Әділ өз шығармаларын көбіне үрмелі аспаптар оркестріне арнап жазатын композитор. Бірақ, "Толғауды" "Отырар сазы" оркестрі орындап жүр. Өте әсерлі, адам

жүрегін толқытатын дүние. Оны енді алдағы уақытта оркестр өз репертуарына қоса жатар. Жалпы, Қостанайдағы концертке залдық толы болмағанмен, біраз өнер сүйер адам жиналған сияқты.

– Жалғасбек Әмірханұлы, ұжымдағы дирижердің еңбегі өте жауапты. Өйткені оркестрдің орындау шеберлігі дирижерге байланысты. Әлгінде өзіңіз де орындау шеберліктерінде сәл де болса ала-құлалықтар бар деп айтып кеттіңіз. Жалпы, Құрманғазы оркестрі мен аймақтардағы қазақ ұлт-аспаптар оркестрлерінің арасындағы қандайда бір айырмашылықты байқадыңыз ба?

– Ол енді былай ғой. Біздің бас оркестріміз, ол – Құрманғазы оркестрі. Оның да құрылғанына сексен жылдан асып кетті. Қалған мына оркестрлердің бәрі соның үлгісінде құрылған өнер ұжымдары. Қазір әр облыста бар.

Құдайға шүкір, мемлекет өнерден ештеңе аяп жатқан жоқ. Тіпті, Атырау сияқты өңірлерде екі оркестрден бар. Санап отырсам, бізде бас-аяғы жиырма шақты осындай өнер ұжымы жұмыс істейді. Негізінде көп айырмашылық жоқ. Құрамы жағынан сәл-пәл өзгешеліктер болғанмен, ал кәсібилігі жөнінен әр облыстың әлеуеті әрқилы. Олар кез-келген шығарманы өз деңгейлерінде орындайды. Өйткені, өңірлерде консерватория бітірген музыканттар шамалы. Көбісі жергілікті оқу орындарының музыка факультеттерін, колледж бітірген мамандар. Яғни, барымен жұмыс істеп жатыр. Соның өзінде маман тапшылығы сезіліп қалады. Мүмкін, бұл мәселе алдағы уақытта шешіліп қалар.

Қазір мен жұмыс істеп жатқан "Отырар сазы" оркестрі фольклорлық-этнографиялық бағытта ұстанады. 1979 жылдары қазақтың музыка саласының аса көрнекті қайраткері, ғалым, бүкіл түркі әлеміне есімі әйгілі Болат Сарыбаевтың жинақтаған көне аспаптардан құрылған, Қазақстан бойынша жалғыз оркестр. Оған Нұрғиса Тілендиевтің өзі мұрындық болғанын айта кеткен ләзім. Қалғандары Құрманғазы

оркестрінің үлгісінде жұмыс істейді. Бірақ, бәрінің атқаратын қызметі біреу, ол қазақтың өн-күйін дәріптеу, кеңінен насихаттау...

– Дирижерлік – сирек мамандық. Оған ұшқыр талант керек. Көп ізденуді қажет етеді. Классикалық музыка жағынан да сауатты болуы шарт. Негізі, дирижер біткенді деңгейі өте жоғары, рухы биік, білікті маман деп есептеймін. Осы ретте Сіздің тәжірибеңізге сүйенетін кейінгі буын бар ма қазір?

– Әлбетте. Мәселен, Назымбек інім осында істеп жүргенде бірнеше рет маған келген болатын. Талантты домбырашы, мықты дирижер деп білемін оны. Осы тақылтес жігіттер бар арамызда.

Мен консерваторияда қырық жылдан астам уақыт бойы сабақ беріп келе жатырмын. Мұнда дирижерлерді де дайындаймыз. Жылына бізде көп болса бірлі-екілі ғана жас маман бітіреді. Осы уақытқа дейін көптеген шәкірттерім шықты. Әсіресе, соңғы жылдары жас буынның арасынан мынау деген мамандарды тәрбиелеп шығардық. Жиырма бес пен отыздың ортасындағы көптеген талантты дирижерлер өсіп-өнді. Кейінгі кезде дирижерлік салада байқаулар өткізіліп тұрады. Сонда лауреат болған жігіттер бүгінде үлкен өнер ұжымдарын басқарып отыр.

Жалпы, дирижер деген "пачкалап" шықпайды. Олар әр он-он бес жыл сайын топ-топ болып бөлінеді. Мәселен, КСРО халық әртістері Нұрғиса Тілендиев, Шамғон Қажығалиев тәрізді ұлы тұлғалар өмірден өтіп кетті. Одан кейінгі шыққан ҚР халық әртісі, профессор Алдаберген Мырзабеков ағамыздың өзі қазір сексен алтыға аяқ басты. Кейінгі жиырма жылда шыққан Айтқали Жайымов, Марат Темірғалиев, тағы да басқа дирижерлер бар, құдайға шүкір. Қазір енді Назымбек Молдахметов тәрізді мықты мамандар өкшемізді басып келеді.

Негізі, біздің факультет опералық-симфониялық деп аталғанмен жан-жақты етіп, классификациясы жоғары мамандарды дайындап шығарамыз. Олар опералық, симфониялық, камералық, үрлемелі аспаптар сияқты жеті-сегіз оркестрдің басын бір-ақ қосып басқаруға қабілетті.

– Демек, дирижерлікке қызығушылардың қатары азаймақ емес...

– Әлбетте, азаймайды. Керісінше, оған деген қызығушылық басым.

– Осы жерде таағы бір сұрақ туындайды, аға. Әңгімеңіздің әлқиссасында елімізде жиырма шақты оркестр бар деп айттыңыз. Түбі сол оркестрлерден дирижерлер көп боп кетіп, сұраныс болмай қалмай ма?

– Жоқ, еш уақытта олай болмайды. Себебі, консерваторияны бір бітіргенде он бес домбырашы, он пианист бітіреді. Бәленбай үрлемелі аспаптардың мамандары оқып, тауысады. Ал бізде жылына бір-ақ дирижер шығарамыз. Оқуға қабылданғанда да біреуі қабылданады. Сол оқу бітіреді. Одан кейін ол аяғынан тұрып кете ала ма, жоқ па?! Мәселе осында. Жаңағы жиырма оркестрге қырық дирижер керек. Қазір дирижерлер тапшы. Бұлай деп батыл айта аламын.

– Бір шыбықпен алпыс-жетпіс адамды басқарасыздар. Арнайы музыка маманы болмаған соң дирижерлердің қолына ұстайтын сол таяқшаның сыры көпке бәймәлімдеу. Айтыңызшы, осы "Сиқырлы таяқшаның" сыры неде? Оны ұстап шығу сахнаға міндетті ме?

– Ол енді дирижердің құралы. Бірақ, оны ұстамай-ақ та шығуға болар еді. Дегенмен таяқша ұстап шығу дұрыс деп ойлаймын. Өйткені, сахнада үлкен ұжым отырғаннан кейін қол сілтесің анық болу үшін, әр нотаны шегелеп көрсету үшін "сиқырлы таяқша" ұстаймыз. Кәсіби деңгейде ұстаған дұрыс. Ол қасиетті таяқша ғой. Бәрі соған қарап отырады. Жалпы, дирижер – терең ойды, сезімталдықты, қабілетті талап ететін мамандық. Өз шыңына жету жолында кез-келген дирижер жұмыс істеуге ешқашан ерінбейді, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Бұл кейінгі буынға үлгі боларлық қасиет.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Айбек КӘДІРҰЛЫ

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



29 ақпан, дүйсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 Алпа kz. 11.05 Дара жол. 12.30 Ақсауыт. 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.05 "Жүрегім сізге аманат". 17.00 Менің Қазақстаным. 17.30 Жаңалықтар. 18.05 Сурет сыры. 18.15 М.ф. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Серпіліс. 21.05 Т.х. "Алтын ұя". 22.00 "Келін". 23.00 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.35 "Үй болу қиын..." 0.05 Жаңалықтар. 0.50 Спорт.

ХАБАР

7.00 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жеті күн. 11.10 Магия кұхни. 11.40 М.ф. 12.25 "Сотқа жеткізбей". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.05 "Гречанка". 15.00 Новости. 15.15 Бармысың, бауырым? 16.00 Жаңалықтар. 16.15 "Өмір сабақтары". 17.00 Жаңалықтар. 17.15 Т.с. "След". 17.55 Орталық Хабар. 19.00 ТВ Бинго. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Арнайы Хабар.

1 наурыз, сейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Алтын ұя". 10.50 "Әпке". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 "Үй болу қиын..." 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.25 "Жүрегім сізге аманат". 17.15 М.ф. 17.30 Жаңалықтар. 18.15 Қылмыс пен жаза. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Алтын ұя". 22.00 "Келін". 23.00 Түнгі студияда Н.Қоянбаев. 23.30 "Үй болу қиын..." 0.00 Жаңалықтар. 0.50 "Әпке".

ХАБАР

7.00 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 Магия кұхни. 11.45 М.ф. 11.55 "Сотқа жеткізбей". 12.25 Т.х. "Сұрбойдақ". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.05 "Гречанка". 15.00 Новости. 15.10 "Сүйген жарым". 16.00 Жаңалықтар. 16.15 Біздің үй.

2 наурыз, сәрсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Алтын ұя". 10.50 "Әпке". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 "Үй болу қиын..." 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.40 "Жүрегім сізге аманат". 17.30 Жаңалықтар. 18.05 Келбет. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Алтын ұя". 22.00 "Келін". 23.00 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.30 "Үй болу қиын..." 0.00 Жаңалықтар. 0.50 "Әпке".

ХАБАР

7.00 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 Магия кұхни. 11.45 М.ф. 11.55 "Сотқа жеткізбей". 12.15 "Сұрбойдақ". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.05 "Гречанка". 15.00 Новости. 15.10 "Сүйген жарым". 16.00 Жаңалықтар. 16.15 Біздің үй. 17.00 Новости. 17.15 "След". 18.00 Қайсар жандар. 18.30 "Алдар Көсе". 19.00 "Пәленшеевтер". 19.25

3 наурыз, бейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Алтын ұя". 10.50 "Әпке". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 "Үй болу қиын..." 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.40 "Жүрегім сізге аманат". 17.30 Жаңалықтар. 17.55 "Асыл ана". 18.15 Жан жылуы. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Алтын ұя". 22.00 "Келін". 23.00 Түнгі студияда Н.Қоянбаев. 23.35 "Үй болу қиын..." 0.05 Жаңалықтар. 0.55 "Әпке".

ХАБАР

7.00 Бұйымтай. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 Магия кұхни. 11.55 "Сотқа жеткізбей". 12.25 "Сұрбойдақ". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.10 "Гречанка". 15.00 Новости. 15.10 "Сүйген жарым". 16.00 Жаңалықтар.

Апталық телебағдарлама

21.00 Итоги дня. 21.30 Т.с. "Осколки". 22.30 Бетпе-бет. 23.00 Церемония награждения кинопремией "Оскар". 0.35 Жаңалықтар. 1.10 Итоги дня.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Арқа-ақпарат. 9.30 Келбет. 10.00 Арқа-ақпарат. 10.35 Т.с. "Галина". 11.20, 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.30 Первая студия. 12.00 Вызов. 12.30 Индекс. 13.00 Жаңалықтар. 13.50 М.ф. 14.00 Т.х. "Сырғалым". 15.00 Жарқын бейне. 15.25 М.с. 16.00 Т.х. "Тағдыр". 16.50 ABC+. 17.10 Д.ф. "В поисках последнего хана". 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Даму дiңгектерi. 18.30 Новости. 19.00 "Қазақстан-Қостанай" арнасы алтын қорынан. 19.30 Бірінші студия. 20.00 Сап түзе! 20.30 Жаңалықтар. 21.30 Новости. 22.15 "Галина". 23.05 "Тағдыр". 0.00 Жаңалықтар.

АСТАНА

7.00 Kaznet. 7.30 Бауыржан шоу.

17.00 Новости. 17.10 Церемония награждения кинопремией "Оскар". 18.35 Т.х. "Алдар Көсе". 19.00 Т.х. "Пәленшеевтер". 19.25 "Сұрбойдақ". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Бюро расследований. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Осколки". 22.30 "След". 23.15 Бетпе-бет. 23.45 Арнайы Хабар. 0.20 Жаңалықтар.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.40 Алдаспан. 10.00 Новости. 10.40 "Галина". 11.30 Бірінші студия. 12.00 Третий тайм. 12.30 Ажар. 12.55, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 13.00 Жаңалықтар. 13.50 М.ф. 14.00 "Сырғалым". 15.00 Жарқын бейне. 15.25 М.с. 16.00 "Тағдыр". 16.50 ABC+. 17.10 "В поисках последнего хана". 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Регион'10. 18.30 Новости. 19.00 Волшебный фонарь. 19.30 Первая студия. 20.00 Қазына. 20.30 Жаңалықтар. 21.20 "1001 история успеха". 21.30 Новости. 22.20 "Галина". 23.10 "Тағдыр". 0.00 Жаңалықтар.

"Сұрбойдақ". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Бетпе-бет. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Осколки". 22.30 "След". 23.35 Жаңалықтар. 0.10 Итоги дня.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.40 Даму дiңгектерi. 10.00 Новости. 10.40 "Галина". 11.30 Бірінші студия. 12.00 Высота воли. 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 12.30 "530:630". 13.00 Жаңалықтар. 13.30 Новости. 14.00 "Сырғалым". 15.00 Жарқын бейне. 15.30 М.с. 16.00 "Тағдыр". 16.50 ABC+. 17.10 "В поисках последнего хана". 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Интонация. 18.30 Новости. 19.00 "Қазақстан-Қостанай" арнасы алтын қорынан. 19.30 Первая студия. 20.00 Асар. 20.30 Жаңалықтар. 21.30 Новости. 22.10 "Галина". 23.10 "Тағдыр". 0.00 Жаңалықтар.

АСТАНА

7.00 Kaznet. 7.30 Терісқақпай. 8.00 Жаңалықтар. 9.00 "Хорошие

8.10 Біздің уақыт. 9.00 Т.с. "Хорошие руки". 10.00 Т.с. "Украденная жизнь". 11.10 Т.х. "Жетім жүрек". 13.00 Т.х. "Әлия". 14.00 Избранное за неделю. 14.40 Такси. 15.40 Т.х. "Ханшайым". 17.00 Т.х. "Ұрланған тағдыр". 18.00 "Жетім жүрек". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 "Әлия". 22.50 "Хорошие руки". 23.50 "20:30". 0.20 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Ғасырлар пернесі. 7.30 Другими глазами. 8.55 Қазақстан би өлемі. 9.30 Больше, чем любовь. 10.00 Қайырлы күн. 11.05 "Жаратылыс жұмбақтары". 12.10 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Қайырлы күн. 14.25 Золотая середина. 15.00 "Ғылыми ізденістер". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 Д.с. "Жаратылыс жұмбақтары". 18.00 Өмір. Театр. Кино. 19.25 Ученый совет. 21.00 Наш Казахстан. 22.00 Культпоход. 22.10 Ұлы дала елі. 22.50 "Портреты заговорили". 0.00 "Тарих тылсымы".

АСТАНА

7.00 Kaznet. 7.30 Бауыржан шоу. 8.00 Жаңалықтар. 9.00 "Хорошие руки". 10.00 "Украденная жизнь". 11.10 "Жетім жүрек". 13.10 "Әлия". 14.10 Такси. 15.10 Ел аузында. 15.40 "Ханшайым". 17.00 "Ұрланған тағдыр". 18.00 "Жетім жүрек". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 "Әлия". 22.50 "Хорошие руки". 23.50 "20:30". 0.20 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Ғасырлар пернесі. 7.30 Другими глазами. 8.55 Неизвестный Казахстан. 9.30 Өмір жолы. 10.00 Қайырлы күн. 11.05 "Жаратылыс жұмбақтары". 12.10 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Қайырлы күн. 14.25 Золотая середина. 15.00 "Ғылыми ізденістер". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Жаратылыс жұмбақтары". 18.00 Ұлы дала елі. 19.20 Ученый совет. 21.15 Больше, чем любовь. 22.00 Культпоход. 22.10 "Сахна сырлары". 22.35 "Құлансаз". 0.00 "Ғылыми ізденістер".

руки". 10.00 "Украденная жизнь". 11.10 "Жетім жүрек". 13.10 "Әлия". 14.10 Такси. 15.10 Ел аузында. 15.40 "Ханшайым". 17.00 "Ұрланған тағдыр". 18.00 "Жетім жүрек". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 "Әлия". 22.50 "Хорошие руки". 23.50 "20:30". 0.20 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Дала әуені. 7.30 Другими глазами. 9.20 Тұңғыштар. 10.00 Қайырлы күн. 11.05 "Жаратылыс жұмбақтары". 12.10 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Қайырлы күн. 14.30 Летопись степи. 15.00 "Өнер ырағы". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Жаратылыс жұмбақтары". 18.00 Больше, чем любовь. 19.25 Өмір. Театр. Кино. 22.00 Культпоход. 22.10 "Портреты заговорили". 22.35 Телеспектакль "Акомпаниаторша". 0.30 "Ұлы дала батырлары".

НТК

7.05 К.ф. "Пырақ пен Химераның

АСТАНА

7.00 Kaznet. 7.30 Бауыржан шоу. 8.00 Жаңалықтар. 9.00 "Хорошие руки". 10.00 "Украденная жизнь". 11.10 "Жетім жүрек". 13.10 "Әлия". 14.10 Такси. 15.10 Отбасы. 15.40 "Ханшайым". 17.00 "Ұрланған тағдыр". 18.00 "Жетім жүрек". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 "Әлия". 22.50 Т.с. "Долгий путь домой". 23.50 "20:30". 0.20 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Ғасырлар пернесі. 7.30 Другими глазами. 8.10 Байтерек. 9.25 Ұлы дала батырлары. 10.00 Қайырлы күн. 11.05 "Жаратылыс жұмбақтары". 12.10 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Қайырлы күн. 14.40 Секреты музеев. 15.00 "Өнер ырағы". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Жаратылыс жұмбақтары". 19.05 Егіз жүрек. 22.00 Культпоход. 22.10 Тайны и судьбы великих казахов. 0.00 "Өнер ырағы".

НТК

7.30 Қызықты жанұрлар. 8.40 Екі езу. 9.00 Ревю. 9.25 "Зайцев + 1". 10.00 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 "Физрук 2". 11.35 "Реальные пацаны". 12.00 Однажды в России. 13.10 М.ф. 15.10 Күлкі ойнақ. 16.00 Ревю. 16.20 Екі езу. 16.40 "Айжан". 17.40 Т.х. "Жігіттің сабаздары". 19.00 "Зайцев + 1". 19.30 Однажды в России. 20.40 "Универ". 21.10 "Интерны". 21.40 "Реальные пацаны". 22.30 Ревю. 22.50 "Метод "Орыстар". 23.30 Екі езу. 0.00 Х.ф. "Адский бункер: Черное солнце".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Т.х. "Қарагүл". 9.00 С новым домом. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.20 Келеңсіз кездесу. 12.45 Қыздар арасында. 13.15 "Үзілген жапырақтар". 15.00 История одного отката. 16.00 Т.с. "Моя большая семья". 16.50 Х.ф. "Васаби". 18.30 "Побег из аула". 19.15 "Үзілген жапырақтар". 20.40 "Қарагүл". 22.00 Человек-невидимка. 23.00 Т.с. "Секретные материалы". 0.00 Х.ф. "Бумер".

НТК

7.05 К.ф. "Қыздарға қауіп төніп тұр". 8.40 Екі езу. 9.00 Ревю. 9.25 "Зайцев + 1". 10.00 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 "Физрук 2". 11.35 "Реальные пацаны". 12.00 Однажды в России. 13.10 М.ф. 15.10 Күлкі ойнақ. 16.20 Екі езу. 17.00 "Метод "Орыстар". 17.40 "Жігіттің сабаздары". 19.00 "Сашатаня". 19.55 Comedy woman. 20.25 "Универ". 21.00 "Интерны". 21.30 "Реальные пацаны". 22.10 Ревю. 22.35 "Метод "Орыстар". 23.15 Екі езу. 0.00 Х.ф. "Соседка по комнате".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 "Қарагүл". 9.00 С новым домом. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.20 Келеңсіз кездесу. 12.45 Қыздар арасында. 13.15 "Үзілген жапырақтар". 15.00 История одного отката. 16.00 "Моя большая семья". 17.00 Карaoke - живой звук. 18.30 "Побег из аула". 19.15 "Үзілген жапырақтар". 20.40 "Қарагүл". 22.00 Человек-невидимка. 23.00 "Секретные материалы". 0.00 Т.с. "Распутин".

шайқасы". 8.40 Екі езу. 9.00 Ревю. 9.25 "Сашатаня". 10.00 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 "Физрук 2". 11.35 "Реальные пацаны". 12.00 Однажды в России. 13.10 М.ф. 15.10 Күлкі ойнақ. 16.20 Екі езу. 17.00 "Метод "Орыстар". 17.40 "Жігіттің сабаздары". 19.00 "Сашатаня". 19.55 Comedy woman. 20.25 "Универ". 21.00 "Интерны". 21.30 "Реальные пацаны". 22.10 Ревю. 22.35 "Метод "Орыстар". 23.15 Екі езу. 0.00 Х.ф. "12 раундов".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 "Қарагүл". 9.00 С новым домом. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.20 Келеңсіз кездесу. 12.45 Қыздар арасында. 13.15 "Үзілген жапырақтар". 15.00 История одного отката. 16.00 "Моя большая семья". 17.00 Карaoke - живой звук. 18.30 "Побег из аула". 19.15 "Үзілген жапырақтар". 20.40 "Қарагүл". 22.00 Человек-невидимка. 23.00 "Секретные материалы". 0.00 "Распутин".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Күйеу

НТК

7.05 К.ф. "Баки Ларсон: жұлдыз болуға лайық". 8.40 Екі езу. 9.00 Ревю. 9.25 "Сашатаня". 10.00 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 "Физрук 2". 11.35 "Реальные пацаны". 12.00 Однажды в России. 13.10 М.ф. 15.10 Күлкі ойнақ. 16.20 Екі езу. 17.00 "Метод "Орыстар". 17.40 "Жігіттің сабаздары". 19.00 "Сашатаня". 19.55 Comedy woman. 20.25 "Универ". 21.00 "Интерны". 21.30 "Реальные пацаны". 22.10 Ревю. 22.35 "Метод "Орыстар". 23.15 Екі езу. 0.00 Х.ф. "12 раундов: перезагрузка".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 "Қарагүл". 9.00 С новым домом. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.20 Келеңсіз кездесу. 12.45 Қыздар арасында. 13.15 "Үзілген жапырақтар". 15.00 "Мои прекрасные". 16.20 Екі езу. 17.00 "Метод "Орыстар". 17.40 "Жігіттің сабаздары". 19.00 "Сашатаня". 19.55 Comedy woman. 20.25 "Универ". 21.00 "Интерны". 21.30 "Реальные пацаны". 22.10 Ревю. 22.35 "Метод "Орыстар". 23.15 Екі езу. 0.00 Х.ф. "12 раундов: перезагрузка".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 Т.с. "Күйеу бала". 9.00 Т.с. "Бәйбіше-тоқал". 10.00 Готовим с Адель. 10.30 Т.с. "Базарбаевтар". 11.00 М.с. 12.00 "Ералаш". 14.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 15.00 Т.с. "Айна". 16.00 Т.с. "Папины дочки". 17.50 Т.с. "Кухня 5". 19.00 Уральские пельмени. 20.00 Информбюро. 21.00 "Күйеу бала". 23.00 Т.с. "Киелі неке". 00.00 Т.с. "Лондонград. Знай наших". 1.00 Х.ф. "Бэтмен возвращается". 3.00 Х.ф. "Взрослые дети развода".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. Подробности. 9.40 По следам музейных невидимок. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Кекейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 SoloWay. 15.00 ПроАгро. 15.30 "7 передача". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Кекейтесті сұхбат. 17.30 М.ф. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Маленькие путешествия по большому краю. 20.00 РТН. 20.30 Дело №. 21.10 В ладу с природой. 21.30 Легенды эфира. 22.00 РТН. 22.30 Baby Гид. 23.00

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Күйеу бала". 9.00 "Айна". 10.00 "Базарбаевтар". 11.00 М.с. 12.00 "Ералаш". 13.00 Информбюро. 14.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 15.00 "Айна". 16.00 "Папины дочки". 17.50 "Кухня 5". 19.00 Уральские пельмени. 20.00 Информбюро. 21.00 "Күйеу бала". 23.00 "Киелі неке". 00.00 "Лондонград. Знай наших". 1.00 Х.ф. "Изгой". 3.00 Х.ф. "Как громом пораженный".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 Baby Гид. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Кекейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 Т.с. "Блудные дети". 14.00 Дело №. 14.10 Солнечная кухня. 14.30 По следам музейных невидимок. 15.00 "Госпожа горничная". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Кекейтесті сұхбат. 17.30 М.ф. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Маленькие путешествия по большому краю. 20.00 РТН. 20.30 Винатаж. 21.10 "Блудные дети". 22.00 РТН. 22.30 "Емшан" - шопинг с комфортом. 23.00 Өмір

31 АРНА

бала". 9.00 "Айна". 10.00 "Базарбаевтар". 11.00 М.с. 12.00 "Ералаш". 13.00 Информбюро. 14.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 15.00 "Айна". 16.00 "Папины дочки". 17.50 "Кухня 5". 19.00 Уральские пельмени. 20.00 Информбюро. 21.00 "Күйеу бала". 23.00 "Киелі неке". 00.00 "Лондонград. Знай наших". 1.00 Х.ф. "Идеальное убийство". 3.00 Х.ф. "Контакт".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 "Емшан" - шопинг с комфортом. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Кекейтесті сұх

4 наурыз, жұма

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Алтын уя". 10.50 "Әпке". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 "Үй болу қиын...". 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.40 "Жүрегім сізге аманат". 17.30 Жаңалықтар. 17.55 Иман айнасы. 18.15 Баламен бетпе-бет. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.15 Айтуға оңай... 21.00 Ұлттық шоу: Роза шақырады. 22.10 "Келін". 23.10 "Асыл ана". 23.30 Сіз не дейсіз? 0.00 Жаңалықтар. 0.45 "Әпке".

ХАБАР

7.00 Бұйымтай. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 Магия құхни. 11.55 "Сотқа жеткізбей". 12.25 "Сұрбойдақ". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.05 "Гречанка". 15.00 Новости. 15.10 "Сүйген жарым". 16.00 Жаңалықтар. 16.15 "Өмір сабақтары". 17.00 Новости. 17.15 "След". 18.05 Арман қана-

тында. 18.35 "Зәуре". 19.25 "Сұрбойдақ". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Бетпе-бет. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Көктем шуағы". 22.30 М. Беспаевтың концерті. 0.30 Бокс. "Баку Файерс" - "Астана Арланс".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.40 Әуендер әлемі. 9.55, 12.20, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 10.00 Новости. 10.40 "Галина". 11.30 Бірінші студия. 12.00 М.с. 12.30 Жұлдыз-Ай. 13.00 Жаңалықтар. 14.00 "Сығалым". 15.00 Жарқын бейне. 15.30 М.ф. 16.00 "Тағдыр". 17.00 ABC+. 17.20 Д.ф. "Комендант Невеля". 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Аманат. 18.30 Новости. 19.00 "Қазақстан-Қостанай" арнасы алтын қорынан. 19.30 Первая студия. 20.00 Индекс. 20.30 Жаңалықтар. 21.30 Новости. 22.10 "Галина". 23.00 Телетриптих "00.00". 0.00 Жаңалықтар.

АСТАНА

7.00 Kaznet. 7.30 Тамаша. 8.00

Жаңалықтар. 9.00 "Долгий путь домой". 10.00 "Украденная жизнь". 11.10 "Жетім жүрек". 13.10 "Элия". 14.10 Такси. 15.10 Арнайы жоба. 15.40 "Ханшайым". 17.00 "Ұрланған тағдыр". 18.00 "Жетім жүрек". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 "Элия". 22.50 "Долгий путь домой". 23.50 "20:30". 0.20 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Дала әуені. 7.30 Другими глазами. 8.10 Байтерек. 9.20 Наш Казахстан. 10.00 Қайырлы күн. 11.05 "Жаратылыс жұмбақтары". 12.10 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Қайырлы күн. 14.20 Музей құпиялары. 15.00 "Өнер ыргағы". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Жаратылыс жұмбақтары". 18.00 Егіз жүрек. 19.30 Сахна сырлары. 22.00 Балет "Чаплин". 23.30 "Тарих тылсымы".

НТК

7.05 К.ф. "Крест". 8.40 Екі езу.

9.00 Ревю. 9.25 "Сашатаня". 10.00 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 "Физрук 2". 11.35 "Реальные пацаны". 12.00 Однажды в России. 13.10 М.ф. 15.10 Күлкі ойнақ. 16.20 Екі езу. 17.00 "Метод "Орыстар". 17.40 "Жігіттің сабаздары". 19.00 "Сашатаня". 19.55 Comedy woman. 20.25 "Универ". 21.00 "Интерны". 21.30 "Реальные пацаны". 22.10 Ревю. 22.35 "Метод "Орыстар". 23.15 Екі езу. 0.00 Х.ф. "Прогулка среди могил".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 "Қарагүл". 9.00 С новым домом. 10.00 О самом главном. 11.00 Смейтесь разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.30 Келеңсіз кездесу. 13.30 "Үзілген жапырақтар". 15.00 Х.ф. "Миллионер". 17.00 Измайловский парк. 19.15 "Үзілген жапырақтар". 20.45 "Қарагүл". 22.00 Вечерний Киев. 23.00 Stand Up. 23.50 Х.ф. "Бандитки".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Күйеу бала". 9.00 "Айна". 10.00 "Базарба-

евтар". 11.00 М.с. 12.00 "Ералаш". 13.00 Информбюро. 14.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 15.00 "Айна". 16.00 "Папины дочки". 17.50 "Кухня 5". 19.00 Уральские пельмени. 20.00 Информбюро. 21.00 "Күйеу бала". 23.00 "Киелі неке". 00.00 "Лондонград. Знай наших". 1.00 Х.ф. "Как трусливый Роберт Форд убил Джесси Джеймса". 3.00 Х.ф. "Части тела".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 ПроАгро. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Блудные дети". 14.00 В ладу с природой. 14.20 Торговый дом. 14.30 По следам музейных невидимок. 15.00 "Госпожа горничная". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 М.ф. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Маленькие путешествия по большому краю. 20.00 РТН. 20.30 "7 передача". 21.00 "Блудные дети". 22.00 РТН. 22.30 Солнечная кухня. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Территория происшествий. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

8.00 Жаңалықтар. 8.15 "Сапа бақылауда". 8.55 Жаңалықтар. 9.00 Доброе утро. 11.00 "Белые волки". 11.55 Басты патруль. 12.05 "Ғажайып жан". 13.00 Ашығын айтқанда. 13.55 Жұма уағызы. 14.10 П@утіпа. 14.35 "Первая помощь". 15.15 Новости. 15.40 Х.ф. "Белое солнце пустыни". 17.35 Жди меня. 18.40 Лотерея "Автокуш". 18.50 Поле чудес. 20.00 Новости. 21.00 "Ғажайып жан". 22.00 Жаңалықтар. 22.45 "Джодха және Акбар". 23.35 КВН-2016. Первая игра сезона.

КТК

7.40 "Қарадайы". 8.40 Жаңалықтар. 9.10 "Махаббат пен өшпенділік". 10.10 "Уйти, чтобы вернуться". 12.00 Новости. 12.40 Наша правда. 14.00 "Практика". 15.10 "Барышня-крестьянка". 16.10 "След на воде". 17.00 "Тағдырмен тартыс". 18.00 "Махаббат мұңы". 18.30 "Әйел қырық шырақты". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Наша правда. 22.50 Х.ф. "Стрелок 2".

5 наурыз, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.00 Айналайын. 8.35 Агробизнес. 9.00 Сөнбілік таң. 10.05 Дауа. 10.35 Әзіл әлемі. 12.30 Ас болсын! 13.15 Табыс сыры. 13.45 Т.х. "Әке". 18.00 Т.х. "Өмірдің өзі новелла". 19.30 Жаңалықтар. 20.05 Үздік әндер. 21.00 Дара жол. 22.40 Жайдарман. 0.10 Жаңалықтар. 0.45 К.ф. "Қызметшілер".

ХАБАР

7.00 Тамаша. 8.25 Бармысың, бауырым? 9.10 Продвпрос. 9.30 Магия құхни. 10.00 М.ф. 12.40 Сказка "Новое платье короля". 13.45 Орталық Хабар. 15.00 Жеті ән. 16.30 К.ф. "Алдар Көсе". 17.00 "Зәуре". 17.45 Концерт. 19.45 Бенефис-шоу. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Дом грез". 23.45 "Перекресток в Астане". 0.45

"Қызыл Жизель" балеті.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Жаңалықтар. 8.40 М.с. 9.00 Новости. 9.40 К.ф. "Боярышник". 11.00 Біздің айтыс. 12.00 Телетриптих "00.00". 13.05 Әдемі-Ай. 14.05 "Танцор диско". 16.30 М.ф. 17.00 "Парыз". 18.00 "530:630". 18.30 Т.с. "Убить Сталина". 19.30 Асар. 20.00 Бойтұмар. 20.20, 23.05 Телемаркет. 20.30 Дамафон. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.35 Т.с. "Двойная рокировка". 23.35 "Парыз".

АСТАНА

8.00 Жаңалықтар. 9.00 Суперпапа. 9.40 М.ф. 10.00 "Украденная жизнь". 11.10 "Жетім жүрек". 13.10 Т.х. "Әулет". 17.00 "Ұрланған тағдыр". 18.00 "Жетім жүрек". 20.00 Біздің уақыт. 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 Ел аузында. 23.00 Кеш

әмес. 23.40 Х.ф. "Везет как утопленнику". 1.45 Ән шашу.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 "Тарих тылсымы". 8.45 Балет "Чаплин". 10.55 Золотая середина. 11.30 Дала әуені. 12.15 Өмір жолы. 13.15 Х.ф. "Женитьба Балзыминова". 14.45 Концерт. 16.30 Өмір. Театр. Кино. 18.00 Байтерек. 18.45 "Ақылдың кілті. Өмірдастан". 20.10 Сахна сырлары. 20.40 Х.ф. "Крамер против Крамера". 22.35 Концерт. 0.30 Өнер ыргағы.

НТК

7.05 К.ф. "Аладдин және сиқырлы шам". 8.20 Жұлдыздар шеруі. 8.40 Екі езу. 9.00 Как это сделано. 10.00 М.ф. "Муравей Антл". 11.30 М.с. 13.20 Қазақпыз ғой. 13.40 Ең күлкілі өртістер. 14.40 Екі езу. 15.00 М.ф. 16.10 М.ф. "Приключения Флика".

18.00 Күлкі ойнақ. 18.30 Т.х. "Зауал". 20.30 Екі езу. 21.00 Х.ф. "Фантастическая четверка: Вторжение серебряного серфера". 22.50 Х.ф. "Мальчики-налетчики". 1.00 ХБ шоу.

7 АРНА

7.30 Айна онлайн. 8.00 "Қарагүл". 9.00 М.ф. 10.30 Смейтесь разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.30 Келеңсіз кездесу. 13.15 Қарақшы қыздар. 15.00 Вечерний Киев. 16.15 Х.ф. "Такси 2". 18.00 Т.х. "Өмір сынағы". 20.00 ТОЙLIKE. 21.00 Х.ф. "Вокруг света за 80 дней". 23.10 Х.ф. "Ямакаси". 1.00 Stand Up.

31 АРНА

6.00 Әзіл студия. 7.00 Информбюро. 8.00 "Күйеу бала". 10.00 Готовим с Адель. 10.30 М.ф. 12.00 "Ералаш". 13.15 Х.ф. "Спор на миллион". 15.30 "Фартовые деньги". 16.00 М.ф. "Кунг-фу панда". 18.00 Х.ф. "Теминатор: Генезис". 21.00

Жұлдызды шаңырақ. 22.00 "Күйеу бала". 00.00 Х.ф. "Звездная пыль". 2.00 Х.ф. "Хороший немец".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 По следам музейных невидимок. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 Образцовый вокально-хореографический ансамбль "Вдохновение". 15.00 ПроАгро. 15.30 "7 передача". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 М.ф. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 По следам музейных невидимок. 20.00 РТН 20.30 Дело № 20.50 Торговый дом. 21.10 В ладу с природой. 21.30 Легенды эфира. 22.00 РТН. 22.30 Baby Гид. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Территория происшествий. 0.30 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Жаңалықтар. 6.05 Т.х. "Бер-

кли-сквер". 8.00 Жаңалықтар. 8.15 "Сапа бақылауда". 8.55 Жаңалықтар. 9.00 Поле чудес. 10.00 Доброе утро, Казахстан! 11.00 "Белые волки". 11.55 Басты патруль. 12.05 "Ғажайып жан". 13.00 Ашығын айтқанда. 14.00 П@утіпа. 14.25 Айдат мелодио. 15.15 Новости. 15.30 Х.ф. "Мама будет против!". 20.00 Новости. 21.00 "Ғажайып жан". 22.00 Жаңалықтар. 22.45 "Джодха және Акбар". 23.35 Шоу "Подмосковные вечера". 0.25 Х.ф. "Звездный десант: Вторжение".

КТК

7.40 "Қарадайы". 8.40 Жаңалықтар. 9.10 "Махаббат пен өшпенділік". 10.10 Кривое зеркало. 12.50 Новости. 12.40 Наша правда. 13.00 "Практика". 14.50 "Барышня-крестьянка". 15.50 "След на воде". 17.20 "Тағдырмен тартыс". 18.20 "Махаббат мұңы". 19.00 Көріпкел. 20.00 "Әйел қырық шырақты". 21.00 Сверхъестественные. 22.00 Другая правда. 23.00 "Я стесняюсь своего тела". 0.30 Дорогая, мы убиваем детей.

6 наурыз, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.30 Айналайын. 9.00 Ақсауыт. 9.30 Бүгінгі жексенбі. 11.05 М.х. 12.20 "Өмірдің өзі новелла". 13.10 Жарқын бейне. 13.45 "Әке". 17.55 Футзал. Еременко кубогы. 20.00 Апта kz. 21.00 Концерт. 23.05 "Өмірдің өзі новелла". 23.55 К.ф. "Тақиялы періште". 1.30 Апта kz.

ХАБАР

7.00 Концерт. 8.30 Жеті күн. 9.30 Айбын. 10.00 Ас арқау. 10.25 М.ф. 11.40 Сказка "Принцесса для гусей". 12.45 Бенефис-шоу. 14.00 Р. Римбаеваның концерті. 16.30 "Алдар Көсе". 17.00 "Зәуре". 18.30 Қызық times. 19.45 Ду-думан. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Закон доблести".

23.55 "Азия" тобының концерті. 1.25 "Перекресток в Астане".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Әуендер әлемі. 8.30 М.с. 9.20 К.ф. "Менің атым Қожа". 10.50, 13.55, 15.10, 16.55, 17.30, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.00 Біздің айтыс. 12.00 "1001 история успеха". 12.30 Арқа әуендері. 13.05 Әдемі-Ай. 14.00 Х.ф. "Танцуй, танцуй". 16.30 М.ф. 17.00 "Парыз". 18.00 Высота воли. 18.30 "Убить Сталина". 19.30 Волшебный фонарь. 20.00 Қазына. 20.30 Вызов. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.40 "Двойная рокировка". 23.50 "Парыз".

АСТАНА

8.00 Суперпапа. 8.40 М.ф. 10.00 "Украденная жизнь". 11.10 "Жетім жүрек". 13.10 "Әулет". 17.00 "Ұрлан-

ған тағдыр". 18.00 "Жетім жүрек". 20.00 Избранное за неделю. 20.40 Репортер представляет. 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 Той жыры. 22.20 Отбасы. 22.40 "Аналар". 23.00 Сырласу. 23.40 Х.ф. "Итальянец".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Концерт. 9.35 "Алонзо Кинг - поэт танца". 11.20 Ученый совет. 12.00 Өмір жылы. 13.00 "Ақылдың кілті. Өмірдастан". 14.25 Концерт. 16.10 Ұлы даланың құпиялары. 16.35 "Кемел кеңістік". 18.00 Байтерек. 18.40 "Сазген сазы". 20.10 "Ақсарай". 21.10 Сол бір кеш... 22.20 Концерт. 0.25 "Өнер ыргағы".

НТК

7.05 К.ф. "Қызыл белбеу". 8.40 Қазақпыз ғой. 9.00 Х.ф. "Шестой элемент". 10.50 М.с. 13.10 Х.ф. "Фантас-

тическая четверка: Вторжение серебряного серфера". 15.00 Х.ф. "Притворись моей женой". 17.20 Күлкі ойнақ. 18.00 "Зауал". 20.00 Comedy women. 20.50 Х.ф. "Дьявол носит "Прада". 23.00 Көңілді таспа. 23.40 Екі езу. 0.00 Х.ф. "Поцелуй дракона".

7 АРНА

7.00 Елті саусақтар. 7.40 Айна онлайн. 8.00 Шыдамның шегі. 8.30 Келеңсіз кездесу. 9.00 Икона стиля. 10.00 Измайловский парк. 12.00 Q-елі. 12.30 Концерт К. Нуртаса. 14.30 Жан сырым. 15.00 Смейтесь разрешается. 16.15 Х.ф. "Такси 3". 18.00 "Өмір сынағы". 20.00 Жан сырым. 20.30 Один в один. 23.30 Q-елі. 0.00 Х.ф. "Ямакаси".

31 АРНА

6.00 Әзіл студия. 6.30 М.ф. 8.00 "Күйеу бала". 10.00 Х.ф. "Спор на миллион". 12.00 М.ф. "Кунг-фу пан-

да". 14.00 Х.ф. "Теминатор: Генезис". 17.00 Х.ф. "Звездная пыль". 20.00 "Күйеу бала". 22.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 23.00 Х.ф. "Лара Крофт: Расхитительница гробниц". 2.00 Х.ф. "С широко закрытыми глазами".

АЛАУ

7.00 М.ф. 9.00 РТН. 9.30 В ладу с природой. 10.00 По следам музейных невидимок. 10.20 Неизведанный Казахстан. 10.50 Группа здоровья. 11.10 М@триЦа. 12.00 SoloWay. 14.00 "Кебэк". 16.00 ПроАгро. 17.00 "7 передача". 17.30 Пай-пай шоу. 18.00 Жұлдыз-топ. 19.00 Қылмыстық іс № 19.30 Baby Гид. 20.00 РТН Подробности. 20.50 Винтаж. 21.30 "Емшан" - шоппинг с комфортом. 22.00 Легенды эфира. 22.30 "Кебэк". 0.00 Концерт.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Жаңалықтар. 6.05 "Беркли-

сквер". 7.50 Жаңалықтар. 8.25 П@утіпа. 8.45 Воскресные беседы. 9.00 Здоровье. 10.10 Казлото. 10.55 Лотерея "Свой дом". 11.20 Ералаш. 12.00 "Әйел сыры...". 12.55 101 кеңес. 13.20 Кешкі кездесу. 14.35 Большой праздничный концерт в Кремле. 16.05 Добрый вечер, Казахстан! 17.10 Х.ф. "Снова один на всех". 21.00 Аналитика. 22.00 П@утіпа+. 23.00 Ән дария. 23.50. Т.с. "Клим".

КТК

7.05 М.с. 7.40 Концерт. 9.30 Х.ф. "Сказка о царе Салтане". 11.20 Х.ф. "Служебный роман". 14.30 Звездная жизнь. 15.20 КТК-да Қабатов. 16.40 Біздің концерт. 18.00 Шаншардан ең кереметтері. 18.30 Көріпкел. 19.30 "Әйел қырық шырақты". 20.30 Эксперимент. 21.00 Портрет недели. 22.10 Х.ф. "Страшная красавица". 0.00 "Я стесняюсь своего тела".

Іздестіру жұмыстары жалғасуда

Кенже ҚОНЫСБАЙ

Қостанай қаласының тұрғыны 35 жастағы Данияр Күзембаевтың хабар-ошарсыз жоғалып кетуіне байланысты Қостанай облыстық ІІБ-ның баспасөз қызметінде тәртіп сақшылары мәлімдеме жасады. (Сурет әлеуметтік желіден алынды) ІІД басшысының орынбасары, полиция майоры Ерлан Рахимовтың айтуынша, 15 ақпан күні полиция қызметкерлеріне Даниярдың жоғалып кеткені туралы әйелі Эрика Кригер хабар берген. Тез арада қылмыстық іс қозғалып, полицейлер соңғы мәліметтер бойынша іздестіру жұмыстарына кіріскен. Бүгіндері мәселенің басын ашатын бірнеше күдікті жайттар назарда ұсталып отырған көрінеді. Қостанай қаласының ІІБ қылмыстық істің тергеу жұмыстарын өздері қадағалап отыр, деп хабарлайды баспасөз қызметі. Ескерте кетейік, қостанайлық Данияр Күзембаев ақпан айының 11-нен 12-не қараған түні із-түссіз жоғалып кеткен болатын.



Жауапқа тартылатын болды

Алимент төлеуден жалтарып, шетел асып жүрген азаматтар бұдан былай жауапқа тартылады. Осы мәселе кеңінен талқыланып жатыр. Алдағы уақытта Қазақстан 32 мемлекет пен Еуропа одағына мүше елдер арасында балалар алиментін өтеу бойынша арнайы келісімге қол қоймақ. Сол кезде 18 жасқа толмаған әрбір бала әкесі жырақта жүрсе де, материалдық қолдаудан қағылмайды. Бүгінгі таңда мұндай азаматтардың қатары 200-ге жуық. Ал ел ішінде жүріп, алимент төлемейтіндердің саны 1500-ден асады дейді сот орындаушылары. Енді осы заң жобасы Сенаттың пленарлық отырысында қаралмақ.

Жасы көмелетке толмаған бала ол мейлі Қазақстанда болсын, мейлі басқа шет мемлекетте болсын, ол ата-анасының материалдық көмегін де көруі қажет. Басқа шет мемлекетке кетіп қалу деген сөз ол - өз баласының алдында барлық материалдық жауапкершіліктен құтылып кетеді деген сөз емес. Сондықтан мына конвенция

осы мәселемен айналысатын мемлекеттік органдар арасында ықпалдастықты біріктіруге күш салатын өте қажет заң, дейді сенат

«Қостанай таңының» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы

● ШАҢЫРАҚ



«Тойың тойға ұлассын...»

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Той - то малақсыз түтін түтетпейтін қазақ жұрты соңғы жылдары «халал тойға» бет бұрып келеді. Ал «халал той» десе, кей түсінікте «сақалды» ағайындардың жиыны секілді қабылданады. Әсте олай емес. Тек ішімдіксіз өтеді, қалғаны кәдімгі дәстүрлі тойға жақын. Мұнан соң «сақалдылар» арақ-шарап ішпейді, той қызықсыз өтеді» деген жаңсақ пікірлер қалыптасады. Ер кісілер мен әйелдер бірге отырғызылып, би мен әнге де тыйым салынбайды.

Тамирлан мен Гүлден үстіміздегі жылы отау құрған. Той ащы сусыз өтті. «Халал тойға» бастама болған – жастардың өзі. Екеуі де намазға жығылған. Бірақ, негізгі себеп бұл емес дейді ұлдың әкесі Дархан.

– Арақ атадан қалған ас секілді бізге. Мен кеңестік кезеңнің адамымын. Бұрындары той ішімдіксіз өтпейтін. Артынша, ұрыс-керіс, жаға жыртыс... Мұны қанша жерден айтпағанмен, көзге ұрып тұрған шындық екені тағы рас. Ащы суды қоймаса, той өтпей қалатын сияқты көріне ме, әйтеуір есіктен жәшіктеп кіреді, бос бөтелкелер сыртқа шығарылып жатады. Ұл отау құрып, қыз ұядан ұшқанда, мерейтойларда тойдың сәні міндетті түрде арақ болуы керек емес қой. Мен бұған қарсымын. Мәселен Тамирланның тойы жоғары деңгейде өтеді. Ұлым – Түркияда исламтануды жалғастырып жатыр. Келінім Гүлден де Қазақстандағы Құранды жатқа білетін төрт әйел кісінің бірі. Қуанышқа келген халық разы болып, тарады. Негізінде ішімдіксіз той өткізу тек намаз оқып, дін жолын ұстанып жүргендерге ғана емес, ол барша мұсылманның

ортақ міндеті деп білген жөн. «Арақ қоймасам, тойыма адам келмей қалады», «құдалар не ойлайды?» деген алыпқашпа сөздерден ада болу қажет. Қайта, құтты қонақтарды қымыз, шұбат құйып, шалқытып жіберсек те орынды. Қуанатыным – халал той өткізуші халықтың да көбейгені, – дейді Дархан Ибраев.

СУРЕТТЕ: жас отбасы – Тамирлан мен Гүлден. Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



Бүгінгі санда:

Жамбас айғыр
13-бет



Ене
өзірейіл емес



14-бет

Егемен
елдің қорғаны




16-бет

Әзіліңіз
жараса ма?



18-бет





*** АСЫЛ ҚАЗЫНА ***

Халық әндерінен

Сөйле, қалқам-ай

Қасың сұлу қағаздың қаламындай,
Туылғансың, жаным-ау, қалай мұндай, қалқам-ай.
Өкең сұңқар болғанда, шешең – пері,
Бір кісіден тумады бала мұндай, сөйле, қалқам-ай.

Тауға шықсам сайрайды тау кекілік,
Қар жауғанда қалады жол бекіліп, сөйле, қалқам-ай.
Тісің науат болғанда, тілің – шекер,
Қабағыңнан тұрады нұр төгіліп, сөйле, қалқам-ай.

Жирен тай ма, ақ тай ма, қызыл тай ма,
Айдап салсам жатады терең сайда, сөйле, қалқам-ай.
Айтар болсаң сөзіңді бүгін айтшы,
Бүгіннен соң бір ауыз сөзің қайда, сөйле, қалқам-ай.

Жеан қалқатай

Дәйім менің мінгенім көгілдірік, көгілдірік,
Көк дөненге жарасар өмілдірік-ай.
Жерің шалғай кеткенде құрбыластар, құрбыластар,
Осы әніме сала жүр төгілдіріп-ай.

Қайырмасы:
Аққұйрық шай, бозжорға тай,
Есен-аман жүрмісің, жан қалқатай-ай.

Дәйім менің мінгенім құла қасқа, құла қасқа,
Таудан соқпақ салдырдым құламасқа-ай.
Ауылың алыс кеткенде құрбыластар, құрбыластар,
Бет орамал беріп кет жыламасқа-ай.

Қайырмасы:
Ақау десек,
Мамық төсек,
Бара берсек ауылыңа
Болады өсек-ай.

Қара жорға

Айдап салдым жылқымды теріскейге,
Бақпай қойса мал шіркін өрістей ме-ай.
Жылқы ішінен саңлақты ұстап мініп,
Осылайша ән салсам-ай келіспей ме-ай.

Қайырмасы:
Қара жорға,
Жорғалатып салайын-ей,
Жолдан жолға-ай.

Жүйрік те бар, жылқымда жорға да бар,
Бір атымнан тер шықса-ай пиғылым тар-ай.
Ортақ малын елімнің өсірем-деп,
Отаныма көтерген-ай сенімім бар-ай.

Оқырман сауалы

Жұрт қырғыз әні «Бегімай мен Раймалының жырын» Саят Медеуов пен Ақбота Керімбекованың орындауында біледі. Сол Ақбота енді Қайрат Нұртаспен бірге «Кешігіп неге жолықтың» әнін айтып жүр. Осы екі әннің сөздері мен шығуы хақында дерек-ақпарат берсеңіздер, алдын ала рахмет айтамыз.

А.НҰРЖАУОВА,
Ә.СЕРІКОВА.

Арқалық қаласы.

Қырғыздың «Раймалы мен Бегімайдың махаббаты» деген фильмінде қазақ қызы мен қырғыздың суырыпсалма ақыны айтысып, айтыс барысында екі ақын арасында жас айырмашылығына қарамастан ғашықтық сезімі оянып, екеуі де оны өлең-жырмен ашық білдіреді. Бірақ айтыстан мұндайды күтпеген жұрт, екі елдің бай-манаптары қыз бен егде кісінің махаббатын масқара, сүйекке таңба деп айыптайды. Осындай ғашықтық хикая негізінде ән туады.

Бегімай мен Раймалының жыры

Әнін жазған А.Чойбекова.
Сөзін жазған С. Жұмалиев.

Раймалы:
Ғайыптан нұрың төгіліп,
Қатқақтап ойың бөлініп,
Қайғыға салдың қарындас-ай,
Мен қартайған кезде көрініп.

Бегімай:
Бүлдіргендер мөлдіреп піскен кезде,
Тау бұлағын тамсана ішкен кезде.
Самал желмен тербелген тал қайыңдар,
Бақ ішінде мен сені күткен кезде.

Қайырмасы:
Махаббатым сізге арналады,
Махаббатым сізге,
Тағдырым да сізге арналады.

Ақбота КЕРІМБЕКОВА:

Өнердегі бауырым Қайрат Нұртаспен екеуіміз қосылып ән айтсақ, қалай болар екен, дуэттер өте көп, сәтті шыға ма деп ойлады. Терең тақырыпты қамтыған ерекше туынды жасағым келді. Екеуіміз ақылдасып, өнердегі құрбым, дарынды сазгер Индира Елубаеваға айтып, ән жазып беруін өтіңдік. Жас жігіт пен үлкен жастағы әйелдің арасындағы махаббатты жырлайтын ән болуын өтіңдік. Кезінде шал мен қыздың арасындағы маздаған махаббатты Саят Медеуовпен шырқағанда, халық жақсы қабылдады. Қазіргі жігіттердің арасындағы өзінен үлкен әйелге сөз салып, сезімін айтып жүргендері жиірек. Бар ойымыз қоғамда болып жатқан дүниені ән арқылы жеткізу болатын.



Бұл ән Бегімай мен Раймалының екінші нұсқасы. Арамызда ешқандай махаббат жоқ.
Сөзін Қытайдан келген ақын ағамыз Бауыржан Қарағызұлы жазды.

Кешігіп неге жолықтың?

Сөзі Б.Қарағызұлынікі
Әні И.Елубасанікі

Күз жауып тұрған аулада,
Естідім әсем әніңді.
Асқарлы мұңға жаураған,
Жылыттың менің жанымды.
Жалғыздық еді жүдеткен,
Жанымды сенсің түсінген.
Ынтыққан ыстық жүрекпен,
Сүйемін дедім,
сүйемін дедім ішімнен.

Қайырмасы:
Жаратқан хаққа жалынған,
Жел сірә, мендей жылаған.
Кетпеші, кетпе жанымнан,
Сұранам сенен сұранам.
Айта алмай жүрмін,
айта алмай,
Ғашықпын саған, ғашықпын.
Жаныңа барсам қайта алмай,
Көргенше сені асықпын.

Тағдыры бөлек қыз едім,
Үздігіп неге қарадың.
Көктемім өткен күз едім,
Қиналып тұрмын қарағым.

Түсіме кірдің қаншама,
Жылайды сен деп жүрегім.
Жасымыз алшақ болса да,
Өзіңді күтіп,
өзіңді күтіп жүремін.

Тілім тұр байланып,
Жүрегім кетті жаным мұң.
Сезімім өртеп, ой қарып
Көрмесем сені сағындым.
Махаббатымды жаңа ұқтым,
Бұл сезім менде болмаған.
Кешігіп неге жолықтың?
Кешіріші мені жан дауам.

Шығысқазақстандық «Жамбас» атты айғырға қатысты әңгімелерді ат иесі Әлібек Оспанбаевтан естіген едім.

– «Жамбас» биыл 16-ға толды. Тұқымы – кәдімгі қазақтың қазанаты. Азынаған айғыр, нағыз жауынгер жылқысы. Оның тұрпаты: құлан бас, жұмыр мойын, қалың жал, аршын төс, кең омырау, жарау қарын, дөңгелек сауыр, жазық жауырынды, шокпар сан, тік бақайлы, болат тұяқты. Көзі қыран-бүркіттің көзіндей әрқашан оттай жанып тұрады. Қорқу, үрку дегенді білмейді. Алтайдың қалың жауған қарын торы айғыр мұзжарғыштай жарып шабады. Өрге қарай өрлегенде, оған ешкім жете алмайды. Шаршау дегенді білмейді. Бір түн, бір күн онымен табынды айдағанда қыңк деген сыр білдірмейді. Торыны дөнен кезінде өзім үйретіп алдым. Содан

шақырымды артқа тастап, әп-сәтте межелі жерге келіп жеттім. Жолым болғанда Қасымқан аға орнында екен.

Айтып-айтпай не керек, білікті маман Қасымқан аға атты ұйықтатып, кәдімгідей операция жасады. Іріндерді тазалады, қасқыр тілген жамбастың еттерін жібек жіппен теп-тегіс етіп тігіп шықты. Бір сөзбен айтқанда, қазанатымды ажалдан арашалап алып қалды. Содан бері торы айғыр «Жамбас» деген атқа ие болды.

– Жамбастың екінші ерлігі туралы айтып өтейін, – деп, Әлібек әңгімесін одан әрі жалғастырды. – Ол былай болған еді. 2006 жылдың қысы ұзақ болып, көктемі кеш келді. Біздің жаттың өзендерінде су тасып өткел бермейтін сәттері болады. Ең таязының өзі аттың омырауынан келеді. Биыл да жылдағыдай жылқыларды айдап өткізіп жатырмыз. Көштің басында Жамбас айғыр.



Жамбас айғыр

(Болған оқиғаның ізімен)

бері менің өмірімді де және жылқышылық абыройымды да қорғап келе жатқан осы жануар болады.

Оның «Жамбас» деп аталуына мына оқиға себеп болды. Осыдан он екі жыл бұрын ақпан айының ортасында отыз шақты жылқы бар үйіріне бір топ аш қасқырлар шабады. «Мықты айғыр үйірін сақтай алады, ит-құстан қорғайды» деген қазағымның сөзі рас. Сонда, алпауыт айғырым ең

Ол бастады. Үйір соның соңынан ілесті. Себелеп жаңбыр жауып тұр. Бұл кезде табынның 80 пайызы келесі бетке өтіп қойған болатын. Кенеттен «Қанай» өзенінің суы көтеріліп, қатты ағынға ұласты. Ағынға қарамай, ішінде құлын-тайлары бар бір топ тырмысып, қарсы беттегі жағалауға қарай жүзіп келеді. Өзен ернеуінен асып-тасыды. Сол сәтте қатты ағын қойсын ба, бір жас құлынды жағаға жеткізбей алып кетті. Бәрі көз алдымызда өтуде. Не істеу керек? Суға ағып бара жатқан құлынына жаны қиналған байтал биенің шұңқыраған дауысы жер жарады. Бәрі астан-кестен болып кетті. Ойланып тұруға мұрша жоқ. Құлынды құтқару керек. Тек, Сіздің «Құлыным» журналынан оқыған Михаил Шолоховтың «Жеребенок» деген әңгімесі есіме сап ете түсті. Онда азаматтық соғыс кезінде «Дон» өзенінде суға кетіп бара жатқан құлынды Федор атты жауынгер-азамат құтқарып қалады ғой. Мен одан кеммін бе?

Жақып ағаның ұрысканына қарамай, аттан түсіп, үстімдегі киімдерімді шеше бастаған болатыным.

Азынаған Жамбастың дауысы қатты шықты. Жалт қарасам, о тоба, менің Жамбасым, қазақтың өзіне тартқан жүрекжұтқан ер қазанаты құлынға қарай жүзіп барады. Жәй жүзіп бара жатқан жоқ, суға тұншығып, өмір мен өлімнің арасындағы сәбиді, бала құлынды құтқаруға бара жатыр. Оқыранған дауысы қандай керемет! Бұл әлемде қандай қиын-қыстау жағдай болса да жақсылық жасауға орын бар, әділеттікке орын бар, жігіттік мәрттікке орын бар, жанкештілікке орын бар, қиналған жандарға көмек көрсетуге орын бар деп үлгі көрсетіп барады менің Жамбасым! Жүзуі қандай, шіркіннің! Ондай жүзу әлемде жоқ! Құлынға жеткен бойда, құлынына қалқан болған Жамбас айғыр қалқалап аман-есен алып шықты ағын судан құлынын. Қашан да баласына деген ананың жүрегі ерекше болады. Баласының тірі қалғанына жүрегі жарылардай қуанып, төбесі көкке жеткендей болып тұрған байтал биенің бота көздерінен жас парлап тұрғанды көру адам баласына бір ғанибет. Ал, құлынды құтқарып қалған ержүректі азынаған Жамбас айғыр мен баласының аман-есен тірі қалғанына шексіз қуанып тұрған байталдың бас түйістіріп, бірінің-біріне ризашылдықтарын білдірулерін тілмен айтып жеткізіп беру мүмкін емес. Оны көру керек, оны түсіну керек! Елу сегіз жасқа келген Жақып ағам егіліп жылады.

– Біреуден естісем, сенбес едім. Өзім көріп, таң-тамаша болып тұрмын.

Жамбас айғыр нағыз қазанат екен. Оған бүгін көзім анық жетті. Заманында қазанаттар мына Алтайдан – Атырауға, Ұлытаудан – Алатауға дейін созылып жатқан Ұлы Даланы ерлікпен қорғаған батырларымыздың сенімді серіктері, қолқанаттары болған. Осындай қазыналары болғанда халқымыз қор болмаған. Сол жерде ағынан жарылған айтулы атбегі Жақып аға: «Өзің де және өзің жаныңдай жақсы көретін қазанатың «Жамбасың да» аман-сау жүріңдер» деп ақ батасын берді.

Кешкі ет желініп, соңынан шай ішіліп болған соң, Әлібек бауыр әңгімесін одан әрі жалғастырды. Жамбасымның елден ерен осы ерлігі туралы сыр шертуді жөн көріп тұрмын. Бұл оқиға 2008 жылдың қоңыр күзінде, қараша айының ортасында Қалба тауларының бойында, Сібе көлдерінің жанында болды. Ол кезде қожайынымыз осы өлкенің байы Ерік Шерубаевтың үйірінде мыңға жуық жылқылар, нақтырақ айтсам, 33 үйірге бөлінген 950 бас құйма тұяқтылар бар еді. Таңертенгі тоғыздар шамасында «Қаракоста» шай ішіп отырғанбыз. Алыстан келе жатқан қалың жылқының дүбірі анық естілді. Не болып қалды – деп далаға атып



шықтық. Қарасак, Көктаудан асып, бүкіл табын біз отырған ойпатқа қарай дүркіреп келеді. Арттарынан арнайы біреулер қуып, айдап келе жатқандай. Ерттеулі тұрған аттарымызға міне салып, табынға қарай шаптық. Бірден көзіме шалынғаны, менің қазанат тұқымды қазанатым Жамбасым бір өзі мың бас жылқыны тай-тұяғына дейін қалдырмай қайырып, шашау шығармай айдап келеді. Екі көзі қанталап, жалы күдірейіп кеткен. Азынаған айғыр дауысы жер жарады. Оған әбден бағынған табын айдаған жағына қарай ағылуда.

– Жігіттер, түсініп тұрған боларсыздар, Жамбас жайдан-жай бүкіл табынды осында айдап келмейді. Мұнда бір құпия жатыр. Үлкен қауіп болған. Төрт аяқты не болмаса екі аяқты жыртқыштардан шабуыл болған

сияқты. Сендер табынды қайырып, осында қарай тұрыңдар. Ал, біз Қанат екеуіміз басына барып, не болғанын көріп қайтайық? – дедім.

Тың аттарға жол алыс емес. Жарты сағат болар-болмаста біздің табын жайылатын жайылым алаңы алақандай көрінетін жотаға желіп жеттік.

Алыстан бірін-бірі сүйемелдеп келе жатқан екі адам көрінді. Оқиға былай өрбіген. Жартас ауылының Расул және Төкен атты екі ұрысы жылқы ұрлау үшін арнайы жоспар құрады. Өр табында оқшауланып, шеткерірек жүретін бір үйір болады. Біздегі сондай топ Марқакөлден келген қаба тұқымынан тараған биелер мен байталдар бәрі де Жамбастың қарауында болатын.

Межеленген күні таң атар-атпастан екі ұры осы үйірді «Көктаудын» етегімен, «Байшы» шатқалының бойымен қуып отырып, ит мұрыны көрінбейтін ну орман тоғайлы «Заемка» аталатын терең сайға тығып тастамақ. Сосын сол жерден мал алумен шұғылданатындарға сатып отыру.

Мүгедек болып қалған Расул ұрының айтқаны: «Бәрі аяқ астынан болды. Өзім не болып қалғанын түсінбей қалдым. Бір қапталынан жылқыларды айдауға кіріскенім сол еді, құлан мойнын кере созған, жалы күдірейген, алып торы айғыр бірден менің астымдағы аттың мойнын қыршып түсті, сосын екі аяғын тік көтеріп аттың үстіндегі маған шабуылдады. Сол көтерілген бойда сол аяғымен оң жақ қабырғамнан ұрды. Содан арғысын білмеймін. Есімнен танып қалыппын. Тек есімде қалғаны, екі аяғын тік көтеріп шабуылдағандағы көзқарасы әлі көз алдымда. Сен не істеп жүрсің деген адамның көзі. Оттай жанып тұрды».

Екінші ұры Төкеннің айтқаны: «Расулдың дауысы өте қатты шықты. Аяқ астынан оған не болып қалды екен, астымдағы атымның жүрісін жылдамдатып, дауыс шыққан жерге жетіп келдім. Бұрын-соңды мұндайды көргенім жоқ. Дене бітімі ірі, есік пен төрдей, таудай десем де болады, жалы күдірейген алпауыт торы айғыр екі алдыңғы аяғын боксшыларша қайшылап, Расулды бір ұрып аттың үстінен ұшырып түсірді. Сосын маған қарай тұра ұмтылды. Сол екпінімен, бойындағы бар күшімен келіп бізді қағып, жайпап өтті. Атымыз екеуіміз омакаса құладық. Жануар жаяу адамға тиіспейді екен, дірдір етіп тұрған маған жоламай, мен мінген атты қуа жөнелді. Ол бейшарада жан жоқ, сайға қашып тығылды. Содан бері ұрлық жасасам желкемнің шұңқырын көрейін деп, Жартас пен Өскемен қаласының арасына таксист болып жүрмін».

Жамбастың болат тұяғы ұры Расулдың төрт қабырғасын сындырып, ішкі құрылысына зақым келтіреді. Ол Өскемен қаласындағы облыстық ауруханада алты ай емделіп, үш операция жасатады. Екінші топтағы мүгедек болып қалады. «Ұрлық түбі – қорлық» деген осы емес пе?

Осы оқиғадан кейін жылқышы жігіттер Жамбас айғырымды «Мынбасы» деп атап кетті.

Сәдібек ТҮГЕЛ.



алдымен тай, құлын, жабағыларды қорғап, дала бөрілеріне алдырмады. Үйірді бір төбенің басына иіріп, жыртқыштардан қорғап қалды. Бірақ, өзі ашуланған қасқырларға қатты таланды. Қаскөйлер ұстараның жүзіндей азу тістерін оң жамбасқа аямай салып, сан еттерінің паршасын шығарған. Бізді ет қызуымен ештеңе білмеген жануарым, жалы күдірейіп, арқырап кісінеп қарсы алды. Бұлшық атқан санынан қан тоқтамай ағуда. Айдалада аянбай жараланған жануарға не істей аласың? Ем-домды қайдан жасай аласың? Сосын үйірге тағы да қасқырлар қайтадан шабуы мүмкін деп, жылқыларды қыстаққа қарай айдадық. Жаңағы айтқанымдай ет қызуымен ештеңені елемеген тұлпарым ат қораға кірген бойда сұлап түсті.

– Әлібек, мына айғырың мал болмайды. Жанын қинамай басын кесу керек, – деді бригадиріміз Жақып аға. Мен оның үкіміне үзілді-кесілді қарсы шықтым.

– Жәке, торыдан айырылсам, менің өмірімнің сәні мен мәні кетеді. Одан да, қолдан не келеді соны айтыңыз, – дедім.

Мені жақсы білетін Жақып аға: «Айтқаныңнан қайтпайтын мінезің бар бауырым. Дауласуға уақыт аз. Атқа мін де, орталыққа бар. Онда аудандық ветеринарлық станцияда Қасымқан деген ветеринар ағаң жұмыс істейді. Аудандағы жылқының білгір емшісі сол ғана». Жамбыл ағаның ауызымен құс тістейтін, желмен жарыса алатын жүйрігімен жүйткіп келемін. Ойым біреу, қайтсем де айғырымды ажалдан құтқару, қатарға қосу. Сол үшін жан пида. Маған сол сәтте торы айғырымнан жақын жан жоқ еді. Жиырма



● БИЗНЕС ЛЕДИ

Амакелдіде алғаш дүкен ашқан кәсіпкер



Нағыз жылдарында ел іші қайтып қиналды. Сол шақта қолдарына ала дорба арқалап, алыстан зат әкеліп, сатып, тиыннан тиын құяп, кәсіп қызғандар аз болмады. Соның қолы нәзік жандар еді. Жанақтың сол кезде жиналған ақшадан ашқан кәсібі. Үлкен-үлкен сапалықтар ірі саудаға қалды. Ақылдан ақылға. Астында көлік жоқ. Талай жолға қалды. Қазір Амакелді ауданындағы ірі сауда орталығының иесі. Саудаға жүріп, көп қиындық өткізген де, өмірде де ештеңеден кем қалмады.

– Жанар ханым, осы күнге жету үшін талай тер төктіңіз. Қазір сол күндерді жиі еске аласыз ба?

– Мен үйдегі 9 баланың бел ортасында туғанмын. Ел ішінде ақша жоқ, бірақ күн көру керек. Сол кезде қыз басыммен алыс жолға шығып, зат тасыдым. Апталдай ер азаматтардың өзі отбасын асырауға

қауқары жетпей қол қусырып, үйде отыратын. Сол шақта шыны керек белді буып, қыз-келіншектер жолға шықты. Бала-шағасын асырады. Жас болған соң ба, қай істі де күліп жүріп істейтінбіз. Содан шығар қиналған сәттерім ақталып, еңбектің жанғанына қуанамын. Бауырларым қолқабыс етті. Әйтеуір осы істі тастамай алып шықтық. Әрине, ешкім маған дайын асты бермеді. Таза өз еңбегіміз. Сол үшін де мақтана аламын.

– Еңбегіңіздің жемісі – өз қолыңызбен тұрғызып, тұсауын аймақ басшысы ауданға келген сәтінде кескен аудан орталығындағы сауда үйі осы өңірдің көркі деседі.

– Сәті солай болды. «АльфаНұр» деген екі қабатты сауда орталығы бар. Аудан бойынша ірі сауда ошақтарының бірі деуге болады. Жалпы мен осы Амакелді ауданында ең алғаш дүкен ашқан кәсіпкермін. Ол дүкеніміз де жұмыс істеуде. Халыққа бар жағынан қызмет көрсетеміз. 15 адамға жұмыс беріп отырмын. Бауырларымыздың барлығына көмек бердім. Оқыттым, жетеледім. Бәрі де еңбектің арқасы.

– Десе де әйел бақыты – отбасы демекші...

– Қанша жерден мықты болсақ та, ең алдымен, мен әйелмін. Сауда саласында жүріңкіреп қалдым ба, апаларың тұрмысқа кештеу шықты. Екі ұлым, жолдасым бар. Әйелге тән бақыт бір басымда бар деп айтып, шүкіршілік етемін. Қазір енді жасым елуге келді (күліп). Тың ойларым көп болғанымен осы кәсібімді тап-тұйнақтай етіп, атқарсам деймін.

– Кезіндегі сіз сияқты кәсібін бастап жүрген жастар көп бүгінде. Жетістікке жету үшін не қажет?

– Еңбек, еңбек, еңбек. Тек ерінбегенде ғана мақсатқа қол жеткізуге болады. Кейбіреулер төтеннен келген пайдаға кенеле қалатын шығар. Ал кәсіпкер ретінде айтарым, әр адам, ең алдымен, өзіне сенуі қажет.

СУРЕТТЕ: кәсіпкер Жанар Шөптібайқызы.

Ене әзірейіл емес

Тұрмысқа шығарда алдымызда өзге отбасы, басқа өмір күтіп тұрғанын кей кезде біз естен шығарып алатын сияқтымыз. Мен де үйімде бетімнен ешкім қақпай бойжеттім. Уақыты келгенде тұрмысқа шықтым. Келін болдым. Енем, атам бар. Атам өте жақсы кісі. Бірақ енеммен бірден тіл табыса алмадым. Қай ісіме де сынап қарайтын. Осыны өзім сезіп жүрсем де ештеңе демедім. Себебі, үйден кетерімде амам емес, әкем: «Қызым, басқа жерге кетіп барасың. Бұл өз таңдауың. Бізді ұялтушы болма. Бұл үй сен үшін енді тек төркін жұрт. Барған үйіңді өз үйім деп қабылда» деді. Осы сөздер жадымда. Енем қатты сөздер айтса, ешкімге білдірмей, бөлмеме кіріп жылап та алатынмын.

Осылай бір жыл да өте шықты. Басында қамықтым. Көп ұзамайтын шығармын десем де жолдасым қолдады. Қолдағанда анасына қарсы шығып, мені жақтау емес. «Шыда, маман негізі мейірімді адам» деп айтатын. Бірақ ешқашан арамсызға араласқан емес. Бірде жолдасым атаммен алыс сапарға кетті. Үйде енеміз екеуіміз қалдық. Осы бір айдың ішінде біз жақындасып кеттік. Бірге дүкен аралап, үй шаруасын да бірге атқарып тастадық.

Енді ойлап қарасам, мен ол кісіні мүлде танымайды екенмін. Тек жолдасымға ғана сыр ашып, оқшаулана беретінімді түсіндім. Егер ене мен келін арасы жақсарсын десеміз, ақыл сұрап, сырласуға қадам бастау керек екен ғой. Осы кезден бастап арамсыздағы бір белгісіз суық сезім еріп, жақын болып кеттік. Сөйтсем, осының бәрін сезіп, көріп жүрген атам әдейі баласын ертіп алыс жолға кеткенін кейін білдім. Атамның шешіміне мен риза болдым.

Қазір аяғым ауыр. Енем бұрынғыдай емес. Екеуіміз емін-еркін сөйлесе береміз. Менің айтпағым, қыздар, құрбылар бар кінәні өзгеден іздегенше, отбасы құрған соң өзіміз де алғаш қадам бастап, кішірейіп, сәл де болса мейірімді бола білгеніміз жөн сияқты. Қалай ойлайсыздар? Сыр бөлісейік.

Сәлеммен, Назым.

Бет терісі құрғаса




Көптен күткен көктем де жақындап қалды. Жаңа ояңған табиғатпен қатар қыз-келіншектердің де құлпыратын кезі. Өз басым әдемі көйлек пен жарқын бет күтімін көктемнің ажырамас бір бөлігі деп санаймын. Алайда, қыстың қытымыр суығынан қасаң тартып, құрғап шыққан бет терісіне көктемде айрықша күтім қажет. Сол бет терісінің құрғап қала беруінен зардап шегушілердің бірі менмін. Сондықтан, үнемі бет терісінің құрғап, қабыршықтанып қала беретінінен әбден шаршадым. Сондайда не жағарынды білмей, әр нәрсені бір алып, қажеттісін, нәтижелісін таппайтын кездер болады. Косметологқа барайын десем, қалтам көтермейді. Мүмкін бұған сіздер көмектесерсіздер?

Қостанай қаласы.

Маржан ТАЛҒАТОВА.

Лариса,
«Максимум»
сұлулық салонының
косметологы:

– Беттің жиі қабыршықтануы іштегі ағзадағы өзгерістерге де байланысты болуы мүмкін. Ол үшін бауыр, асқазанға көп мән беру керек. Сондықтан, дәрігерге қаралып, ішкі ағзаны бір тексертіп алған да жөн. Ал, бәрі ойдағыдай болса, кез келген жақпа майларды жаға бермей, ең алдымен, жылына бір рет болса да косметолог маманның көмегіне жүгінген абзал. Жалпы, бет терісі қатты құрғап кетпес үшін күніне таза суды көбірек ішкен дұрыс. Қыздар косметологтарға бармайды. Негізі маманға жүгіну үстіндегі қара нүктелерді де аламыз. Бетіңіздің терісі тазарып, бір қабығы (өлі қабық) алынады. Мүмкіндік болса, косметологқа барған жөн. Бұл кезде теріге ультрадыбысты тазалау мен пилинг артық етпейді. Көктемде мезотерапия мен масаждың да пайдасы зор.



● ТАНЫС СӨЗДЕР ТӨРКІНІ

Ару

"Ару" сөзін әйелдер қауымына арнап көп айтамыз. Десек те, осы сөздің түп мағынасын, шығу тегін көпшілігіміз біле бермейміз. "Ару" сөзін ертедегі қазақ әдебиетінен жиі кездестіреміз. Бұл сөздің екі ұғымда жұмсалатынын білдік. Ол туралы Р.Сыздықова өз еңбегінде былай дейді. "...бірі – әйел, қыз деген сөздерден бұрын тұрып, "сұлу, сүйкімді", "абзал, ардақты" дегенді білдіреді немесе жеке тұрып "сұлу қыз, сүйікті әйел" деген мәнде жұмсалады".

Алғаным Әли ағаның қызы еді,

Қас арудың өзі еді.

Маңдайы күнге тимеген,

Желге шашы үрмеген,

Серпіліп адам бетін көрмеген, – дейді Доспамбет жырау. Оған қоса, XV-XVII ғасыр әдебиетінде ару ат, ару ұл, ару батыр деген тіркестерді кездестіреміз.

"Ақтабан ару торы ат жайлаған" деп Шобан жырласа, Шалкиіз:

Айсұлудың ару Әметі тұрғанда,

Айсаның ару ұлы Қолай бар, – дейді. Бұл үзінділерде қандай мән бар? "Ару торы ат", "ару Әмет" деген бұл тіркестерде ат пен адамның сынын білдіріп тұр. Өз дәуірінде тіркескен сөздің семантикасына байланысты "ару" сөзінің де мағынасы сәйкесінше оң алып отырған. Ару жігіт дегеніміз сұлулығына емес, батырлығына байланыстырып айтқан. Ару ат деп жүйріктігін бағалап қойған сыны. Бүгінгі таңда ару ат, ару жігіт деген тіркестер біз үшін жаттау болуы мүмкін.

Ару сөзі әйелдерге қатысты сөз болғанымен, ертеректе "пәк, таза, кіршіксіз" деген және діни ұғымдағы "әулие, ие", осылардан барып, "игі, мінсіз, игілікті, асыл" деген ауыспалы мағыналары пайда болған. Сондықтан көне түркі ескерткіштерінде арығ тон (таза киім), аруғ азуқ (адал тамақ), қылқы аруғ (мінез-құлқы игі), ару күмүш (таза, қоспасыз күміс) деген тіркестерді көруге болады. Бұл сөз тегі тек түркі емес, түркі-монғол тілдеріне ортақ ежелгі сөз болуы керек. Өйткені, монғол тілінде де ариг сөзі "таза" мәнін береді. Монғолша ариг ус – ауыз су (таза, ішуге келетін су), ариун 1) киелі, әулие, таза, адал; 2) үсті-басы таза жүретін деген мағыналарды білдіреді екен.

Ару (ары) сөзінің "таза" мағынасы қазақ тіліндегі арылу етістігінде де сақталған. Арылмақ сөзі қазіргі түркі тілінде екі түрлі ұқсас мәнде жұмсалады екен: бірі "тазару, таза болу" деген және "аурудан сауығу, жазылу" деген мағыналарда. Татар тілінде де ару – "таза", арулық – "тазалық", аруламақ – "тазарту" деген мағына берген. Демек, түбі бір түркі тілдеріне ортақ осы бір "ару" сөзінің мағыналары бір-біріне аса жақын екен.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі үлкен

Бүгінгі таңда қазақ тілінің қолданылу аясы кеңейді. Іс қағаздар қазақ тілінде жүргізіліп, барлығы болмаса да өзге ұлттың кейбір балалары қазақ мектептерінде білім алып жүр. Бұған Елбасымыздың жүргізіп отырған саясаты себеп болуда. Соған орай мемлекеттік тілдің мәртебесі биіктеп келеді.

Қазақ тілі – бай тіл. Сөздік қоры да, терминологиялық түсінігі де көп. Сондықтан жаратылыстан берілген ана тіліміздің одан әрі мәртебесінің өсуіне, қоғамдық ортада кеңінен қолданылуына барлық қазақстандықтар атсалысуы қажет деген ойдамын.

Әрине, қазір бәрі бірдей қазақ тілінде сайрап жүр деп жалған айтуға тағы болмайды. Бірақ та бұрынғыдай емес, бүгіндері қазақ тілі жаңа дәрежеге ие болды деп мақтанышпен айтуға болады. Мемлекеттік тілде тұрғындарға қызмет көрсетіліп, құжаттар қазақ тілінде толтырылуда. Елбасының жарқын саяси бағыты қазақ тілінің биікке самғауына серпін беріп отырғаны бірден бір себеп деуге болады.

Болашақта қаладағы сауда орындарының атаулары, жарнама билбордтары таза қазақ тілінде жазылса құба-құп болар еді. Бұйыртып, бұл күнге де жетерміз. Жалпы маңдайшаларда жазылатын атаулар мен ілінетін жарнамалардың мемлекеттік тілдің дәрежесін көтеруге ықпалы бар екенін айта кеткен жөн. Сондықтан сауда орындары қожайындары мен жарнама ілуші компаниялардың "өзім білемге" салып, әркім өз дегенін жасамай, керісінше, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бір кісідей атсалысса нұр үстіне нұр. Мемлекеттік тіл күн тәртібінен түсетін мәселе емес. Бірақ айта-айта жауыр қылмай, әр адам өз деңгейінде қазақ тілінің дами беруіне себепші болғаны жөн.

Гүлшат НИЯЗБЕКОВА,

Алтынсарин негізгі мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Қостанай ауданы.

● ҚАНАТТЫ СӨЗ

Елді ала тайдай бүлдірген

Жұртты дүрліктіріп, абыр-сабырға душар еткендерге осы сөз қолданылады. Бұл сөздің қалай шыққаны туралы қазақтың атақты ғалымы Шоқан Уәлиханов жазған. Қашқария сапарында жүрген Шоқан Құлжа қаласындағы бір ойрат қартынан қалмақтар мен ноғай-

лы қазақтары арасындағы соғыс туралы осы әңгімені естіген.

Қалмақтар тұтқиылдан шабуыл жасап ноғайлы қазақтарын абыржытып, бүліншілікке ұшырата берген. Бір күні кешке байлаудан босанып кеткен ала тай ауылды айнала шауып, малды үркітеді.

Қорыққан қазақтар қонысын тастай қашады. Кейін байқаса, шапқан жау жоқ, елді бүлдіріп, малды үркітіп жүрген ала тай екен. Содан былай халық: "елді ала тайдай бүлдірген" деп мәтелдеп кетіпті. (Н.Төреқұловтың "Қанатты сөздер" кітабынан).

● БІЛГЕНГЕ – МАРЖАН

ЖЫЛТОҚСАН

Халқымызда "соғым" (кей жерлерде "соғым басы") аталатын малды сою рәсімі бар. Біз оның тұрмыстық-шаруашылық мәніне ғана үңіліп жүрміз. Шын мәнінде ол – ежелгі замандардағы он екі жілікке бөлшектеу арқылы "жіліктеме" үлестіру жоралғысы. Мұсылманша айтқанда – құрбандық. Бертін келе ол таза тұрмыстық мазмұнға ие болып, қысқа ет әзірлеу үрдісі болып кетті. Басқа жағынан алғанда, соғым наурызда туған Жыл кейпінің ғұмыр кешіп бітуі ғұрпын паш еткен болуы керек. Жылдың соңғы үш айында осындай үдерісті бастан кешкен ескі жыл қарға айналып, еріп, келмеске кетеді де, оның суынан Наурызда жасыл шөп немесе жас төл болып табылатын жаңа жыл туылады. Жылдың бұл жазғытұрғы маусымы қазақтарда Жылтоқсан деп аталған. Бұл жылдық айналым межесін айқындайтын түркілік термин. Ал жылдың өзге маусымдары ретімен – Жазтоқсан, Күзтоқсан және Желтоқсан деп аталған. (С.Ерғали. Түркілік жыл маусымдары).

"Сөз әлемінде" жарияланған материалдарға қатысты пікірлерін айтып хабарласқан белсенді оқырмандарымызға алғысымызды айтамыз. Тіл мәселелері туралы ойларыңыз болса, жазыңыздар, хабарласыңыздар.

Бетті әзірлеген Мнауара ҚАБДРАХМЕТОВА

Асқақтай бер, ана тілім!

Туған тілім қандай әсем – Тас бұлақтай тазалығың. Естіледі құлағыма, Сыңғырлаған ғажап үнің. Сені сүйіп, сағынатын Мен даланың қазағымын. Сенсіз өмір сүре

алмаймын, Мен осыны анық білдім. Сен қиянат көрмесін деп, Жігерімді жанып жүрмін. Асқақтай бер, Ана тілім, Ұйтқысы боп барлық

тілдің. Г.БАЙМУХАНОВА,

Мичурин орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

● ҚАЙТАЛАП КӨРІҢІЗ

Жаңылтпаштар

Қосал атам ет асатады, Ет асатса неше асатады? Қосал атам ет асатады, Ет асатса бес асатады.


* * *

Шілікті шаптым, Жілікті астым. Шілікті жақтым, Жілікті шақтым.

● ҚЫСҚАША

Су ми

Су ми – ақылы жоқ, мисыз деген мағынада айтылады. Кейде ұрысқандар сөз арасында "су ми" деп қалады. Ал іс жүзінде мидың 80 пайызы судан тұрады.



8-наурыз мерекесінің қарсаңында барлық нәзік жандылардың жақындарынан сыйлық күтетіні белгілі. Бірі бағалы гаухартас пен алтын алқаларды қаласа, екіншісі, киім-кешек, үшіншісі гүл шоқтарын сыйлағанды ұнатады. Қандай сыйлық болмасын, ақ жүреппен, ізгі ниетпен тарту етілсе болғаны. Адамдардың бір-біріне деген көңіл-іліпатының өзі жетіп жатыр.

"Kompetenz" СК ақпараттық-талдау орталығы өткізген сауалнамаға сәйкес, қазақстандықтар 8-наурызда жүрегіне жақын нәзік жандарға сыйлық алуға орта есеппен алғанда 9360 теңге жұмсайтын көрінеді... Сондай-ақ, сауалнама қорытындысына сәйкес, ерлердің көбісі (34%) әйелдерге гүл, 19% – иіссу мен опа-далап түрлерін, 12% – тұрмыстық техника мен заманауи гаджеттер, 11% – сыйлық сертификаттар, 4% – әшекейлер мен бағалы бұйымдар, 2% – туристік жолдама, 0,5% – көлік, 4% – басқа нәрселер сыйлайды екен.

Ал, сіз не сыйлар едіңіз?

Әбдүмәлік ОРЫНТАЕВ,
21 жаста:

– Әзірге сүйіктім жоқ. Сондықтан анама, әпке-қарындастарыма сыйлық жасаймын. Ағаларыммен бірге құттықтаймыз. 7-8-сыныпта жүрген кезде қағаздан көп гүл жасап, сыйлайтыным есімде. Студент кезімде шәкіртақымды жинап, алтын жүзік алып барғанымда анамның қуанғанын айтсаңызшы! "Балам-ау, өзің студентсің, мұның не?" деді. Десе де, есейген кенже ұлының үлкен сыйлығын қуана қабылдағаны көз алдымда. Ал осы жылы не сыйлайтынымды әлі ойластыру үстіндемін.



Елдос ТАЙЖАНОВ,
27 жаста:

– Ананың қуанышы үйдің берекесі ғой. Олар үшін балалары құшақтап, мерекемен құттықтап жатса, онымен ешбір сыйлық теңесе алмайды деп ойлаймын. Өз басым ақ түсті ұнатамын. Гүл сатып алар кезде жүрегім қай гүлге бұрылып тұрса соны аламын. Бірақ көбіне аққа құмармын. Сондықтан жарыма, анама бұл күні бір шоқ ақ раушан гүлін сыйлаймын.




Есенғали ҚОЙБАҒАРОВ,
36 жаста:

– Мереке күні қолдан келген ше жақсы сыйлық сыйлауға тырысамын. Қыздарым мен жарым қандай сый жасасам да қуанады. Бастысы, шын ниетпен болса болғаны. Көбіне сұлулық салондарына сертификаттарды тарту етемін. Одан қалды бәріміз бірге қыдырамыз. Осылай бір күнді өткіземіз. Барлық әйел затын келе жатқан көктем мерекесімен құттықтаймын!



Саятай ЖОЛЫМБЕТ,
19 жаста:

– Әрбір азамат анасы алдындағы қарызын ешқашан да өтей алмайтыны белгілі. "Анаңды Меккеге он рет арқа-лап барсаң да, парызыңды өтей алмайсың" деп, бекер айтылмаған ғой. Қазір анамнан жырақта жүргендіктен тек телефон арқылы құттықтай аламын. Сонымен қатар, құттықтау видеоролигін жасап, интернет арқылы жіберу ойымда бар.



Димаш КӨШЕКОВ,
13 жаста

– Жыл сайын әкем екеуіміз мейрам күні анамды құттықтап, асүйге кіргізбей, ыдыс-аяқты өзіміз жуып, ас мәзірін де өзіміз дайындаймыз. Ал, мектепте жеребе тастау арқылы қыздарға сыйлық жасаймыз. Көбіне өз қолымыздан жасалған гүлдерді сыйлаймыз.



Сауалнаманы жүргізген
Маржан БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ, студент.

Егемен елдің қорғаны

● ЖАС САРБАЗ

Сіздердің газеттеріңізден "Жас сарбаз" айдарының ашылғанын көріп, қуанып қалдым. Мен де алыстағы туған-туыстарыма сәлем жолдауға қолыма қалам алдым. Осыдан екі ай бұрын Қарағанды облысынан Қостанай қаласындағы ҚР Ұлттық ұланы №6697 әскери бөліміне әскери міндетімді өтеуге келген едім. Енді аз-кем өзім туралы айтып өтейін.

Мен, Олжас Сәлімжанұлы Ғалымжанов Қарағанды облысының Майқұдық ауданында 1997 жылы дүниеге келдім. Қарағанды қаласындағы көп салалы гуманитарлық-техникалық колледжінде бағдарламашы мамандығын игердім. Қазір әскери билетсіз жігіттерге жұмысқа тұру қиындап кетті ғой. Сөйтіп, Отан алдындағы борышымды өтеуге Қостанай облысына келдім.

Сіздердің газеттеріңіз арқылы жырақта менің әр күнімді күтіп жүрген анам Сағатова Ғалияға және Қарағанды облысында тұратын ағайын-туыстарыма сәлем жолдаймын. Ата-анаңнан алыста жүріп, қадірін біліп, сағынады екенсің. Жақында 30-қаңтарда ҚР Ұлттық ұланы №6697 әскери бөлімінде салтанатты



түрде ант қабылдау рәсімі өтті. Енді, міне әскери тәртіпке шыңдалып жатқан жайымыз бар.

Біздің әскери міндетіміз қоғамдық тыныштықты сақтау, қала көшелерінде қоғамдық тәртіпсіздікті бақылау. Әскери міндетімді атқарған соң еңбек жолымды осы саламен байланыстырғым келеді. Бос уақытымызда шашка ойнап, газет-журналдар оқимыз. Әр облыстан келген өзім қатарлы жігіттермен тез тіл табысып кеттім.



● БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Маман кеңесіне зәрумін

Құрметті редакция! Менің жасым 18-де. Былтыр әскерге шақырылу кезінде арнайы медициналық тексерістен өткенде маған варикоцеле деген диагноз қойды. Соның салдарынан әрі басқа да сырқаттарымның бар болуынан әскерге алмай қойды. Маған еркектерді қарайтын маманға көрінуге кеңес берді. Бірақ, әлі дәрігерге аяқ басқан жоқпын. Кеңес, бағыт-бағдар беретін әкем де жоқ. Ал, біреулерден естуімше, бұл ауруды емдеу үшін тек қана операция жасату керек дейді. Сол қаншалықты рас, олай болған күнде де ота жасатпауыма бола ма? Осыны арнайы маманнан біліп берсеңіздер екен.

Дархан ЕСМҰРАТ.

Дарханның бұл сауалына орай, қаламыздағы "Уромед" медициналық орталығының тәжірибелі уролог-андролог дәрігері Смадияр Игимбаев жауап береді:

– Бұл ауру туа бітті және жүре пайда болатын сырқат. Варикоцеле – ер азаматтардың жыныс мүшесінде, әсіресе ұмадағы қан тамырларының кеңеюі. Бұл ауру кейде ер адамдарда жасөспірім жастан басталады. Ол кезде ұма тамыры кеңіп, ісіп кетеді. Жүре пайда болғаны көбіне ауыр көтергеннің салдарынан туындайды. Варикоцеленің асқынуы кезінде ұрықтың



да белсенділігі төмендейді. Егер бұл ауруды дер кезінде емдемесе, бедеулікке әкеліп соқтырады. Өйткені аталық безге қан бармағандықтан, қан айналымы өзгеріп, жыныс мүшесіне де әсерін тигізеді. Ауруды емдеудің бірден-бір жолы – ота жасату. Жалпы, ер азаматтардың дәрігерге қаралуда немқұрайлылық танытатыны жасырын емес. "Ауруын жасырған өледі"

демекші, қандай сырқат болмасын дер кезінде дәрігерге қаралған абзал. Сондықтан, жас жігітке де айтарым, операциядан қорқып, бас тартудың қажеті жоқ. Ал, ота жасатпаса, онда болашақта ұрпақсыз қалуы әбден мүмкін.



Мен тегін адам емеспін

Кезінде Кеңестің, Төрелермен теңестім. Егескенмен егестім, Мен тегін адам емеспін. Институтта сырттай оқыдым, Профессорлардың миын шоқыдым. Сессияларда басымды қасыдым, Сосын дөкейлерге қой тасыдым, Әрине, жасырын. Зоотехник деген мамандық алдым, Мал соңында жүріп қайтем, Милицияға бардым. "ОУР"-дың уәкілі болып жұмысқа кірдім, "Майшелпек" сонда екенін білдім. Қылмыспенен майданды бастап кеттім, Кейбіреуін шекеден соғып, жасқап кеттім. Негізінен "ОУР" деген орыс сөзі мықты, Түбірі "Ал ұр" деген қазақ сөзінен шықты. Ұрмасаң адам өлтірген

қылмыскер түгіл, Қатының да шынын айтпайды, Қасарысып қайтпайды. Сосын ұрдым, шыңғыртып тұрып бастым, Ақыры қылмысты аштым. Прокурор шүйліккен соң, Алды-артыма қарамай қаштым. Сосын "МАИ"-ға бардым, Алатайқ ұстап, алшаң бастым, Шопырлармен майдан аштым. Жолдың қожасы мен дедім, Штраф төлейтін сен дедім. Біразын ақша беруге үйретіп алдым, Бермегендерге "трубка" үрлетіп, "Массың" деп сүйретіп алдым. Осылай талай құтырдым, Ақыры түрмеге түсіп, тұтылдым.

Кезінде Кеңестің, Төрелермен теңестім. Егескенмен егестім, Мен тегін адам емеспін. **Абай ҚАЖИ.** Әулікөл ауданы.

Сейіттің арақ туралы "мақалдары"

Сейіт Кенжеахметұлы араққа әуестігі болмаған және арақ атаулыға қарсы жандардың бірі болғаны мәлім. Сол арақ туралы Сейіттің көп мақалдары бар. Торғайға келген жазушылармен бір отырыста Сыраған Сейітке "Арақ туралы мақалдарың бар еді ғой, соларды тағы айтып жіберші!" деген екен. Мұны естіп қалған Ғафу:

– Сейіт шырағым, айтпай тұра тұршы, біз алдымен мынау стақандағыларымызды алып жіберейік, сосын барып айтарсың, – дейді. Сонда Сейіттің айтқан мақалдар мыналар екен:

- * Нар жолында жүк қалмас, қазақ жолында арақ қалмас.
- * Ағайындыны арақ қосады, абысынды шарап қосады.
- * Ақыл арақтан шығады, шырай шараптан шығады.
- * Жарымаған жігіт бір жартысыз жүреді.
- * Ағайын тату болса, арақ көп, абысын тату болса, шарап көп.
- * Алты ағаң болғанша, алты шыны арағың болсын.
- * Сыраның соңынан ішкіш ереді, ішкіштің соңынан пыш-пыш ереді.
- * Арақ көрсең, аттан түс.
- * Жігітке жетіжүз грамм да аз.
- * Қызу еркек қырық қатынға ғашық болады.
- * Алқаш қатын алты байды азсынады.
- * Жүрген аяққа жүз грамм ілінеді.
- * Ауру қалса да, арақ қалмайды.
- * Арың төгілгеннен арағың төгілген жаман.
- * Арақ ішкен арыстаннан да қорықпайды.
- * Алтын басты шараптан, бақыр басты арақ артық.
- * Арақ ақылға жол бермейді.
- * Арақтан арым садаға, шараптан жарым садаға.
- * Арақ ішкен аш болмайды.
- * Жүз грамм жұтпаған жұмаққа бармайды.
- * Жаман қазақтан жарты стақан арақ қалады.
- * Арағы бар үйдің арығы да тәтті.
- * Өлетін бала молаға қарай жүгіреді, өлетін адам араққа қарай жүгіреді.
- * Дос жылатып айтады, коньяк құлатып айтады, сыра сұлатып айтады.

Жасұлан СЕЙІТҰЛЫ.

ФОТООБЪЕКТИВ АЙЫПТАЙДЫ



Қостанай көшелеріндегі қазақша жарнама

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

"Аузы қисық болса да..."

Қырықтан асса да Көбіктің бұл өмірде түсінбейтіндері көп-ақ. Ақылының аздығынан ба, кім білсін, "ананың" да, "мынаның" да мәнісін сұраумен құрдасы Қисықты әбден қажытты. Міне, бүгін екеуі тағы да сөзге келіп қалды. Әңгімені Көбік бастады.

– Осы менің қазақтың көптеген мақалдарына ақылым жетпей-ақ қойды, – деді ол. – Не болса соны мақалға айналдыра салады. Мәселен, "Бермесе де бай жақсы, жемесең де май жақсы" – дейді. Ал енді осы мақалды қалай түсінуге болады? Подхалим бір қазақтың байларға жағымпазданып, сандалып айта салған сөзі ғой. Оны басқа жағымпаздар қос-тап ала кеткен. Сөйтіп, мақалға айналып кеткен. Әйтпесе, осы мақалға айналатын сөз бе? Бермейтін сараң байдың несі жақсы?

– Өте керемет сөз, – деді Қисық, – мақал болуға өте лайықты сөз. Бұған сенің тауықтың миындай ақылың жете қоймайды. Бұл сөздің астарында үлкен мағына жатыр. Мәселе – беруде емес, мәселе – бай болуда деп тұрған жоқ па? Қарашы, қазір елімізде байлар қалай көбейіп келе жатыр. Яғни, бұл қоғамымыздың "бет-аузының" түзеліп келе жатқаны емес пе? "Бермесең де бай бол, бай бол, бай бол" – деп сен сияқты жалаңбұттардың миын шұқып тұрған жоқ па бұл мақал. Неге бай болмайсың?

– Жарайды, – деді Көбік, – бермесе де, бай жақсы-ақ болсын, ал "жемесең де, май жақсы" деген сөзді қалай түсінуге болады?

– Бұл сөзді енді қалай түсінсең, олай түсін. Тіпті түсінбесең де оқасы жоқ. Қазекең мұны ұйқас үшін айта салған ғой. Жемесең де май жақсы, мінбесең де тай жақсы, ішпесең де шай жақсы деп шұбырта беруге болады. Тағы қандай мақалға ақылың жетпей жүр?

– Бұл енді тура намысыңа тиетін хулиган мақал. "Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін" – дейді. Көрдіңіз бе, ұялмай-қызармай адам правосын аяққа таптап тұр. Мен жалаңбұт болсам да, аузым түзу ғой. Мен неге сөйлемеймін керек? "Ананың" аузы қисық, сонда да ол сөйлеуі керек.

Бұл да бір "подхалим" қазақтың байларға жағымпазданып айта салған сандалбай сөзі ғой.

– Әй, Көбік, – деді Қисық аузын қисайтып, – сенде бір түйір сана жоқ, сенде дым жоқ.

– Не болып қалды сонша?

– Әй, әумесер, сен осы мақалдың астарында не жатқанын түсінесің бе? Түсінбейсің ғой, түсінбейсің. "Байдың ұлы сөйлесін" дегенде екеуіміз сияқты сөйлескенді айтып тұрған жоқ қой. Байдың ұлы қайда сөйлейді? Үлкен маңызды мәселелер қаралатын жиналыстарда, қасқалар мен жайсаңдар бас қосқан үлкен тойларда, тағы басқа сондай үлкен мәжілістерде сөйлейді. Сөйлегенде бұй дейді: "Ал енді мырзалар мен ханымдар, мен әлгі қала басшысының баяндамасында әңгіме болған жетім балалар үйіне бес миллион теңге аударамын". "Мен бүгін 70 жасқа толып отырған ағамызға тұлпар мінгіземін". Міне, "Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін" деген мақалдың астарында не жатыр. Ал сенің түзу аузыңнан осындай сөз шыға ма? Шықпайды ғой, шықпайды, сондықтан да сенің қияли да құрғақ сөзіңді ешкім ұқпайды, ал байдың аузы қисық ұлының сөзін бәрі құптапты. Вот, мәселе қайда! Тағы қандай мақалға миың жетпей жүр?

– Ми жетпейтін мақалдар көп қой, – деді Көбік. Мәселен, "Алтын көрсе, періште жолдан таяды" деген не сөз? Періштенің алтын алғанын, жолдан тайғанын біреу көріп тұрған ба? Осындай негізсіз, ақылға ешқандай қонбайтын мақалдарды кімдер ойлап табады?

"Мына ақымаққа дауа жоқ екен" деп ойлады Қисық. Өзін керемет бір әулиеге теңеп, қатырсам қайтеді".

– О, қасиетті Көбік әулие, – деді Қисық жын ұрғандай айқайлап, – о, данышпаным, "Періштенің алтын алғанын, жолдан тайғанын біреу көріп тұрған ба" деп қалай тамаша айттың. Осы уақытқа дейін осындай сұрақ қоюға бірде-бір пенденің ақылы жетпепті ғой. Әрине, көріп тұрған ғой. Көрмесе, айта ма?

Періште дегеніміздің өзі біздің

Еден жуушының монологы

Өзгеріп ауыл әкімі, Мектепке келді директір. Шемішке сатқан қатыны, Кітапхананы билеп тұр.

Жан екен шыққан қатты есі – Жаңа "команда" жасады: Хатшысы – туған әпкесі, Інісі – орынбасары.

Қарсылық оған болды айқын – Найсапқа қалай жұғар кір. А-ға Б қоса алмайтын Ұлы мектепте "бұғалтыр".

Кенжесі – қазір жас маман, Басталған жаңа өтілі. Бөлеге... штат ашпаған, Сонда мекеме өкілі.

Мен ғана жүрмін "албасты"... Әулетке көшті бүкіл күш. Мектептің ішін шаң басты – Сыпырғыш керек, сыпырғыш... **Жан БОРАШ.**

қылықтарымызды, былық-шылықтарымызды жазып алып, "жоғарыға" жеткізіп отыратын құдайдың көмекшісі ғой. Яғни, күні ертең "ана жаққа" кеткенде жұмаққа не дозаққа баруың осы періштенің қалай жазғанына байланысты шешіледі. Соны білетін биліктегі бір парақор: "О, періштем, бұл дүниеде жасаған күнәларым көп еді, билік қолға тиісімен астым, тастым, қиянатқа бастым. Жазықсызды жазғырдым, түбіне жетіп, аздырдым, мисыздарды мадақтап, мәз қылдым.

О, періштем, толып жатқан осындай күнәларымызды күдекеңнен жасыра көр, мақтауымды асыра көр" деп, періштеге жалынып-жалбарынып, "алтын" беріп жатқанын осы мақалды шығарған адам көріп қалыпты ғой. Содан ол жерден жеті қоян тапқан-дай көрген "жаңалығын" екі езуі екі құлағына жетіп, ел-жұртқа жайып салмай ма. Әнеки, бұл мақал қалай туындаған.

– Апыр-ай, ө, – деп мәңгірді Көбік, – әлгінде сен мені әулие дедің бе?

– Әулиесің ғой, әулиесің. Әулие болмасаң қазақтың "жөн-жосықсыз" мақалдарын тас-талқан етіп сынайсың ба?

– Сонымен періштенің алтын алғаны, жолдан тайғаны рас болды ғой.

– Рас қой енді, рас. Рас болмаса әлгі мақал тектен-текте тумайды ғой. Жұмаққа бару үшін пара бермек болып, сол "парақор" періштені іздеп жүрген биліктегілер көп көрінеді. Қайтсін енді, күнәлары көбейіп кеткен шығар.

Қане, тағы қандай мақалға миың жетпей жүр?

– Ми жетпей жүрген "быдыбыды" мақалдар көп қой, көп. Бірақ оларды кейін айтам, қазір "үйге қайтам".



Бетті дайындаған Дамир ӘБІШ

● "ЖАЙДАРМАН" ЖАСТАРЫ

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Сатира саңлағы
Оспанхан Әубәкіров
"Күлмейтін адам болса
болар, күлмейтін халық
бола ма?" деген екен.
Өмірде бір рет те
күлмеген немесе
жыламаған адам жоқ
дегенге сену қиын. Күлу
мен жылаудың адам
денсаулығына пайдасы
барын оқымысты
ғалымдар ертеде
дәлелдеп қойған. Ең
алдымен стресстің



рек?

– Біздің сүйікті ісімізге айналды. Жылына бір рет сахнаға шықпасақ қарайып қалғандай боламыз. Көрерменнің алдына шығып өнер көрсетуден, олардың қошеметін естуден артық қуаныш жоқ. Жайдарман – достықтың мекені.

Әзіліңіз

алдын алып, қан қысымын түсіреді және қан айналымын жақсартады. Сондай-ақ қорқыныш, ашу, реніш сияқты жағымсыз эмоциялардан арылуға көмектеседі.

Адамдар неге күледі, неге жылайды? Оның себебі әртүрлі болуы мүмкін. Оқымыстылардың зерттеуі бойынша, күлкіні шақыратын – юмор, ал жылаудың себебі – қайғы. Көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, жарасымды әзіл-қалжың айтып жүрген жастар көп. Бұл сөзімізге "Жайдарман" ойындары дәлел. Соңғы жылдары қыздар да әзіл айтып, сахнаға шығып жүр. Жайдарманшы қыздардың әзілі жарасып жүр ме? Бұл сауалымызға Арқалық қаласындағы "Ару.кз" командасының мүшесі Айдана Түгел жауап берді.

– "Жайдарман" ойнау қыздарға жараса ма? Ел алдына шығып, әзіл айтқан қалай екен?

– Талғамға талас жоқ. Әркімнің пікірі әртүрлі. "Жайдарманды" қыздар немесе ұлдар ойнау керек деп жынысқа бөлу ережеде жоқ. Біз сахнаға шығып алып дәрекі, бейәдеп қылық жасап жатқанымыз жоқ. Қыздарға тән биязылықпен, сыпайылықпен әзілімізді айтамыз. Республика бойынша тек қана қыздардан құралған топтар аз. Әзіліміз көрерменге ұнамай қалса сценарий бойынша ойынды жалғастыра береміз. Көрерменді күлдіру оңай емес. Жеңіл-желпі қағытпаға күлетіндер санаулы. Бұл да болса қазақ тілді аудиторияның талғамы жоғары екенін білдіреді. Сондықтан терең мағыналы, астарлы, ойлы, салмақты әзіл айтуға тырысамыз.

– "Ару.кз" командасы қашан, қалай құрылды?

– Арқалық қаласында 2012 жылы 5 сәуірде құрылды. Алғаш-



қы құрам мүлде басқа болды. Уақыт өте команданың мүшелері өзгерді. Мектепте ұлдардан құралған КВН командасы жақсы өнер көрсетіп жүрді. Біз қыздардың атынан шығайық деген оймен "Ару.кз" тобын жасақтадық. Команданың капитаны – Айгерім Қозбақова. Ойыншылар – Назгүл Әбділдина, Жібек Наган, Таңшолпан Темірлан, Жұлдыз Жауынбаева және мен.

"Жайдарман" ойындары Арқалық қаласындағы филиалының сол кездегі директоры Арғын Жүкебаев біздің топтың атын "Ару.кз" деп қоюды ұсынды. Командамызда қазір алты адам бар. Үш қыз АрПИ-да оқиды. Қалғаны Қостанайда. Мен ҚМПИ-дың қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студентімін. Екі қалада жүргендіктен дайындалу қиын. Қалаған уақытта басқосып, бірге дайындала алмаймыз. Бірбірімізбен ұялы телефон арқылы хабарласамыз. Әзілді өзіміз жазамыз. Әрбір топтың әзілі ойынның алдында редакторлық тексеруден өтеді. Біреуден көшіріп алған немесе қайталанған әзілдер сол жерде бағдарламадан түсіп қалады.

– Әр команданың өзіне тән стилі, ерекшелігі болады. Сіздердің артықшылықтарыңыз қандай?

– Кейбір топтың бағдарламасы қысқа қағытпаға құрылады. Ал біз айтар ойымызды мәтін арқылы жеткіземіз. Қыздар арасындағы әңгімеде тұрмыстың өтпеген-ай дейтін тұстарын айтып қалуға тырысамыз. Негізгі тақырып – қаланың күйбең тірлігі мен жігіттердің тәрбиесі, жүріс-тұрысы.

– "Жайдарман" не үшін ке-

Өртүрлі деңгейдегі сайыстарға қатысу арқылы Қазақстанның түкпір-түкпірін аралайсыз. "Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс" демей ме. Бірге өнер көрсеткен жастар кейін жақын досыңызға айналуы мүмкін.

"Жайдарман" жастардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, аудиторияда еркін сөйлеуге баулиды. Көңілді ортаның басты артықшылығы осы. Өз басым КВН ойнау арқылы Ақтөбе, Орал қалаларынан көптеген достар таптым.

– Республикалық "Маусым-ашар-2016" фестиваліне жолдама алдыңыздар. Құттықтаймыз!

– Рахмет. Жоғары лига ойындарына екі жүзден астам команда қатысады. Гала концертке іріктеу Астана қаласында өтеді. Біздің топ наурыз айында барып, өнер көрсетеді. Әзірге, Арқалық қаласы бойынша жоғары лига ойындарына жолдама алған жалғыз команда "Ару.кз" болып отыр. Кез келген команда Жоғары лиганың чемпионы болуды қалайды. Біздегі мақсат та, арман да сол. Республикалық фестивальдің жеңімпазы атанғымыз келеді.

– Жеңіске жетуге не кедергі?

– Республикалық Жоғары лигада ойнап жүрген командалар өте мықты. Алғыр қарсыластармен иық тіресе ойнау үшін көп іздену және мұқият дайындалу керек. Демеушіліктің жоқтығынан, қаражаттың тапшылығынан кейбір сайыстарға бара алмай қаламыз. Жеңіске үздік команда лайықты. Үздік болуға дайындық керек. Біздегі кемшін тұстың бірі, осы – дайындықтың аздығы.

– Кітап оқисыз ба?

– Мектепте уақытымның дені ҰБТ-ға дайындықпен өтті. Тест жаттадым. Кітап оқуды қолға алатын сәт жеткендей.

СУРЕТТЕ: "Ару.кз" командасы.

● РУХАНИЯТ: НЕ, ҚАЙДА, ҚАШАН?

"Қазақстан"

кинотеатрынан көре аласыздар

"Египет құдайлары"

"Боги Египта"

Түсірілген: АҚШ, 2016

Режиссері: Алекс Пройас

Актерлер: Джерард Батлер, Николай Костер-Вальда, Эбби Ли, Кортни Итон, Брентон Туэйтс, Джеффри Раш, Руфус Сьюэлл, Чедвик Боузмэн

Жанры: шытырман, фэнтези

Бейбіт өмір сүріп келе жатқан египет патшалығының басына қара бұлт үйірлді. Қараңғылықтың мейірімсіз құдайы Сет ағасы Осирисі өлтіріп, таққа ауыз салады. Оған қарсы қарапайым ұрлықшы, жас жігіт қана шығады. Сүйіктісін өмірге қайтару үшін ол билігі күшті, күші бар Гор құдайының көмегіне жүгінеді. Бар күштерін салып, біріге отырып, иық тірескенде ғана олар Сет құдайын жеңе алады. Бірақ бұл оңайлықпен келмейді. Оның алдында талай оқиғалар тұр.

Қазақстандық премьер: 25.02. 2016 ж. бастап.



"Дэдпул"

Түсірілген: АҚШ, 2016

Режиссері: Тим Миллер

Актерлері: Морена Баккарин, Тиджей Миллер, Райан Рейнольдс, Джина Карано, Эд Скрейн, Андре Трико-те, Рэйчел Шин, Джек Риис, Брианна Хилдебранд, Пол Лейзенби

Ұзақтығы: 108 минут

Жанры: экшн, фэнтези, фантастика

Шектеу қойылған: 18 жасқа дейін.

Ғалымдардың қолына түскен Дэдпул ерекше қасиетке ие. Оның барлық ағзасы өзгеріске ұшыраған. Оның бойы тұнып тұрған өзгешелік. Бірақ Дэдпул өзге адамдар сияқты қарапайым ғана өмір сүргісі келеді. Бұл оның қолынан келер ме екен?



Қостанай облыстық орыс драма театрының репертуарлық жоспары

күні	Кешкі қойылымдар	Балаларға арналған спектакльдер
2	"Женитьба Бальзаминова" А.Островский	
3	"Под небом Парижа" Ж.М.Шерве	
4	"Ходят слухи" М.Зуев	
5	"Женитьба Бальзаминова" А.Островский	"Трям! Здравствуйте!" С.Козлов
6	"Примадонны" К.Людвиг	"Клочки по закоулочкам" Г.Остер
9	"И день ...И ночь" Т. Уайлдера	
10	"Очень простая история" М.Ладо	
11	"Оскар и Розовая Дама" Э.Шмитт	
12	"Неугомонный дух" Н.Кауард	"Как Кошей женился" Ю.Баганов
13	"Женитьба Фигаро" О.Бомарше	"Не хочу быть собакой" по мотивам рус. народ. сказок
16		
17	"Леди Макбет Мценского уезда" Н. Лесков	
18	"Осторожно - женщины!" А.Курейчик	
19	"Не покидай меня" А.Дударев	"Сашенька и медведь" по мотивам рус. народ. сказок
20	"Женитьба Бальзаминова" А.Островский	"Фенька" С.Астраханцев
25	"Неугомонный дух" Н.Кауард	
26	"Баба Шанель" Н.Коляда	"Трям! Здравствуйте!" С.Козлов
27	"Инь и Ян" Б.Акунин	"Клочки по закоулочкам" Г.Остер
30	"Цена престижа" Э.Олби	
31	"Женитьба Бальзаминова" А.Островский	

Қойылымның басталуы: сәрсенбі, бейсенбі — 18.00, жұма — 18.30.

Сенбі, жексенбі - 17.00. Балаларға — 12.00.

Касса 11.00 -ден 18.00 -ге дейінгі аралықта жұмыс істейді. 54-78-34 телефонына хабарласуға болады.

● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

«ЕЛІМЕ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫМА
ҚАРЫЗДАРМЫН»Хамитбек
МУСАБАЕВ

...Жақында ойда-жоқта аяқ астынан ұзын ақпан Торғайдың арғы бетіндегі Үрпекке жол түсті. Ауылға кіреберісте әскери жап-жаңа форма киген бозбаланы бір топ жас балалар қоршап алып, тұрғанын көрдік. Қасымдағы ауылдық округ әкімі Ғалымжан Жақыбаевтан:

– Мыналар кімдер? – деп едім.

Ол жымып:

– Анау бозбала – ауылымыздағы орта мектептің былтырғы жылғы түлегі. Есімі Айдар! Ақтөбе қаласындағы Әуе Қарулы Күштері институтының 1-курс студенті. Алғашқы семестрін үздік аяқтап келгеніне 1-2 күн болды. Кеше ғана өздерімен бір мектепте оқыған Айдардың үстіндегі әскери формасын қызықтап жүрген мектептің төменгі сынып оқушылары болар. Айдар нағашы әжесі Гүлнәзияның қолында өскен. Әкесі қайтыс болған. Анасы мұның сәби кезінде алыс жаққа тұрмысқа шыққан. Алайда әжесінің арқасында Айдар еш жетімдік көрген жоқ. Жасынан еңбекқор болып өсті. Әжесі оны күнделікті шаруаға жұмсап, тәрбиеледі. Айдар ақылды бала. Ауылымыздың қазіргі әңгімесі – осы Айдар болып тұр. Жұрттың бәрі «Айдар аз уақыттың ішінде өзгеріп кетіпті. Үстіндегі әскери киімі өзіне әдемі жарасады. Біз де балаларымызды Айдар сияқты әскери институтқа оқуға жіберсек қайтеді?!» деседі. 5-6 жыл бұрын алдымда оқыған шәкіртімнің әскери формамен монтиып тұрғанын көріп, өзім де бір жасап қалдым. Онан да осы баламен өзіңіз әңгімелесіп көрсеңіз қайтеді? – деді Ғалымжан маған.

Қастарына келіп, көлкітен түскеніміз сол еді, әлгі әскери киім киген бозбала күлімсіреп келіп, бізге:

– Ассалаумағалейкүм, ағалар! – деп сәлем берді.

– Уәғалейкүмассалам! – дестік біз.

Кішкентай балалар мәз. Бір-бірімен таласа-тармаса Айдарға қарай ұмтылады.

– Айдар аға, сіз институтқа қалай түстіңіз? Оқу қалай екен? Киіміңіз өзіңізге қандай әдемі жарасады! – дейді танаулары делиіп.

– Иә, Айдар, мынау балаларға институттың туралы, оқуға қалай түскенің жайлы айтып бере ғой! – дестік біз екеуіміз.

Айдар бөгелген жоқ. Жүзінде балалықтың табы ойнап:

– Мен 2015 жылы Жаңа ауыл орта мектебін бітірдім. ҰБТ-дан 64 балл жинадым. Әуелден-ақ әскери ұшқыш боламын деп байлам жасадым. Мені ұшқыш болуға тәрбиелеген мектебіміздегі алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Қанат Жаңбырбайұлы Тәшкеев ағай. Неге екенін білмеймін, Қанат ағай мені керемет жақсы көрді. Көп баланың ішінен бөліп алып, дайындық жасатты. Түрлі қашықтықтарға жүгіртті. Гір тасын көтертті, күреске түсірді. Сабақтан соң тамағымды ішіп, аздап деп алып, күнде Қанат ағайға барып тұрдым. Ол кісі мені жаттықтырудан жалыққан жоқ. Үйге күнде сүмектей болып, терлеп келіп жүрдім. Әжем менің арқама су құйып, жуындырды. Кейде аяды. Бірақ мен ол кісіге «Әже, сіз мені аямай-ақ қойыңыз, бұл дайындық қой» дейтінмін. Осы дайындықтың

дейді Ақтөбе Әуе Қарулы
Күштері институтының студенті
аманкелділік Айдар Маратов

менің ұшқыштар институтына түсуіме көп көмегі болды. Институтқа түсуің үшін ең әуелі сенің денсаулығың күшті болуы керек. Егер денсаулығыңда кінәрат болса, сынақты үздік тапсырсаң да оқуға түсе алмайсың. Бұл институтта балалардың денсаулығы бірінші кезекте бағаланады. Ұстазымның шынықтыруының арқасында менің денсаулығым болаттай берік болды. Оның үстіне ұстазым мені аудандық қорғаныс бөліміне алып барып, ондағы басшылармен таныстырып, Ақтөбеге Әуе Қарулы Күштер институтына түскім келетінін айтып, жолдама алып берді. Оларға да рахмет, барлық құжаттарымды сақадай-сай етіп дайындап берді. Мені оқуға Қанат ағайым шығарып салды. Сонда ол кісі маған:

– Айдар ештеңеден қысылма, жақсылап дайындал! Уақытыңды босқа жіберме! Әр күніңді дайындықпен өткіз! Сонда сен міндетті түрде оқуға түсесің! – деді.

Ағайдың осы сөзіне қатты қуандым. Бойымда күш-жігер пайда болды.

Ақтөбеге келгесін бізді бір апта қайта жаттықтырды. Жүгіртті, турникке тартылдырды. 100 және 3000 метр қашықтыққа жүгіртті. Психологиялық тест алды. Бір аптадан кейін мен осы сынақтардың бәрінен өттім. Сонан соң бізді үйімізге жіберді. Бір аптадан кейін келсем, мен оқуға қабылданыппын. Қатты қуандым. Қуанғаным сондай көзімнен жас шығып кетті. Біз институтқа түсуге талапкер болған 700 бала едік. Осының 122-сі оқуға қабылданды. Институтқа оқуға түскенімізді ректордың өзі хабарлады. Сол күн есімде берік сақталып қалды. 2015 жылдың 19 қыркүйегі болатын. 20 қыркүйекте оқуымыз басталды. Бір ай бойы жүгіртті. Жүгіру оңай емес, шаршаймыз, шөлдейміз. Бірақ бізге бір тамшы да су бермейді. Осы сынақтан сүрінбей өттім. Бұл нәтижеге жетуіме жоғарыда айтқан Қанат ұстазыммен бірге мені кішкентайымнан тәрбиелеген әжем Гүлнәзияның ықпалы болды ғой деп ойлаймын. Соның арқасында мен әбден қатып-пісіп, тасқайрақ болып өстім. Мектептегі бірге оқитын балалар қыста аязды күнде тоңып-жаурап жүргенде мен суықты сезбейтінмін. Қазіргі күні біздің ортамызда 12 шетелдік бозбала бар. Оның 4-еуі тәжік, 8-і қырғыз бауырларымыз. Сосын қазақ және орыс балалары. Мен курстастарымның бәрін танимын. Оқуға, курстастарыма әбден үйреніп алдым. Сабақ бірыңғай орыс тілінде жүреді. Тек Қазақстан тарихы ғана қазақ тілінде оқытылады. Орыс тілін жақсы меңгеріп кеттім. Бірінші семестрді үздік жақсы бағамен аяқтап келіп отырмын. Талаптанған адам қай тілді де тез арада меңгеріп алатынына көзім жетті!

– Айдар аға, сіз институтты бітіргенде кім боласыз?

– Әскери тікұшақ ұшқышы боламын. Қазір мен осы институтқа түскеніме шексіз қуаныштымын. Оқу тегін, жазғы-

қысқы киімдер тегін, тамақ та тегін. Тек қана жалықпай оқып, жаттығуымыз керек. Мұның сыртында айына 5 000 теңге шәкіртақы береді. Атымызға карточка ашылып қойылған. Шәкіртақы сол карточкамызға түсіп тұрады. Жол жүруіміз де тегін. Ұшаққа, автобусқа, поезға болсын бізден бір тиын ақша алмайды. Жол жүргенде тек ішер тамағымыз ғана мойнымызда. Мемлекетіміз бізге әкелік қамқорлық жасап отыр. Не ішейін, не жейін демейміз. Сондықтан да, мен Отаныма және Елбасыма шексіз ризамын! Солардың алдында адал қызмет еткім келеді! Мұндай жақсылықты маған туған әке-шешем де жасаған емес. Осыны сезінгендіктен оқуды өте жақсы оқып, жаттығулардан жақсы өтуді өзіме басты парыз етіп қойдым.

– Айдар аға, әскери оқуға төселдіңіз бе?

– Жаңа айттым ғой, әбден үйреніп кеттім. Бізді таңертең 6.00-де оятады. Кешкі сағат 9.30-да жатқызады. Тәртіп қатаң. Талап күшті. Өзімді сондай жақсы сезініп жүрмін. Бұрын осы уақытқа дейін көрмеген жақсылықтардың бәрін институтта көрудемін. Бізде әскери адамдарға ерекше құрмет жасалады екен ғой. Ұстаздарымыздың айтуынша енді біз – Отанның адамымыз! Оқуды бітірген соң бізге қызмет те, үй-жай да бірден беріледі екен. Қызмет іздеп қара тер болмаймыз. Осыны ойлағанда жауапкершілігім тіпті артуда. Әскерде қызмет ету – кез-келген адамның маңдайына бұйырмайды. Бұл – ілеуде бір адамға бұйыратын бақ қой деп ойлаймын. Аллатағала сол бақты жетім өскен менің маңдайыма жазыпты. Бүгін таңертең өзім оқыған мектептің директоры Таңат Ереубаев ағайға жолығып, ертең мектептің 8-10 сынып оқушыларымен кездесу өткізуге келістім. Оларға өзім оқитын Әуе Қарулы Күштері институты туралы, ұстаздарым мен курстастарым жайлы әңгімелеп бергім келеді. Тұрмыстық жағынан аз қамтылған отбасылардың ер балаларын осы институтқа оқуға шақырсам деймін. Ауылымызда денсаулығы өте мықты оқушылар бар. Олар да мен сияқты ауылдың баласы емес пе?! Солар да оқып, әскери білім алса, Отанына қызмет етсе, қандай ғанибет?!

– Айдар аға, сіз аз уақыттың ішінде қалай өзгеріп кеткенсіз? Мұның себебі не?

– Себебі мені Отан – анам тәрбиелеп отыр. Соның қамқорлығы маған қанат бітірді. Жүрегіме Отанға деген ыстық махаббат сыйлады. Отан деген ұғымның қаншалықты қымбат екенін осы институтта оқып жүргенде терең сезіндім. Осы үшін еліме және Елбасыма қарыздармын! Сендер, балалар осы бастан өз жолдарыңды таңдаңдар! Мен сияқты әскери адам болсаңдар, тіпті тамаша! Мен кеше 11-сыныпта оқитын Данияр



Білімұлы Ахметбеков және Нұрым Жұматұлы Мусинмен сөйлестім. Олардың жасы менен бір-ақ жас кіші ғой. Реті келсе біз сен сияқты Ақтөбедегі Әуе Қорғаныс Күштері институтына түскіміз келеді деп отыр. Несі бар? Қанат Тәшкеев ағай дайындаса, олар да сол институтқа міндетті түседі деп ойлаймын! – деді Айдар.

P.S. Оның жеткіншектермен сұхбаты аяқталды. Балалар да мәз, өзі де мәз. 17 жастан жаңа асқан жап-жас Айдардың туған Отан алдындағы перзенттік сезімінің сондай кіршіксіз әрі мөлдір екенін көріп, біз де разы болдық. Ешкім бірден өз ісінің маманы болмайды. Жетістік атаулы – біліммен, тәжірибемен келеді. Айдардың болашақта Қазақстан Қарулы Күштерінде жақсы қызмет ететін ұшқыш боларына сендік. Жүзінен әлі күнге балалықтың бал табы аңғарылып, иманы тамып тұрған оның алға қойған мақсатына жететіні анық! – деп сезіндік.

– Менің бар мақсатым – институтты жақсы аяқтап, тік ұшақ ұшқышы болу! Алла ғұмыр берсе, сөз жоқ жақсы ұшқыш болып шығамын! Одан арғысын өмір көрсетеді. Тоқтар Әубәкіров атам сияқты ғарышкер болу да ойымда жоқ емес! – дейді Айдар.

Айдар былтыр Қостанай облысы бойынша аталмыш институтқа түскен жалғыз бозбала екен. «Болар бала бөбегінен танылады» дегендей оның аяқ алысы көңіл тояттайды. Үстіне киген әскери киімі өзіне сондай жарасып тұр. Томпиған түрі әскери формасына өзгеше бір сән беруде. Іштей сүйсініп, оның болашағына ақ жол тіледік:

– Бағың ашылып, жолың болсын, армандаған мақсатыңа жет, Айдар! – дестік біз Ғалымжан екеуіміз.

Ал Айдар болса соңына ілескен бір топ баланы ертіп, ауыл орталығындағы Сарбас қажы ата мешітіне қарай адымдап бара жатты...

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕ: Айдар Маратов қысқы әскери формада.

Суретті түсірген автор.

Ашықтық + руластық = ???

"Жеті атасын білмеген – жетесіз" деген көнеден қалған сөздің астарында үлкен пәлсапа жатыр. Қазақ халқы қашаннан кісімен танысу барысында бір-бірінен ру сұрасуды жөн санаған. Бұны әдет емес, міндет деп түсінген тіпті. Бұрындары ес біліп келе жатқан ұл-қыздарына жеті аталарын жаттатып, оны білмеу үлкен ұяттың белгісі екенін ұғындырған. Дана халқымыз мұның мәнісін тереңде екенін білсе керек. Мұны ең әуелі тектіліктің, тәрбиеліліктің белгісі санаған. Екіншіден, ұрпақтың саулығын, қанның тазалығын сақтауды көксегеннен туындайды. Медицина мұны әлдеқашан мойындап та қойды. Физиологиялық қана емес, психологиялық жағынан да дені сау ұрпақ дүниеге келуінің кепілі – осы ата ғұрпы.

Ал қазір заман өзгерді ме, әлде адам басқа ма, жоқ ұлттық тәрбиенің солқылдақтығы ма – жастарымыз жеті аталарын білмек түгілі, бір-бірінен ру да сұраспайды. Соның салдарынан туысқан



қыз-жігіт қосылып, екі әулеттегі жеті ата дауы өршіп кеткен сұмдық жаңалықтарды естіп жатамыз. Жеті атаны түгендей алмау – тегіңе ғана емес, болашаққа да құрметпен қарамаумен бірдей екенін түйсінуге керек-ақ. Өйткені, тектілік – сезімнен де биік

тұратын құндылық. Асылында, бұл баба өсиеті қазақ баласының санасына бесіктен белі шықпай тұрып сіңірілуі тиіс. Өзектілігін жоғалтпаған бұл пікірімізді қазіргі қоғам қаншалықты жақтайды? Жастар не дейді? Үлкендер ше?

Өз тіліңді құрметте...



Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қарабалық ауданында түрлі ұлт өкілдері шоғырланған. Қай-қасы болмасын қазақ тілін жоғары қойғанымен әр ұлтқа ана тілі ерекше ыстық. Ақпанның 21-і – ана тілінің халықаралық күні. Бұл атаулы күн 1999 жылғы қарашада ЮНЕСКО Бас Конференциясының 30-шы сессиясының шешімімен бекітілген және 2000 жылғы ақпанның 21-інен бастап тілдік және мәдени әр алуандықты қорғау мақсатында атап өтіліп келеді.

Ана тілінің Халықаралық күнінде әр халық өз туған тілінің мәртебесін арттырып, оны одан әрі дамытып, тіл құндылығына айрықша мән береді. Бұл мереке тілдік және мәдени алуандылыққа, көптілділікке қолдау білдіру үшін жыл сайын ескеріледі. Аталмыш іс-шара Қарабалық ауданы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығында да атаусыз қалмады.

Аудан тұрғындары арасында тіл саясатын насихаттау, әр ұлттың өзінің ата-дәстүрі, салт-санасы сай. Қарабалық ауданында тұратын түрлі ұлттардың ана тілдерін, мәдени мұраларын, дәстүрлерін еркін дамытуға, ана тілінде сөйлеуге жағдай жасап, тіл мәдениетін көтеру мақсатында өткен бұл мереке жиналғандарға қуаныш сыйлады.

– Мұндай мерекелер өскелең ұрпақты ұлттық өнермен, мәдениетпен, дәстүрмен сусындап өсуіне үлкен септігін тигізбек. Шараға қатысқан Бексұлтановтар отбасының мүшелері – Сұлтан мен нағашы әжесі Биғанша апа өз отбасында қалыптасып қалған дәстүрлерімен бөлісіп, көпшілікке үлкен тәрбиелік мәні бар ой салды. Сол сияқты іс-шараға белсене атсалысып, көркін қыздыра түскен отбасылар: Городецких Марк пен анасы Наталья Владимировна, Грозных Алина мен әжесі Хария апа, Сандрасян Элен мен апасы Сима, Зелениченко Матвей мен әжесі Татьяна Петровналар ана тілдерінің мәртебесін көтеріп, қазақ тілін де құрметтейтінін білдірді. Біз шара барысында қазақ елінің басты байлығы – ел бірлігі екендігіне тағы бір мәрте көз жеткіздік, – дейді тілдерді оқыту орталығының директоры Алтын Ержанова.

Қарабалық ауданы.

Несібелді БӘЙТЕНОВА, зейнеткер:

Бұл ата-бабамыздан келе жатқан заң ғой. Ерте кезде екі жас бір-бірінен руларын сұрап, ата-анасының игі баталарын алып барып қосылған. Ол кездегі заң өте қатаң. Қанша жерден ұнатып тұрса да, үлкендердің айқынынан шыға алмайтын. Жеті атаға жетпей қосылған жастардың ұрпақтары болмайды деп есептеген. Болған күннің өзінде кемтар болып туылады деп болжаған. Сондықтан да жастардан жеті аталарын жатқа біліп, танысқанда руларын сұрауды талап ету керек. Өз басым жеті атаға жетпей қыз алысуға қарсымын.

Айза АСЫЛБЕКОВА, 21 жаста:

Бұл сұраққа қиянат деп жауап бергенім дұрыс болмас. Бірақ, екі ғашық бір-біріне ынтық бола тұра қосыла алмаса, қиянат емей немене? Шыны керек, жеті атаға мән беріп жатқан жастар жоқ. Бәріне топырақ шашудан аулақпын. Бірақ, қазіргі таңда тіпті жеті атасын білмейтін жігіттеріміз де жетерлік. Өз басым бұған қарсымын. Арғы аталары бірдей қыз бен жігіт қосылмаулары керек. Бүгінде жақын адамдардың отбасылы болуынан сан алуан дерт етек алып жатыр. Осы туралы дәрігерлер де дабыл қағып жүргелі қашан. Ал, мұны ата-бабаларымыз медицинаға дейін әлдеқашан дәлелдеп те, ескертіп те қойған. Еліміздің келешегі – жастардың қолында. Сондықтан өзімнің замандастарыма ата-баба дәстүрін сақтауды кеңес етер едім.



Ержан ЗАМЗИН, 20 жаста:

Әрине, бұл бұрыннан келе жатқан қазақ халқының заңы ғой. Дегенменде, қазіргі жастар жеті атадан аспаса да қосыла береді. Мен де бұған сенбеймін. Достарымның арасында бірін-бірі сүйіп, қосылып жатқан жастар бар. Балалары бар, бақытты отбасы. Ең бастысы, ата-ананың, туған-туыстың келісімі. Рұқсат етпеген күннің өзінде, жасырын үйленіп, ата-аналарымен қарым-қатынасты бұзып жатқан жастар бар. Ол дұрыс емес. Жастар бақыты үшін ата-ана ризашылығын білдіру керек деп есептеймін.



Абзал ӘУЕЗХАН, 35 жаста:

Меніңше, жеті атадан аспай қыз алыспау ол қан тазалығы үшін ғана. Медицина да бұны дәлелдейді. Ал, жалпы, өте жақын емес, дегенмен де ру жағынан туыстығы бар жастардың қосылуына еш қарсылығым жоқ. Қазіргі таңда қыздарымыз өзге ұлттың ер-азаматтарына тұрмысқа шығып, ұлдарымыз өзге ұлттың қыздарына үйленіп жатыр. Осыдан қорқу керек. Ертең ұрпақтарымыз өртүрлі ұлттан болып шықса таң қалуға болмайды. Содан соң қайсымыз қазақ, қайсымыз басқа ұлт екенімізді айыра алмай қалмайық. Бастысы, қазақ қызы тек қазақ жігітіне қосылса болды.

Ақбота САҚҰЛОВА.

Сайт сөйлесе

ТАЛФАТ: Абзал Әуезхан-ның пікірімен келісуге болады. Таза қазақ халқының санын көбейтер болсақ, руластық бізге шектеу болып, үлкен кедергісін келтіреді. Екеуі екі бөлек елді мекеннен, тек жәй ғана рулас болса шаңырақ көтере беруге болатын секілді. Бірақ, "ғашықпын, ғашықпын" деп сезімге аса беріліп, ағаттық жасауға болмайды. Тым

жақын туыс, аралас-құралас болсаңыздар ақылға салған да жөн. Өз басым бұндай жағдайға түскен ғашықтарды көрмедім.

ДҮЙСЕН: Айналайын қарақтар! Қазіргі заман басқа. Жеті атадан асып кеткен менің келінім мен ұлым, мысалы. Оныншы атадан асты қателеспем. Үйленуге әбден бола-

ды. Ал жеті атаға дейін болса, онда қыз алмау керек сол рудан.

ЕРЛІК: Ата-бабамыз жеті атаға жетпей қыз алыспауды заң ретінде орнатып кетсе, бір жөнін білгендері де! Мен Несібелді апаның ойына қосыламын. Жастар, махаббат деп ата-баба заңын бұзбайық!



"Жадыраға" – 25 жыл!

Рудный қаласында қазақтың ұлттық өнері мен салт-дәстүрлерін дәріптеп жүрген "Жадыра" ансамбліне 25 жыл толды. Осыған орай қалалық кітапханада мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Шара барысында ансамбль ұжымы "Ақтілек", "Менің қазағым", "Үкілім-ай", "Асыл ана", "Бар ма, менің жазығым?", "Рудный", "Күміс құмған-ай" сынды әндерді нақышына келтіріп орындады. Өнерпаздар тек өнмен ғана шектелмей, атадан келе жатқан игі дәстүр "Бесікке салуды" көрсетті.

"Жадыра" ансамблі қазақ елі өз тәуелсіздігіне қол жеткізген тұста құрылды. Оның көркемдік жетекшісі Ая-София Бірмұқанова, ал хормейстор Владимир Луц. Ая-София Бірмұқанованың айтуынша, ансамбль жас шама-сы 50-ден асқан 17 адамнан құралған. Қазіргі күнде репертуарында 60-тан аса халықтық және авторлық әндер бар. Ұжым қала мен облысымыздағы көптеген мәдени іс-шараларға белсе-

не араласып, түрлі ән фестивальдері мен байқауларда талай мәрте топ жарған. Облыстық мәдени дамуына сіңірген өнбегі үшін "Жадыра" ансамбліне наурыз айында "халықтық" атағы берілмек.

– Бұл тек бастамасы ғана. Алда үлкен жоспарлар күтіп тұр. Қостанай облысының 80-жылдық мерейтойына арналған іс-шараларға өз үлесімізді қосуға дайынбыз, – дейді ансамбль жетекшісі.

Біз, өз кезегінде, халық өндерін кеңінен насихаттап, жастарға үлгі-өнеге көрсетіп жүрген ұжымның алар асуы одан да биік болсын деген тілектеміз.

Фарида ҚҰЛЫМБЕТОВА,
"Алые паруса" мәдениет орталығының қызметкері.
Рудный қаласы.

Мәңгілік ғұмыр

«...Қостанай жеткізе алман мақтауынды,
Даңқынды дүйім қазақ жатқа білді,
Нұрқанның деңгейіне көтерілсем,
Төпеп-төпеп жіберіп ақпа жырды.
Ыбырай алғаш рет мектеп ашып,
Ту алып, Амангелді атқа мінді,
Торғайды кең арқаға қақпа қылды,
Ата-жерін қорғаған қара қазақ,
Амангелді құраған сапқа кірді» – деп То-

был-Торғай өңірін
жырға қосқан
ақын ақын
Мұқағали Мақа-
таевтың 85 жыл-
дық мерейтойы
Қостанай ауданы
Глазунов ауылы-
ның Глазунов орта
мектебінде де кең
көлемде аталып
өтті. Мектеп кітап-
ханасының ұйым-
дастыруымен өткен «Мұқағали

– мәңгілік ғұмыр» атты әдеби-сазды кеш ақынның алтын қордағы өз дауысымен оқылған өлеңдерімен басталып, аудандық Мақатаев оқуларының ән номинациясында жүлделі орынды иеленген 7-сынып оқушысы Сапабек Ернардың орындауындағы «Саржайлау» әнімен жалғасты. Аталмыш кешке жиналғандарға ақынның өмірбаяны кеңінен таныстырылып, өлеңдері оқылды, әндері шырқалды.

Мектебіміздің ұстаздары Жұмагүл Көшек, Жадыра Боқаева, Зәмзәгул Садықова, Дариға Берсүгірова, Нұрбану Байдрахманова ақынның жан-дүниені елжіретер лирикалық жырларын нақышына келтіріп оқыды. Ақынның махаббат тақырыбындағы «Бала ғашық» өлеңінен мектебіміздің психологы Ж.Боқа-

ева мен музыка пәнінің мұғалімі Н.Сейітқасымов сахналық қойылым жасап, М.Мақатаев оқуларының жүлдегері Гүлмира Төлемісова «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді оқып берді. Мұқағали өлеңдерін жатқа оқыған М.Марқабаева, А.Ізтілеуова, Д.Шағатаева, Г.Ғалымова, Ш.Құрманғазықызы, А.Жексенбаева сияқты мектебіміздің оқушыларына ақын шығармалары шабыт беріп, бойларындағы таланттарын шыңдауға арқау болса, жас мұғалімдер Н.Сәлімжан, А.Аяндина, Г.Қожахметова, Б.Елеубайлар ақынның сөзіне жазылған әндерді әуелете орындап өздерін жаңа қырынан көрсетті.

Тамаша жыр кешін оқушылар «Көгершіндер әнімен» аяқтап, мектеп басшысы Қабылан Рағат

тағылымы мол іс-шараға өз ризашылығын білдіріп, қатысушыларға арнайы дайындалған мадақтамаларды табыс етті.

Өмір жайлы, өзің жайлы, ел жайлы,

Әлі талай келер ұрпақ толғайды.

Туған күні тойланған шын ақынның,

Өлген күні болған емес, болмайды! – деп ақынның сүйгенге сырлас, мұңайғанға мұңдас болған маржан жырлары мен оны насихаттайтын ұрпақ барда Мұқағали мәңгі тірі екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Мирамкүл БАЗАРҚЫЗЫ,

Глазунов орта мектебінің кітапханашысы.
Қостанай ауданы.



ТАҒЫЛЫМ

Тәрбиеші болғанымма мақтанамын

Әр мамандықтың өз қиындығы, қызығы бар. Тәрбиеші жұмысы күрделі де қызықты, жауапты. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, менің де осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғанымға он үш жыл болды. Бұл еңбектен жалыққан емеспін.

Балабақша өмірінде таңғажайып қызықтар бастан өтіп жатады. «Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы», дейді ғұлама А.Құнанбаев. Мұндай қағидалардың барлығы менің күнделікті жұмысымда басшылыққа алынуға тиіс екенін ұмытпаймын.

Жұмыста алдыма қойған түйінді мәселем – балалардың танымдық қабілетін жан-жақты дамыту, әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту және де ана тіліне деген сүйіспеншілікті ояту.

Мемлекеттік стандарт талаптарын орындау барысында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде саяхат, ойын, пысықтау, кіріктірілген сабақ түрлерін жиі қолданамын. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында техникалық құралдарды, пысықтауда дидактикалық ойындарды тиімді пай-

даланамын.

Өз білімімді жетілдіру мақсатында қалалық тәжірибелік конференцияларға, семинарларға қатысамын және балабақшада үнемі ұйымдастырылып отыратын әдістемелік жұмыстарда белсенділік танытып, құзыреттілігімді дамытып келемін. Менің кәсібіме, еңбек іс-әрекетіме деген көзқарастың қалыптасуына әріптес ұстаздарымның рөлі ерекше, сол ұстаздарымнан үлгі-өнеге алудамын. Осы кісілерден алған ең басты сабағым – балаға деген мейірімділік, қамқорлық және жанашырлық, шыдамдылық, шынайы болу және әрдайым шығармашылық ізденісте болу.

Балалармен жұмыс істеу үлкен бақыт. Олар маған шаттық сезім сыйлайды, қанаттандырады, күш жігер береді. Кішкентай достарымды қуанышпен күтемін, өйткені олардың жүрегі жұмсақ, көкірегі ашық. Бала мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып, маған сенім артады. Пәк көңіл балаларыммен ара-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды, себебі мен оларға, олар маған керектігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы – әр педагогтың бақыты деп ойлаймын. Тәрбиеші балаға деген ыстық

ықыласын бір сөзбен айтып көрсетіп қана қоймай, бар жүрегімен және жан-тәнімен сезіне білуі қажет.

Француз ағартушысы, жазушы Жан-Жак Руссо «Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туды, оның үстіне шыймайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең ол солай тәрбиеленеді» деген нақыл сөзі осы кішкентай бүлдіршіндерге арналғандай. Бала жүрегіне жылылық ұялатып, қабілеті мен дарынын ашу әр тәрбиешінің алдына қойылған ең басты міндеті деп түсіндім.

«Адамның адамшылығы, ең бастысы, жақсы ұстаздан» деп Абай атам айтқандай, мен қандай болсам, алдымдағы тәрбиеленушілерім де сондай болып шығарын түсінемін.

Қазіргі заман талабына сай кәсіби құзырлы, сын ойлаумен және жоғары педагогикалық мәдениетпен, қоршаған шындықты креативті түрлендіре алатын, кәсіби коммуникацияға дайын, үздіксіз өз білімімді жетілдіруге және тұлғалық өсуіме дайын жаңа формациядағы педагог-тәрбиеші болу менің мақсат-міндетім.

Таңшолпан КЕМЕЛОВА,
№6 бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі.

Қостанай қаласы.

ТАҒЫМ

Әріптестің биік болмысы

немесе ұстаз Өміртай Досаев туралы сағыныш сөз

Еңбек жолын енді ғана бастаған жастар алдыңғы толқын ағаларына қарап есейетіні анық. Соңынан ерген шәкірттеріне бағыт-бағдар көрсетіп, темірқазықтай жарқырай білген жандардың бірі философия кафедрасының доценті Өміртай Досаев болатын. Бірімізге әріптес, енді бірімізге ұстаз бола білген ардақты азамат туралы ақарма сыр айту артық болмайтын секілді. Себебі, ұлағатты ұстаздың өмірдегі және қызметтегі адалдығы кейінгі буынға үлгі, өнеге.

Өміртай Досаев – білікті маман, білімді ұстаз, сыйлы әріптес, сенімді дос бола білді. Өз ортасында ойып тұрып орын алған азаматтың жоқтығы бүгінде ерекше сезіледі. Қайран, уақыт десеңізші.

Өміртай Сапарғалиұлы 1957 жылы Қостанай педагогикалық институтының тарих-филология факультетін бітірген. Кеңестік комсомол, партия ұйымдарында жұмыс істеді. 1960 жылдары Қостанай педагогикалық институтында қызмет істеп, педагог, ұйымдастырушы ретінде мол табысқа жетті. Оқу орнында оқытушы, тарих кафедрасының доценті, декан лауазымдарын жауапкершілікпен атқарды. Қазақ филологиясы кафедрасының доценті, жары Күлжамал Жақыпқызымен бірге тарих-филология факультетінің және жоғары оқу орнының тарихында өшпес із қалдырды. Сол уақыттары Қостанай облысының аумағында Ө.Досаевтың есімі кең таралып, тұрғындар арасында танымалдыққа ие болды. 1970 жылдары декан қызметін атқарған Ө.Досаев тарих факультетінің студенттері үшін үлгілі азамат еді. Кеңес үкіметі кезінде барлық жұмыс кафедра арқылы емес, факультеттің басшысы және деканның өзінің қатысуымен жүзеге асатын.

Кез келген жоғары оқу орнының оқыту, ғылыми және қоғамдық жұмыстары студент жастармен байланысты. Педагог үшін студент жастарды тәрбиелеу, білім беру үлкен жауапкершілік. Сондықтан декан қызметіндегі азамат студенттер мен педагогтарға үлгі бола білуі керек. Бұл тұрғыда Өміртай Сапарғалиұлы зор табысқа жеткен болатын. Ө.Досаев басқарған тарих факультеті жоғары оқу орнында белді

де белгілі факультеттердің бірі болып қалыптасты. Қазіргі заңгер немесе экономистке қарағанда тарих мамандығының мәртебесі жоғары, сұранысқа ие еді. Сол кезде білім алған тарихшылардың арасынан бүгінгі облысқа белгілі басшылар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері шықты.

Студенттердің әрқайсысын назардан тыс қалдырмай, олардың қажеттіліктері мен мәселелерін білуі және оларға көмектесуге дайын тұруы сол кездегі декандардың басты ерекшелігі болатын. Декан әр студенттің отбасылық жағдайын, қызығушылығын, ұстанымын және әлсіз тұстарын да білетін. Осындай артықшылығының арқасында Ө.Досаев студенттер арасында сыйлы болды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі он жылда Өміртай Сапарғалиұлы философия кафедрасының доценті болып жұмыс істеді. Денсаулығы нашарлап, жасы егде тартқанына қарамастан соңынан ерген жас оқытушыларға бағыт-бағдар берді. Оның жұмысқа кешігіп келген күні болған емес, үнемі уақытылы келетін. Өз ісіне деген адалдығы, қызметіне деген жауаптылығы көптің есінде қалды. Осындай қасиеттері Ө.Досаевты өзгелерден ерекшелетін тұратын. Үзеңгілес достары мен әріптестері арасында әзілге жақын азамат ретінде есте қалды. Ол өмірде болған қызықты оқиғаларды тыңдаушысына әдемі әзілмен жеткізетін. Жас мамандар айналасын қаулап, көпті көрген оқытушыдан ақыл-кеңес алуға асық тұратын.

Ө.Досаевтан білім алған шәкірттері Қазақстанның, Қостанай облысының әр аймағында еңбек етуде. Олар ұлағатты ұстаздарын әрқашан еске алып отырады. Артынан ерген ұрпақтың айтқан жылы лебіздері мен жан тебіренер естеліктері біздің ұстазымыз әрі әріптесіміз Ө.Досаевқа қойылған мәңгілік ескерткіш секілді. Міне, өмірдегі өшпес із дегеннің өзі осы емес пе!

Сапар ҚАЛДЫБАЕВ,
Ахмет Байтұрсынов
атындағы Қостанай мемлекеттік университеті филология кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор.

● ҚАЙРАН, ДҮНИЕ...

Сарыкөлден самғаған саңлақ еді...

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің майталманы, атақты ақын-жазушы, баспасөз биігінен көріне білген журналист, жерлесіміз Нұрғожа Ораздың қазасы қазақ жұртының қабырғасын қайыстырып кетті. Амал нешік, тағдырға не шара?

Елінің қамын жеген, қазақтың біртуар баласы Нұрғожа Ораз елге сыйлы, абыройлы азамат болды. Адал еңбегінің арқасында ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Журналистер одағының М.Сералин атындағы сыйлығының иегері атанды. Сондай-ақ, мемлекеттің бірнеше мәртебелі марапаттарымен мерейі асқақтады.

Жыл сайын туған жеріне табан тіреп, туған-туыстарымен табысып, жерлестерімен жүздесіп қайтуды өзіне парыз деп білетін.

— Қазағымның қамымен жанын жеп жүретін жайсаң ағамыздан қапыда айырылып қалдық. Мәңгі келместің кемесімен кетіп қалса да, атақты жерлесіміз Нұрғожа Ораздың жарқын бейнесі біздің жүрегімізде әрдайым сақталады. Өз басым ол кісімен етене ара-

ластым. Арнайы Астанаға іздеп барған кездерім де болды. Ол кісінің жазушылығы мен ақындығын айтпағанда, адамгершілігі зор, жаны жайсаң еді, сері мінезді, терең ойлы, парасаттылығы тағы бар. Арқаның төрінде жүрсе де, туған жерін бір сәт те есінен шығарған емес. Әсіресе, елге келгенде алдымен біздің үйге соғатын. Сосын өзінің кіндік қаны тамған жерге барып, топырағына аунап-қунап алатын еді жарықтық. Ауданның қоғамдық өміріне де үнемі атсалысатын. Сарыкөлдiктермен сағынысып көріскенде, оның толғанысты туындыларын тыңдағанда аса бір ыстық сезімге бөленіп, ерекше күй көшетін едік. Асыл ағамыздың қазасы бізге де ауыр тиді. Өлді деуге қимағанмен, ақтық сапарға шығарып салдық...

Енді артында қалған ұрпақта-



ры, мол мұрасы бізге сүйеніш бола алады. Соған тәубе дейміз, — дейді оның жерлесі Солдат Дүтпаев бізбен әңгімесінде.

Жалпы, Сарыкөл жұртшылығы жерлестері Нұрғожа Ораздың қайғысына байланысты оның отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

ҚҰТТЫҚТАУ

Мерейтой-50!

Әулиеқөл ауданының тұрғыны **ИСМАЙЛОВ Қабдыбек Тоқтарұлы** 28-ші ақпанда болатын туған күнімен құттықтаймыз!

Саған зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр, отбасыңа амандық пен бақыт, шаңырағыңа шаттық пен мереке, дастарханыңа береке тілейміз! Балаларың мен немереңнің қуанышына кенеліп, ауырмай-сырқамай ортала-рында жүре бер.

Тілек білдірушілер: сыныптастарың.



"Лисаковскрудстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БИН 050840002668, оңалту рәсімі қозғалғаны туралы хабарлайды. Сұрақтар болса мына мекенжайға хабарласуға болады: Қостанай қ., Байтұрсынов көш., 70, судья А.С. Нұрбаева.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Лисаковскрудстрой", БИН 050840002668, сообщает о возбуждении процедуры реабилитации. По вопросам обращаться по адресу: г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 70, судья Нурбаева А.С.

"ГАЛА-2008" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БИН 081240000063, оңалту рәсімі қозғалғаны туралы хабарлайды. Сұрақтар болса мына мекенжайға хабарласуға болады: Қостанай қ., Байтұрсынов көш., 70, судья Ж.Р.Жарасбаев.


Товарищество с ограниченной ответственностью "ГАЛА-2008", БИН 081240000063, сообщает о возбуждении процедуры реабилитации. По вопросам обращаться по адресу: г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 70, судья Жарасбаев Ж.Р.

● ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Жанкелдин ауданы Қызбел ауылының тумасы, кіндік қаны тамған жерінің ыстығы мен суығына төзіп, көркеюіне үлес қосқан ардақты әкеміз **Асқарбек Бажиқеновтің** бұл дүниеден қоспашып кете бергеніне бір жыл болады. Тағдырдың жазғанына не шара? Бала-шағаның ортасында, немерелерінің қызығын көріп, жүре тұруы керек еді. Ардақты әкемізді сағынышпен еске алып, жатқан жерің жарық, жаның жәннатта, иманың салауатта болсын, пейіште нұрың шалқысын дейміз.

Балалары, Орынбаев, Әділов отбасылары және жиендері.



Еске алу

Ардақты әке, сүйікті ата **Сейткерей Сақиұлы** егер ортамызда жүргенде 28 ақпанда 65 жасқа толар еді. Кеудемізді қайғы-шер мен мұңға толтырған күйзеліс сезім де уақыт құдіретіне бағынып, жүрегімізді елжірететін мәңгі сағынышқа айналды.

Әкешім топырағың торқа болсын. Жатқан жерің жәннатта, жұмақ болсын. Алланың нұры жауып, иманды бол, Аруағың біздерді қорғап жүрсін. Үйіміз қаңырап тұр орның толмай, Өмірден ерте кеткен әкешіміз-ай. Өзіңізді ойласақ жүрек сыздап, Көзімізден жас ағар бір тыйылмай. Ортамызда ойнап-күліп жүретін ең, Ұрпағыңның қызығын көретін ең. Аман жүрсең әкешім ортамызда Шалқып-тасып 65-ке келетін ең.

Сағынышпен еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.



Еске алу

2015 жылдың 2 ақпанында 54 жасқа қараған шағында айықпас ауыр науқастан бірімізге бауыр, бірімізге асыл ана болған **Зина (Зияш) Баймұратқызы** өмірден озып, бақилық болған еді. Жүрегімізге жазылмас жара салып, өмірдің қызығынан қиындығын көп көріп, жары Әділханнан жастай жесір қалып, екі ботасын қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқытпай өсіріп, жоғары білімге оқытып, енді қызықтарын көремін бе дегенде, оны Алла пешенесіне жазбапты.

Әкініштісі де осы. Бәрі бір Алланың қолында. Ол жастайынан зерек, ақынжанды, ажарлы еді. Қиындығы мол ұстаз мамандығын игеріп, 30 жыл балаларды білім нәрімен суарды. Ол әр балаға жан-тәнімен ұстаз бола білді.

Жүрегіміз шерге толып, көз жасымыз көл болып, биыл тірі болып, ортамызда жүрсе 26 ақпанда 55 жасқа толатын апамыз, асыл анамызды сағынышпен еске аламыз.

Ендігі Алладан тілеріміз жолдасы иман, жаны жәннатта, топырағы торқа болсын. Балаларына ғұмыр беріп, жылтатпаса екен.

Бауырлары Кәдіржан, Айжан, балалары Толғанай, Нұрлыбек-Ажар.



Еске алу

2016 жылдың 28 ақпанында бауырымыз, абзал әке **Смағұлов Өмірхан Сәлімжанұлының** бұл дүниеден өткеніне 10 жыл болады. Ол саналы ғұмырында екі ат ұстар ұлағатты ұл тәрбиелеген әке, жолдастары арасында жаны жомарт жайсаң жігіт атанған дос, жанашыр бауыр еді. Оның маңғаз мінезі, пенде баласына көңілі жібіп тұратын мәрттігі, астам сезге жоқ мінезі, тектілігіне тән астарлы сөз мақамы әулеті мен ауылдастарының есінде қалары хақ. Бүгінде біз оның тұлғасын сағына еске аламыз. Аллаһ Тағаладан оның жаны жәннатта болсын деп тілеп, рухына құран бағыштаймыз.

Еске алушылар: Астана-Қостанай қалаларында тұратын апа-ағалары: Ажар, Өмірбек, Зәріпкүл, Сайлаукүл, Бағлан, Қасымхан. Жиендері: Руслан, Өмірсән, Сымбат.



Асқа шақырамыз

Барлық ағайын-туыстар мен сыйласқан жора-жолдастарына **Аңсабаев Шәкіржан Қойшығұлұлының** дүниеден өткеніне 40 күн толуына байланысты асы мен дұға оқытуы 5 наурыз күні сағат 12.00-де Боровской кентінде "Думан" кафесінде өтетінін хабарлаймыз.

Жұбайы, балалары, немерелері.

● СОТ ІС ҚАРАДЫ

Зорлық түбі қорлық

Қостанай облыстық соты ҚР ҚК-нің 120 бабы 3 бөлігі, 3 тармағы бойынша (кәмелетке толмаған адамға қатысты зорлық жасау) сотталған 23 жастағы **Юрий Никитиннің** апелляциялық шағымы бойынша қылмыстық істі қарады.

Қылмыстық іс материалдары бойынша, кәмелеттік жасқа толмаған жәбірленуші ағымдағы жылдың шілде айының соңында Меңдіқара ауданында тұратын немере апасы Г.Никитинаға қонаққа барып, онда 1 тамызға дейін болады.

Сол күні сағат түнгі он кездерінде жәбірленушінің апасы өзінің жұбайы – Юрий Никитинмен ренжісіп қалады. Ұрыстан кейін Никитин Қостанай ауданында тұратын ата-анасының үйіне кетпек болған. Қонаққа келген қыз баланың үйі сол ауылда болғандықтан Никитинмен үйіне жетіп қалуды өтінеді. Жолға шығар алдын-

да олар таныстарымен стадион аумағында екі шыны ішімдік ішіп, сағат 01.30 шамасында үшеуі мотоциклмен жолға шығады. Ортақ таныстары Зыряновты жолшыбай ауылда тастаған екеуі Қостанай ауданына бет алады. Алайда көліктері сынып олар жолда қалған. Никитин мотоциклді жөндей алмай олар өткінішті көлікті күтуге келіседі. Біраз уақыт өткен соң жәбірленуші қыз бала көліктің қасында ұйықтап кетеді. Мұны байқаған сотталушы оның қорғансыз жағдайын пайдаланып зорлық көрсеткен.

Сот үкімімен Ю.Никитин айыпты деп танылып, оған қатаң тәртіптегі түзету колониясында 11 жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындалған болатын.

Қостанай облыстық сотының сот алқасы бірінші инстанциялы сот үкімін өзгеріссіз қалдырып, сотталушының апелляциялық шағымын қанағаттандырмады.

Сот үкімі заңды күшіне енді.

Қалта телефонына бірлік салып...

Қостанай қаласының мамандандырылған әкімшілік сотында 1980 жылы туған Л-ға қатысты ҚР ӘҚБтК 676 бабы бойынша (жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі) әкімшілік іс қаралды.

Бас бостандығы шектелген Л. уақытылы тіркеуге келмегені үшін ескерту алудан құтылмақ болып Қостанай қаласының пробацялық қыз-

мет инспекторының қалта телефонына 1900 теңге бірлік салып жіберген.

Сот азамат Л-ды әкімшілік құқық бұзушылықта айыпты деп танып, одан мемлекет пайдасына 200 АЕК, яғни 424 000 теңге айыппұл төлеуге міндеттеу түріндегі әкімшілік жаза тағайындады.

Қаулы заңды күшіне енген жоқ.

900 мың теңге айыппұл салынды

Қостанай қаласының №2 соты қалалық ішкі істер басқармасының криминалдық полициясының бұрынғы қызметкері 29 жастағы Бақытбек Ташмұқановқа қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімін шығарды.

Ағымдағы жылдың 20 қаңтарында сағат 13.00 шамасында Қостанай қаласындағы темір жол вокзалында Б.Ташмұқанов азамат С-ны әкімшілік жауапкершіліктен босату үшін одан пара ретінде 15 000 теңге алған.

Сот отырысы барысында белгілі болғаны, 19 қаңтарда Б.Ташмұқанов орталық базарда тиісті рұқсат құжаттарысыз DVD-дисктер сатумен айналысатын С-ны анықтаған. Оны қалалық ішкі істер бөліміне алып келген экс-полицей 15 000

теңге төлесе саудагерді әкімшілік жауапкершіліктен босататындығын айтады.

Келесі күні олар темір жол вокзалында кездесіп, Ташмұқанов көрсетілген соммадағы ақшаны алып, вокзалдан шыққанда сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігі қызметкерлерімен ұсталған.

Сот үкімімен ҚР ҚК-нің 366 бабы 2 бөлігі бойынша (пара алу) кінәлі деп танылған Б.Ташмұқанов өмір бойына құқық қорғау органдарында жұмыс істеу құқығынан және полиция капитаны арнайы шенінен айрылып, алған параның 60 есе мөлшерінде (900 000 теңге) айыппұл төлеу жазасына кесілді.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі.

Шынықсаң, шымыр боласың!



“Қостанай таңының” спорт беті

Грек-рим күресі

Балғын палуандар бәсекесі

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Облыстық балалар мен жасөспірімдердің олимпиадалық резерві мектебінде грек-рим күресінен ішкі біріншілік аяқталды. Оған Қостанай, Лисаков қалалары мен Таран, Әулікөл аудандарынан келген спортшылар қатысты. Осы бәсекенің бел ортасында жүретін Лисаков грек-римшілері бұл жолғы бәсекеге кілең чемпиондарын әкеліпті. Жарыста 100 палуан 10 салмақ дәрежесі бойынша өнер көрсетті. Жүлде қорын отыз алты спортшы сарапқа салды. Турнир жеңімпаздары болып Өмірзақ Ескендір (42 кг), Жалғас Жақсыбеков (50 кг), Шаймерден Әбеуов (58 кг), Темірхан



Байғанин (63 кг) және Иван Кострикин (85 кг) танылды. Жарыстың ең үздік палуанына берілетін сыйлыққа Ержан Аманжолов ие болса, жеңіске деген жігері үшін лисаковтық Қазбек Ескендір

марапатталды.

Грек-рим күресі облыста жақсы қарқын алуда. Жақында Астанада ҚР спорт шебері Ақылбек Мүсиннің құрметіне орай республикалық турнирде қостанайлықтар жетістікпен оралған болатын. Балалар мен жасөспірімдердің олимпиадалық резерві мектебінің шәкірттері Қостанай облысының намысын байрақты додаларда да жақсы қорғап келеді.

Жеңімпаздар Дәулет Тұрлыханов атындағы республикалық турнирге жолдама алды. Ал сәуір айында Азия чемпионатына іріктеу басталады.

Футбол



Жеңіс пен жеңіліс

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Қостанайдың “Тобыл” Түркиядағы үшінші оқу-жаттығу жиынында молдовиялық “Заря” клубымен жолдастық кездесу өткізіп, 1:0 есебімен жеңіске жетті. Ойындағы жалғыз голдың авторы – Алласане Н’диайе.

Маусымаралық үзілісте “Тобыл” сапына келіп қосылған Сергей Хижниченко ұрымтал сәтте әріптесіне жақсы пас шығара білді. Оны әп-әдемі голға айналдыра білген Алласане командаластарын алға шығарды.

“Тобыл” кешегі жолдастық кездесуін Харьков қаласынан келген “Металлист” командасына қарсы өткізді. Ойын қарсылас команданың пайдасына шешілді. Есеп – 1:2. Қостанайлық команда сапындағы гол Константин Дудченкоға тиесілі.

Өмірі — өнеге

1960 жыл. Алматы қаласы. Классикалық күрестен Қазақ КСР-інің кезекті біріншілігі өтіп жатқан. Бозкілемге келесі жүп шақырылды. Бұл жолы 60,5 келі салмақта белдесетін үш палуанды айқын басымдылықпен жеңіп, ақтық сынға шықпалы тұрған Әлім өзіне бойы сырықтай,

топ жарды. Шахматты ол мектепте оқып жүргенде жанына серік еткен. Бертін келе дендеп айналыса бастады. Шымшытырық, математикалық ойлау жүйесіне

Бесаспап
немесе сан қырлы спортшы Әлім Сағитовтың
бейнесі ойға оралғанда

қимылы әбжіл, орыстың көгенкөз жігіті тап келгенін байқады. Бойында аздаған қобалжу бар. Бірақ, онысын ешкімге білдірмеуге тырысты. Төреші ысқырық шалып, ортаны нұсқағанда қос палуан ұстаса кеткен. Қарсыласы да олқы емес көрінді. Бұл белдесе жүріп, қос жанарымен бапкерін іздейді. Жаттықтырушы міз бағар емес. Мұның әрбір қимылын жіті бақылап тұр. Әлімге бас бармағын көрсетеді. “Саспа, жеңіс сенікі!” дегендегісі. — Тек, арандап қалма...” Он сегіз жасар палуан бапкердің нені меңзегенін тез түсіне қойды. Қарсыласы ширек финалдық бәсекеде аяғын ауыртып алған. Соны ауырсынып жүрген сияқты. Сөйте тұра кілемге шыққанын қарашы! Өлермен екен. Ортадағы екеу бір-бірінің аңдысын аңдып жүр. Екеуі де оңайлықпен берілгісі келмейді. Әлім көп ойласқан жоқ. Қарсыласын итере жүріп, аяғынан шалып қалды. Абайсызда етпеттей түскен орыс палуаны оң жағына қарай қисая кетті. Қос жауырын жер иіскеп жатыр. Жеңді! Әлім — ел чемпионы!

Шымыр бойлы қазақ жігіті бозкілемдегі алғашқы жүлдеге осылай іліккен. Осыдан кейін іле Қарағанды қаласында “Еңбек резервтері” командаларының турнирінде тағы бір мәрте топ жарды. Кейін Латвияда өткен КСРО біріншілігінде Қазақстан құрамасы сапында бозкілемде белдесті.

Жас жігіт мұнымен тоқталған жоқ. Өзге спорт түрлерін еңсеру көптен ойында жүретін. 1963 жылы шахматтан Өскемен қаласында өткен республикалық жарыста

құрылған ойынды терең меңгеруге, барынша түсініп ойнауға тырысты. Республикалық жарыста аты озған мұның есімі көп кешікпей Шығыс Қазақстан облыстық “Знамя труда” газетінің бетінде жарқ ете қалды. Осы жылдары үш мәрте облыс чемпионы атанды. Шахматшы алпысыншы жылдары республикалық турнирде жартылай финалға дейін жетіп, республикалық жарыстардың бірнеше дүркін чемпионы, атақты Анатолий Уфимцевтің өзін тізе бүктіргенін кейінгі буын өкілдері біле бермеуі мүмкін.

Бойына шахмат, тоғызқұмалақ, грек-рим күресі, қазақ күресі сияқты толып жатқан спорт түрлерін дарыта білген Әлім Ізтілеуұлы кейін спорт шеберлігіне үміткер нормативін орындаған. Жоғарғы оқу орнын бітіріп, елге оралған соң, Батпаққара бойындағы спорт түрлерін дамытуға кірісті. 1969 жылы аудандық атқару комитетінің жанындағы дене тәрбиесі комитеті құрылып, бұл спорт комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Осы комитетті Әлекең аттай он төрт жыл басқарыпты. Осы аралықта аудан спорты айрықша дамып, ондаған жергілікті спортшы облыстық, республикалық біріншіліктердің алдын берген жоқ. Әлім ағаның шәкірттері шетінен мықты. Мәселен, Шынтақ Мұстафин қазақша күрестен республикалық жарыста жеңімпаз атанды. Ал, Ерлан Баймағамбетов, Берік Сейдеғалиев, Сағит Жанділдин, Қабиболла Құлтаев, Мұрат Тоқмурзин, Арзамас Ибраев, Шәптібай Қабжәлелов, Қаныбек Әбдікәрімов есімді палуандар әр жылдары аудан қоржынына

түрлі деңгейдегі жүлделер салғаны есте.

Торғай облысы құрылған жылдары ғой, аудан спортшылары облыстық спартакиаданың екінші-үшінші орындарынан төмендеп көрмепті. Мұнда да Әлім ағаның еңбегі ұшан-теңіз.

1989 жылдан 2005 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін аудан орталығындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры, одан соң директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін абыройлы атқарды. Осы жылдары Аманкелді ауданында шахмат пен тоғызқұмалақ ойындары ерекше қарқынмен дамыды. Өзі жаттықтырушы болғандықтан талай шәкірттердің өсіп-жетілуіне ықпал етті.

Әлім Ізтілеуұлы Аманкелдіге алғаш рет тоғызқұмалақ ойынын әкелген жан ретінде есте қалды. Оның тәрбиелеген шәкірттері бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде жүр. Намысты ту ғып ұстаған бірнеше шәкірттері белгілі бір деңгейде жүлдеге ілігіп жатса, онда Әлекеңнің салған сара жолы бағытынан жаңылмағандығын көруге болады. Мәселен, Жазира Бейсенғалиева республикалық турнирде жүлделі екінші орынды иеленсе, Батырхан Әбілбеков облыстық жарыстың көшін бастады. Батырхан қазір тоғызқұмалақтан облыс бойынша бас жаттықтырушы. Гүлдана Аяпова, Аслан Мұсағалиев, Ақмаржан Пойызғалиева, Медет Бейсенғали, шахматта Гүлнұр Үәлиева, Абзал Ғаппасов, Айбар Мұхамбетжанов тәрізді шәкірттері облыстық біріншіліктерде қатарынан бірнеше дүркін жеңімпаз атанып үлгерді.

Осылайша, 14 жыл спорт комитетін, 16 жыл спорт мектебін басқарған уақытта Әлекең көптеген спортшылардың томағасын сыпырды.

Кейінгі жылдары Әлім Ізтілеуұлы Аманкелді селосындағы ардагерлер кеңесіне жетекшілік еткенін білеміз.

2008 жылы Қарағанды қаласында ардагерлер арасында шахматтан өткен жарыста жүлделі үшінші орын алған болатын. Байырғы спортшының ғибратқа толы ғұмыры кейінгі өсіп келе жатқан буынға өнеге.

“Жігітке жеті өнер де аз”, — дейді халқымыз, рас сөз. Әлекең шын мәнінде сан қырлы өнер иесі болатын. Әсіресе, спорт пен өнерді тел емген арда азамат еді. Оның облыстық деңгейде айтулы өнерпаз болғанын айта кеткен жөн. Жергілікті халық театрының мүшесі ретінде Торғай, Қостанай облыстарының бірнеше өнер сайыстарының бас жүлдесін қанжығасына бөктерді. Оның театр сахнасында сомдаған рөлдері әлі күнге дейін жұрттың есінде сақталған. Бұл енді өз алдына бөлек әңгіме.

— Әлім ағаң Кіші жүздің ішіндегі Төлеу руының тумасы. Осы Аманкелдіде жалғыз үй тұрамыз. 1937 жылдары үй-іші Жітіқара жақтан осында қоныс аударыпты. Әкесі соғысқа аттанғанда Әлім іште қалған екен. Атамыз сол кеткеннен майданнан оралған жоқ. Ағаң марқұм өле-өлгенше әкесінің қабірін тауып алуды армандап өтіп еді, шырағым. Оған жете алған жоқ. Құдайға шүкір, сол арманын балалары орындады. Қарағандыда тұратын Асхат есімді ұлым интернетті қопарып жүріп, атасының жерленген жерін тауып алыпты. Сөйтсе, жарықтық, Ресейдің Ржев қаласының маңындағы бауырластар зиратына жерленген екен. Бізге белгілісі, атамыз 101-ші атқыштар бригадасының құрамында соғысқаны. Жаздың күні балалар барып, әкесінің аманатын орындап, басына туған жердің топырағын салып қайтты, — деді Әлекеңнің жары Мақпуза Жұматайқызы.

Әлім Ізтілеуұлы 2010 жылы 68 жасында дүниеден озды. Артында балалары мен немерелері бар. “Орында бар — оңалар” деген сол, өнекей!

СУРЕТТЕ: сан қырлы спортшы атанған Әлім Сағитов. (Сурет отбасы мұрағатынан алынды.)



Бетті әзірлеген Айбек КӘДІРҰЛЫ

**ҚОСЫЛ!
ПОДКЛЮЧАЙСЯ!**

ОТАУ TV

**ЦИФРЛЫҚ ЭФИРЛІК ТЕЛЕВИЗИЯ
ЦИФРОВОЕ ЭФИРНОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ**

T2



САМ-МОДУЛЬ НЕМЕСЕ ҚАБЫЛДАҒЫШ
АРҚЫЛЫ ҚОСЫЛУ МҮМКІНДІГІ БАР
ПОДКЛЮЧЕНИЕ ВОЗМОЖНО ЧЕРЕЗ
ПРИЕМНИК ИЛИ САМ-МОДУЛЬ



БЕЙНЕ САПАСЫ МЕН ДЫБЫС ТАЗАЛЫҒЫ / КАЧЕСТВО ИЗОБРАЖЕНИЯ И ЧИСТОТА ЗВУКА

АБОНЕНТТІК ТӨЛЕМ «0 ТЕҢГЕ» АБОНЕНТСКОЙ ПЛАТЫ

☎ 193, +7 (7142) 56 28 71,
+7 (7142) 56 05 91

T2

эфирлік телевизия
эфирное телевидение
№ 12016835 лицензия

e-mail: abonent@otautv.kz **www.otautv.kz**

ЖЕРСЕРІКТІК ТЕЛЕВИЗИЯ

АКЦИЯ!

«ТОЛЫҚ» ТОПТАМАСЫНА
ҚОСЫЛ ДА,
АВТОКӨЛІК ҰТЫП АЛ!



Толығырақ:
www.otautv.kz

№ 12016835 лицензия

☎ 193, +7 (7142) 56 28 71,
+7 (7142) 56 05 91

S2

ЖЕРСЕРІКТІК ТЕЛЕВИЗИЯ

АМУГО ат спортының клубы

Аттарды, пони, қодықтарды, пәуескені,
күймелі арбаларды, шағын трактор, үлгісіндегі
серіппесіз арбаларды жалға береді.

Зообақтағы жануарларды жақыннан
тамашалау, күтіп-баптау

Ұжымдық бағдарламалар
Арнайы саяхат

Көшпелі іс-шараларға арналған алаңқай

8775675673

8 (7142) 39 34 73

Fessla мейрамхана-қонақ үй
кешені



Жеке меншік сыра қайнату орны,
жаңа құйылған сыранның 8 түрі, екі
мейрамхана залы, жайлы қонақ үй.

Таңғы ас сағат 7:00-ден бастап беріледі.

ЖК-БС 12.00-24.00
ЖМ-СН 12.00-02.00

Қостанай қ., Карбышев к. 55/5.

мейрамхана: 8 708 475-09-61, қонақ үй 28-12-23

Жаңа қызметті іске қосты

"Қазпошта" АҚ зейнетақы мен жәрдемақы алушыларға арналған жаңа қызметтің іске қосылуын хабарлайды.

"Сенім" қызметінің аясында, зейнетақы мен жәрдемақы алу үшін карточкалық шот ашқан әрбір жаңа клиент жыл бойы коммуналдық төлемдерді комиссиясыз төлей алады.

Қызмет қолданушысына шот тегін ашылып, карточка үйіне дейін тегін жеткізіледі. Сонымен қатар, шотты ашу үшін келісім шартты www.kazpost.kz сайтынан жүктеп, қызмет шарттарымен танысып, қол қойып, бөлімшеге дайын күйде алып келуге болады.

"Қазпошта" АҚ баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, клиенттің шотына ақша түскен кезде, клиент SMS-хабарлама қабылдап, өзінің қаражатын бақылауға мүмкіндік алады. Карточкадағы ақшаны "Қазпочта" АҚ пен "Казкоммерцбанк" АҚ банкоматтарынан және POS-терминалдардан алғанда комиссия есептелмейді. Сондай-ақ, "Қазпочта" АҚ зейнетақы мен жәрдемақыны міндетті санаттағы азаматтарға (ҰОС қатысушыларына және мүгедектеріне, 1 және 2 топтағы мүгедектерге, 80 жастан асқан зейнеткерлерге және дәрігердің қорытындысы бойынша ауруға шалдыққандарға) үйлеріне дейін тегін жеткізеді, ал басқа азаматтар әрбір жеткізілім үшін 200 теңге төлеп бұл қызметті қолдана алады.

«Здоровый позвоночник» медициналық орталығы

Мынандай омыртқа ауруларын емдейді:

жарық және омыртқааралық дискі протрузиясы
омыртқа остеохондрозы
омыртқаның қисаюы (сколиоз)
мойын сақинасы (бас аурулары)
дененің бұзылуы
омыртқа ауруларының алдын алу

Қостанай қ., Чкалов көш. 14, тел: 26-61-61

«КРОКУС» стоматология емханасы

- Тіс емдеу,
- Имплантация және синус лифтинг бойынша ота жасау,
- Заманауи протездер қоюдың барлық түрлері: металлокерамика, бюгельдік протездеу, БИО пластмассасынан жасалған протездер, винирлер

Біздің мекен-жайымыз: Қостанай қ, Досжанов көш, 19 үй,
тел. 8(7142) 50-10-10

Кутикова Римма Рашитовна

Жоғары категориялы УЗИ дәрігері

3D, 4D - көлемді визуализация

Кіші жамбас органдарын түсіру

Екікабаттық кезеңдегі УЗ-зерттеу;

1. 10-14 апта аралығындағы скринингтік зерттеу

2. 18-21 апта аралығындағы скринингтік зерттеу

3. 30-34 апта аралығындағы скринингтік зерттеу

Жатыр-плаценттік қан тамырларын доплерографиялау;

Аралық лимфалық түйіндер және

қалқанша бездерін УЗІ-ге түсіру;

Сүт бездерін УЗІ-ге түсіру;

Күрсақ қуысы органдарын УЗІ-ге түсіру;

Бауыр, от қабы, зәр шығару жолдарын, ұйқы безі, талақ;

Бүйрек, бүйрек үсті бездерін УЗІ-ге түсіру;

Қуық алды безін УЗІ-ге түсіру;

Қуық қалбыршағын УЗІ-ге түсіру;

Омыртқаны (мойын омыртқа, бел омыртқа маңайы) УЗІ-ге түсіру;

Мекен-жайымыз: Қостанай қ. Байұрсынов көш. 45

Тел (87142) 511-522, қызы байланыс: 87052068413

“Ардагер-2” стоматологиясы

Емдеу

Жұлу

Протездер

Қолжетімді бағамен

Кепілдік

Зейнеткерлерге 20 % жеңілдік

Жұмыс кестесі: дүйсенбі-жұма

Демалыс күндері - сенбі-жексенбі

Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі,

106 (Павлов көшесінің бұрышы)

Тел: 50-34-34

Новосибирск Федералды орталығы ф-лы

Аймақтық тестілеу орталығы

Қызмет түрі:

-Ағзаны толық тексеру;

-Сырқатты ерте бастан анықтау;

-Сырқаттың себептерін жою.

Тел 8 (87142)26-58-35

Қостанай қ. Быковский көш., 14. 2-қабат, №1 бөлме. 9:00-18:00

Бизнесті бастауға көмек

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

25-ші ақпанда "Бизнес – кеңесші" курстары бастау алады. Бұл шара "Бизнестің жол картасы" бағдарламасы аясында жүзеге асырылмақ. Кәсіпкерлік курстар наурыз айының соңына дейін бекітілген кестеге сәйкес, облысымыздың 8 ауданында ұйымдастырылады.

Жобаның мақсаты – бизнес-жоспарды тиянақты өзірлеу, бухгалтерлік есеп, қаржылық жоспарлау, бастапқы капитал қорын құру, мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану. Қалай және қандай мекемелерге барып тіркелу керек? Жоба аясында тыңдаушыларды кәсіпкерліктің қыр-сырына үйрету қарастырылған. Өр қатысушыға сертификаттар беріледі. Мемлекеттік гранттың жеңімпазы атануда осындай сертификаттар ескеріледі. "Бизнес кеңесші" курстарына қатысу жағынан ешқандай шектеу қойылмаған.

Айта кету керек, былтыр аталмыш шара аясында 2 мыңдай азамат кәсіпкерліктің негіздеріне оқып шыққан болатын. Нәтижесі де жоқ емес. Соның 82-сі жеке ісін бастап, несібесін молайтуға мүмкіндік алды. Тағы 55 адам қаржыландыру механизмдеріне қол жеткізді. Ал, алты адам мемлекеттік грантқа ие болды. Биыл бізде жаңа жоба "Іскерлік байланыс" деп аталады.

Оның ерекшелігі, ол шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Бұл жерде шетелдік өріптестер мен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға басымдық беріледі. Отандық іскер кісілер үшін мұндай қызмет тегін. Үш апталық курстардан кейін қатысушылар іріктеледі. Бизнес бастауға бел бұған азаматтар қандай шетелдік компанияның тәжірибесін негізге алатынын өздері шешеді.

Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті
редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың

орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65

Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42

Социологиялық зерттеу орталығы:

54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергізгі келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:

54-99-88, 39-26-88

Компьютер орталығы:

54-54-45

Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91

Аманкелдіде: 2-17-40

Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02

Рудныйда: 8-714-31-2-72-56

Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,

Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Оффсеттік басылм. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.

Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11701 Тапсырыс 422

Нөмірдің кезекші редакторлары: Қымбат ДОСЖАНОВА, Қарлығаш ОСПАНОВА.